

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

ЭКОНОМИКА және БІЛІМДЕГІ СЕРВИС СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ ЭКОНОМИКА И СЕРВИС В ОБРАЗОВАНИИ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ
БІЛІМДЕГІ СЕРВИС
СЕРИЯСЫ

АЛМАТЫ

2006 жылдан бастап шығады
Шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының
мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігі
Ақпарат және мұрағат
комитетінде
08.08. 2005 жылы тіркелген
№6204-Ж

Бас редактор
Нөкетаева Д.Ж.

Бас редакторды орынбасары
А.Қ.Рысқалиева-х.ғ.к., PhD доктор.

Редакциялық алқа
Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент;
Баданов А.И. – э.ғ.к., профессор;
Заманбеков Ш.З. – э.ғ.к., доцент;
Сүлейменов Ж. – э.ғ.д., профессор
Жүнісов Қ. Ғ. – э.ғ.к., доцент;
Дарменова Р.А. – п.ғ.к., доцент

Жауапты редактор
педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент
Б.Д.Жұмақаева
Редактор
аға оқытушы Умбеталиева А.Д.

© Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті

050000, Алматы қаласы,
Әйтеке би көшесі, 99.
Тел. 233-18-32, 233-18-55 (120)
Факс 233-18-35.

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ

ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

СЕРИЯ ЭКОНОМИКА И СЕРВИС В
ОБРАЗОВАНИИ

№ 3(39)

2012

МАЗМҰНЫ

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУ НЕГІЗДЕРІ

<i>Баданов А.И.</i> СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ПОБЕДЫ НА ПАРЛА- МЕНТСКИХ ВЫБОРАХ 2012 ГОДА НДП «НУР ОТАН».....	5
<i>Байсеитов Б.Б.</i> ӘСКЕРИ БИЛІКТІҢ ҚАЗАҚ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙ ТАРИ-ХЫНДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ.....	8
<i>Бегайдарова Р.Н.</i> ИННОВАЦИОННЫЕ ОБРАЗОВАНИЯ В ВУЗЕ КАК ФАКТОР РОСТА КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ.....	13
<i>Бейсенова Қ.Д., Дүйсенова Л.М.</i> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ НОТАРИУСТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ.....	16
<i>Жарықбаева Д.Р.</i> КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ АЛДЫН-АЛУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ ШЕШІЛУІ.....	20
<i>Жолдыбаева А.Е.</i> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКА- СЫНДА ЭКОНОМИКАНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ АРТТЫРУ ШАРАЛАРЫ.....	23
<i>Ибрагимова Ж.С.</i> ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКА- СЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯНЫҢ РӨЛІ.....	30
<i>Касенова А.С., Ыбышова С.Т.</i> КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ.....	34
<i>Қожабекова А.Д.</i> ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚОРҒАЛУ ДЕҢГЕЙІ.....	39
<i>Кесимова А.К.</i> СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ІС- ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПЕДАГОГИ- КАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҰТЫМДЫ ҚОЛДАНУ.....	42
<i>Мұқалдиева Ж.Б., Ыбышова С.Т.</i> ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ТІКЕЛЕЙ СУБЪЕКТИСІ БОЙЫНША ШАРТТЫ ТҮРГЕ БӨЛІНУІ.....	47

<i>Нурланова В.С.</i> КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ЖАСӨСПІРІМДЕР ҮШІН ҚОҒАМДЫҚ БАЛАЛАР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ.....	50
<i>Сақатова Н.Н.</i> КАЗАХСТАН И ЕВРОПА В ФОРМИРОВАНИИ УСТАНОВОК ТОЛЕРАНТНОГО СОЗНАНИЯ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЁЖИ.....	54
<i>Үмбеталиева А.Д., Игисина А.С.</i> МОДУЛЬДІК ОҚЫТУДЫ ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	57
ЭКОНОМИКА, ЕСЕП ЖӘНЕ ТУРИЗМ	
<i>Заманбеков Ш.З., Бакирова Б.А.</i> ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА – ТЕҢГЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ АЙҚЫН КӨРІНІСІ.....	60
<i>Әміреұлы Ы.Ә., Құлмағанбетова А.Б.</i> ЖҰМЫС УАҚЫТЫН ПАЙДАЛАНУ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ.....	63
<i>Әміреұлы Ы., Оспанбек Т.Қ.</i> ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСТАРЫН СТАТИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....	68
<i>Әміреұлы Ы., Киіков Е.М.</i> ҰЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН СТАТИСТИКАЛЫҚ ШІНАРА ЗЕРТТЕУ.....	72
<i>Әміреұлы Ы., Модынова Г.К.</i> ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫС ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ.....	76
<i>Альмуханова З.А.</i> БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР.....	78
<i>Акимбаева К.Т.</i> ИНВЕСТИЦИИ И МОДЕРНИЗАЦИЯ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА – ОСНОВА ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ РЕГИОНОВ... ..	80
<i>Бакирова Б.А., Каримова М.Д.</i> ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ.....	87
<i>Жақсыбекова Д.К.</i> ТУРИЗМ ПӘНІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ.....	91
<i>Жунусов К.Г.</i> ВОПРОСЫ МОДЕРНИЗАЦИИ АПК В УСЛОВИЯХ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ.....	93
<i>Заманбеков Ш.З.</i> ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДА МОДУЛЬДІК – РЕЙТИНГТІК ЖҮЙЕНІ ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ ҮДЕРІСІ САПАСЫН КӨТЕРУ.....	96
<i>Заманбеков Ш.З.</i> НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ МАШИНОСТРОЕНИЯ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ.....	99
<i>Карбетова Ш.Р.</i> МЕХАНИЗМЫ УПРАВЛЕНИЯ ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ В ЭКОНОМИЧЕСКИХ СИСТЕМАХ.....	103
<i>Калыбекова Д.Б., Асылханқызы А.</i> ИННОВАЦИОННО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ КАЗАХСТАНА-КАК ГЛАВНЫЙ ЭКОНОМИИ ПРИОРИТЕТ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ.....	106
<i>Қойшыбаева М.О.</i> ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ИНДУСТРИАЛДЫ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУДЫҢ БІРДЕН-БІР ЖОЛЫ.....	109
<i>Мурзабекова Б.М.</i> ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ОРНЫ.....	112
<i>Оспанбек Т.Қ., Құлмағанбетова А.Б.</i> ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИАЛЫҚ САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ.....	115
<i>Сатыбалдиева А.У.</i> ҚР ТУРИЗІМДІ ДАМУДАҒЫ КЛАСТЕРЛІК САЯСАТЫН ЖҮРГІЗУ ЖОЛДАРЫ.....	119
<i>Сихимбаева Б.Н.</i> ИННОВАЦИЯ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ НЕГІЗІ.....	122
<i>Шотанова Г.Б.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	126
КӘСІПТІК БІЛІМ	
<i>Алашабаева У. Н.</i> ҰЛТТЫҚ ЕРЛЕР ШАПАНЫНЫҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОНСТРУКЦИЯСЫН ЖАСАУ.....	130
МАГИСТРАТУРА	
<i>Абдешова А.А.</i> ЮВЕНАЛЬДЫ ӘДІЛЕТ ЖҮЙЕСІ – КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҒЫН АЛДЫН АЛУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ.....	134
<i>Алдабергенов Т.</i> ОСНОВНЫЕ СТРАТЕГИИ ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ.....	138

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУ НЕГІЗДЕРІ**СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ПОБЕДЫ НА ПАРЛАМЕНТСКИХ ВЫБОРАХ 2012 ГОДА НДП «НУР ОТАН»**

Баданов А.И.- к.э.н., профессор (г. Алматы, КазгосженПУ)

Итоги парламентского выбора 2012 года показали, что партия «Нур Отан», как и прежде, сохраняет свои лидирующие позиции. Как член партии «Нур Отан», могу сказать, что это народная партия, поддерживающая проводимую Президентом политику и готовая следовать стратегическому курсу.

Можно с уверенностью сказать, что выборы были выиграны *исторической личностью Первого Президента Нурсултана Назарбаева*. Успешный Казахстан, быстро развивающаяся экономика, растущий авторитет в мире – все это ассоциируется с именем нашего Президента. Народ единодушно поддерживает политику Президента, Стратегию развития нашего государства, разработанную под непосредственным руководством Президента и успешно внедряемую в жизнь нашими общими усилиями. Наш Президент мудро руководит огромной страной, где проживают миллионы людей различных национальностей и вероисповеданий. Как много сделано за годы независимости. Новые объекты и мощная экономика, высокий уровень образования, качество жизни – это лишь небольшая часть в списке наших достижений. Для молодежи неразделимы понятия «Казахстан» и «Первый Президент Нурсултан Назарбаев». Именно он возглавил страну в трудные первые годы суверенитета, вывел ее в число стабильно развивающихся государств.

Президент наш – очень ответственный политик и государственный деятель. Реформы, проекты, программы, которые реализуются в стране – результат его обдуманных, хорошо взвешенных решений. Эти мудрые шаги позволили нам не задохнуться в мировых финансовых проблемах, а, наоборот, достойно их преодолеть и идти вперед.

«Нур Отан» оказался в лидерах не только благодаря тому, что у партии есть стабильно голосующий электорат, но и тому, что партия сумела грамотно выстроить свою предвыборную платформу. *Предвыборная программа партии* отличалась сильной содержательной частью, соответствующей установкам стратегического плана развития Казахстана до 2020 года.

Данная программа, охватывая все сферы общественно-политической, экономической и социальной жизни, ставит главной целью обеспечение каждому казахстанцу достойную жизнь в процветающем государстве. Структура документа состоит из четко обозначенных стратегических приоритетов развития страны: Экономика: рост невзирая на кризис; Качество жизни: беспрецедентная динамика роста; Единство народа - основа наших достижений; Национальная безопасность и международный авторитет; Образование и наука - основа успешного будущего; Здоровье населения - мощь страны; Человек. Новая социальная политика; Село в будущем; Безоговорочное соблюдение гражданских прав; Казахстан: глобальная стратегия.

Одним из ключевых приоритетов предвыборной платформы партии «Нур Отан» были названы образование и наука, что не могло оставить равнодушными нас, работников сферы образования и науки.

В качестве отдельного направления предвыборной платформы партии «Нур Отан» были названы проблемы села. Развитие сельского предпринимательства предполагается осуществлять посредством выдачи микрокредитов сроком до пяти лет в сумме до трех миллионов тенге. Главная задача в этом направлении - приблизить качество жизни на селе к городскому.

Высшие учебные заведения страны, в том числе и наш Казахский государственный женский педагогический университет, активно участвует в реализации проекта «С дипломом – в село», которая позволяет привлечь в сельскую местность квалифицированных молодых специалистов. В перспективе данная программа поможет возродиться и перейти на новый уровень развития селам республики.

Еще одним важным приоритетом предвыборной программы партии является укрепление здоровья нации. В этой части ставятся задачи по снижению общей смертности как минимум на 15% и росту средней продолжительности жизни до 70 лет. «Нур Отан» провозглашает своей целью к 2017 году снижение материнской и младенческой смертности в 1,5 раза, последовательное повышение размеров государственных социальных пособий, обеспечение адресной социальной помощи.

Для того чтобы каждый казахстанец был удовлетворен качеством своей жизни, в предстоящие пять лет планируется строительство не менее 24,3 млн. квадратных метров жилья. Во внешней политике партия «Нур Отан» ставит задачу содействовать результативной деятельности Таможенного союза и Единого экономического пространства Беларуси, Казахстана и России.

Вместе с тем, партия обещает довести в ближайшие пять лет уровень внутреннего валового продукта на душу населения до 15 тысяч долларов США. Размер средней заработной платы работников бюджетной сферы должен достичь уровня среднереспубликанской заработной платы в экономике, что также стимулирует нас к новым свершениям.

В целом, предвыборную программу НДП «Нур Отан» можно охарактеризовать как максимально четкую и электорально привлекательную.

Большая работа была сделана в рамках агитационной компании НДП «НурОтан». Партия организовывала различные широкомасштабные акции, встречи, форумы, в которых участвовали звезды эстрады, известные политики, спортсмены, предприниматели, журналисты. Все они собрались для того, чтобы поддержать предвыборную программу «Нур Отана».

На предвыборных теледебатах «Нур Отан» также вышел победителем. Комментируя прошедшие предвыборные теледебаты российский политолог А.Власов отметил: «Партия власти продемонстрировала, что она не боится идти на прямой диалог... Н.Нигматулин был в своем стиле – выступил четко, конкретно. На вопросы отвечал содержательно, без «воды» сразу видно, что человек отработал агитационную кампанию... Особо я бы отметил, что первый зампред партии власти выступил сбалансировано, используя как русский, так и государственный язык... Глядя на ту форму, которую сегодня набрал Нигматулин, я уверен, что кто бы не выступал от оппозиции, им все равно сложно быть убедительнее «Нур Отана». Партия власти выиграла дебаты не просто потому, что Жармахан Туякбай был откровенно слаб, а благодаря своему главному «козырю» - фактору Нурсултана Назарбаева. Первый зампред «Нур Отана» сумел грамотно построить свое выступление, акцентировано работая на президентских стратегических установках. Поэтому можно говорить, что дебаты выиграл Назарбаев».

Необходимо отметить, что на результаты выборов оказали влияние и хорошие экономические показатели. Казахстану за 20 лет удалось выработать и реализовать результативную инвестиционную политику. В результате за годы независимости достигнуты рекордные значения, объем иностранных инвестиций в экономику страны превысил 131,9 млрд. долл. Более 71% приходится на последние 5 лет. Объем прямых иностранных инвестиций в Казахстан в 2010 г. составил 17,3 млрд.

Объем ВВП Казахстана за 20 лет вырос в 53,6 раза и вместе с итогами 2011 г. составит 994,5 млрд. долл. Изменилась динамика ВВП на душу населения. За период 1996–2010 гг. этот показатель в Казахстане вырос в 3,7 раза. И в настоящее время

Казахстан входит (по данным ООН за 2008 г.) в группу стран с уровнем доходов выше среднего.

Эти результаты были достигнуты вследствие высоких темпов развития страны, благоприятной мировой конъюнктуры, динамичного развития малого и среднего бизнеса, подъема сферы услуг, ряда несырьевых отраслей.

Казахстан добился одних из самых высоких темпов развития национальной экономики. Средние темпы развития экономики за последнее 10-летие составили 6,7%, а максимальное значение – 10,7% – достигнуто в 2006 г. Эти достижения выводят страну в разряд динамичных экономик мира.

Жилищный фонд Казахстана в 1995 г. составлял 254,4 млн. кв. м. За годы независимости он увеличился более чем на 26%. Построено за 20 лет 698,3 тыс. квартир общей площадью в 69,0 млн. кв. м. Из них 260,7 тыс. квартир построено индивидуальными застройщиками, что составляет 37% от общего числа. Более 2 млн. человек, или каждый 8-й житель страны, улучшили жилищные условия.

За период 1995–2010 гг. потребительские расходы среднего казахстанца выросли в 17 раз, или на 276 тыс. тенге в год. Объемы всех расходов не только выросли, но и качественно изменились. В то же время доля трат на питание сократилась с 59% до 41,2, удельный вес расходов на непродовольственные товары практически не изменился, доля платных услуг выросла с 14% до 24,5. Таким образом, сформировавшаяся и развивающаяся потребительская экономика страны стала важным фактором развития и стимулом для производства, катализатором зарождения новых отраслей и производств.

Фактором успеха партии «Нур Отан» на парламентских выборах стал и качественный состав предвыборного списка, в котором ставка была сделана на людей с большим жизненным опытом, уважаемых и уважаемых в обществе: олимпийских чемпионов, артистов, акимов, министров и др.

Нынешние выборы демонстрируют повысившийся уровень политической культуры населения. Победа партии «Нур Отан» - закономерный результат. Казахстанцы проголосовали за социально-экономическую стратегию партии, которая реально может обеспечить процветание и благополучие каждого казахстанца. Этот результат ярко подтвердил правильность стратегического пути развития страны.

В целом в результате многопартийного выбора граждане страны ожидают оживления и качественного улучшения законотворческого процесса.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются социально-экономические предпосылки победы на парламентских выборах НДП «НурОтан» и дается анализ ее предвыборной программе.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада «НұрОтан» ХДП 2012 жылғы парламенттік сайлаудағы жеңісінің әлеуметтік-экономикалық алғышарттары қарастырылып, оның сайлау алдындағы бағдарламасына талдау жасалынған.

ӘСКЕРИ БИЛІКТІҢ ҚАЗАҚ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙ ТАРИХЫНДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ

Байсеитов Б.Б. - аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әскери биліктің табиғаты мен ерекшеліктерін тану үшін қазақ әдет құқығы жүйесіндегі, оның орнымен сипатын, биліктаным арнасында алатын орнын айқындаумен ғана шектелмей, саяси және құқықтық ой тарихындағы алатын орнына да мән беруіміз қажет.

Қазақ қоғамындағы әскери билік ханмен тікелей байланысты болғандықтан, ханның монархиялық биліктің тұтқасы ретіндегі сипатына мән бере отыра, жалпы саяси-құқықтық ойдың кейбір өзекті мәселелерін арқау ету қажет. Сол арқылы ғана әскери биліктің саяси-құқықтық ой тарихындағы ерекше қырлары ашылады деп есептеуге болады.

Қазақстанның саяси-құқықтық ой тарихында да монархия идеясы жат болып табылмайды. Қазақ даласында ежелгі дәуірлерден бері өмір сүріп келген мемлекеттердің басқару жүйесіне қарайтын болсақ, көбінесе бір тұлғаның билік жүргізгендігін көреміз. Мемлекетті басқарушы тұлға қазақ даласындағы дамыған мемлекеттердің саяси құрылымына сәйкес әр түрлі атауларға ие болған. Мәселен: Күнби, қаған, хан т.б.

Қазақстанның саяси-құқықтық ой тарихындағы монархиялық идеяның орын алуына тоқталмастан бұрын, жалпы Қазақстанның саяси-құқықтық ой тарихын, кейбір теориялық мәселелеріне көңіл қоюымыз қажет. Өйткені, Қазақстанның саяси-құқықтық ой тарихы осы уақытқа дейін жүйелі түрде ежелгі дәуірлерден бүгінгі күнге дейінгі өткен жолы толық талданып, зерттеле қойған жоқ. Қазақстанның саяси-құқықтық ой тарихына зер салып қарайтын болсақ, сан ғасырлық даму тәжірибесінің жетістігі болып табылады. Ол бірнеше кезеңдерден өткен болатын. Қазақстанның саяси-құқықтық ой тарихының білгірлерінің бірі, С. Өзбекұлы мынандай кезеңдерді бөліп көрсетеді:

«1-кезең. Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі аралықта Қазақстан территориясында қалыптасқан әскери демократия санатындағы мемлекеттік құрылымның мемлекеттік-құқықтық идеялары;

2-кезең. Қазақ хандығы кезінде дамыған мемлекеттік-құқықтық идеялар;

3-кезең. Ресей империясының отарына айналған Қазақстанда қалыптасқан мемлекеттік-құқықтық идеялар;

4-кезең. Кеңес империясы және коммунистік-тоталитарлық режим қалыптастырған мемлекеттік-құқықтық идеялар;

5-кезең. Қазақстан тәуелсіз мемлекетінің мемлекеттік-құқықтық идеялары» [1; 10 б.].

Көшпелі қоғамда мемлекеттік билікке деген және оны басқарушы тұлғаға деген көзқарас өзіндік сипатымен ерекшеленеді. Бұл туралы А.И. Оразбаеваның мына пікірі өте орынды деп санаймыз: «Общеизвестно, что начиная с древности представления о власти у кочевников евразийских степей ассоциировались прежде всего с традиционностью и сакральностью, справедливостью и законностью» [2; с. 242]. Міне, көріп отырғанымыздай, көшпелі қоғамда жалпы шығыс елдерінде басқарушы тұлғаның болмысы әрқашанда да, өзінің сакральді сипатымен ерешекленді.

Көшпелі даладағы ірі империялардың бірі, ғұн империясы болып табылған. Ғұн империясын басқарушы тұлға Қытай деректерінде Шанью деп кейінгі зерттеушілер оны Тәңірқұт деп атап жүр. Осы ғұн мемлекетінің басқарушысы Шаньюдің негізгі құқықтық мәртебесі монархиялық басқарумен астасып жатты деп айта аламыз. Оны Шаньюдің атқарған негізгі төмендегі қызметтерін көруге болады: «Шаньюй являлся верховным правителем Хуннской империи, представлял империю в политических и экономических отношениях с другими странами и народами. В его компетенцию

входило объявление войны и мира, заключение политических договоров, право получения подарков и дани и их редистрибуция, заключение династических браков и т.д.

Шаньюй был верховным главнокомандующим империи. Он определял военную стратегию, назначал командующих крупными воинскими подразделениями, поручал им ведение военных кампаний, а также нередко лично руководил наиболее крупными военными операциями.

Шаньюй являлся верховной судебной инстанцией, принимавшей окончательное решение по самым спорным или наиболее важным (например, государственная измена, наказания членов царствующей династии и пр.) вопросам.

Шаньюй выполнял высшие жреческие функции. Он проводил религиозные обряды, обеспечивал подданным покровительство со стороны сверхъестественных сил» [3; с. 139-140]. Қазақ даласында осы уақыттарда өмір сүрген үйсін мемлекетінде де, қаңлы мемлекетінде де, басқарудың монархиялық сипаттағы болмысы басым болды. Сондықтан да, осы дәуірлердегі саяси-құқықтық ойда негізінен мемлекетті басқарушы тұлғаның қоғамнан тәуелсіздігі өзінің ортасынан оқ бойы озықтыратындығы, оның мәртебесі марапатталды.

Бір тұлғаның мемлекет басқарудағы қасиеттеріне қазақ даласында өмір сүрген ортағасырлық ойшылдар көп көңіл бөлген болатын. Монархиялық басқару жүйесінде де монархтың тұлғасына, оның қасиетіне үлкен мән беріледі. Осы жерде Отырарлық ойшыл Әл-Фарабидің ойлары жеке билеушінің қасиеттерін дөп беретіндей. Ондай қасиеттерге мынандай сипаттама береді:

«Бірінші шарт – дана болу;

Екінші – қалаға арнап бірінші имамдар белгілеген заңдарды, ережелер мен әдет-ғұрыптарды жадында сақтап, жетік білу, өзінің барлық іс-әрекетін осыларға сәйкес жүргізу;

Үшінші – бұрынғылардан тиісті заң сақталмаған жағдайда, бірінші имамдардың үлгісімен әрекет жасай отырып, бұл жөнінде тапқырлық көрсету;

Төртінші – бірінші имамдар аңдай алмаған нәрселерді бұрыннан қалыптасып қалған жағдайды да, болашақ оқиғаларды да қалаған кезінде танып-біліп отырарлықтай тапқыр да білгір болу; өзінің іс-әрекетінде ол халықтың әл-ауқатын жақсартуды мақсат етуге тиіс;

Бесінші – бірінші имамдардың заңдарын және солардан кейін үлгісі бойынша өзі белгілеген заңдарды орындауға жұртты өз сөзімен жігерлендіре білу;

Алтыншы – әскери істерді жүргізу үшін қажетті дәрежеде қайратты болуы, оның бергі жағында әскери өнерді қызмет бабындағы өнер ретінде билеуші өнер ретінде біліп алу» [4; 29-30 бб.].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, жеке тұлғаның сакральді сипаты түркі дәуірінде мемлекеттік идеологияның көрінісіне айналды. Орхон Енисей жазбаларындағы мына ой біздің пікірімізді нақтылай түседі:

«Жоғарыда көк Тәңірі, төменде қара жер
жаралғанда екеуінің арасында адам баласы,
жаралған, адам баласын басқаруға ата-бабам
Бумын қаған, Істеміс қаған отырған. Отырып,
түркі халқының елін, заңын ұстай берген, иелік еткен.

Төрт бұрыштың бәрі жау еді. Әскер жүргізіп, төрт
Бұрыштағы халықты көп алған, бәрін бейіт
қылған. Бастылыны жүгіндірген. Тізеліні бүктірген.
Ілгері Қадырқан қойнауына дейін, кері Темір
қақпаға дейін қондырған.

Екі арадағы қарусыз көк түркілерді осылай қоныстандырған екен. Білгіш қаған еді, алып қаған еді. Бектері және халқы түзу еді. Сол үшін елін сонша билеген екен. Елді ұстап, заңды жасаған» [5; 3 б.].

Шын мәнінде, жеке тұлғаның сакральді сипаты түркі қағанытының дәуірлеп, дамуы үшін ерекше ықпал еткен басты идеологияның бірі болып табылды. Бұл мемлекеттің күшеюіне сырт елдермен қарым-қатынас жасауда өзінің үстемдігін мойындатуға негіз болған талаптардың бірі. Басқарушы тұлғаның қасиеті де, дарыны да осы өлшем төңірегінде бағаланған болатын.

Көріп отырғанымыздай қазақ даласындағы ортағасырлық саяси-құқықтық ой әрқашанда мемлекеттің гүлденуін басқарушы тұлғаның жеке қасиеттерімен, соның ішінде әскери саланы жақсы меңгеруімен, әскери биліктің тұтқасын мығым ұстауымен байланыстырды. Осыған байланысты Ж. Баласағұнның да әскери билікті меңгерудің көрінісі ретінде бекті былай бөліп көрсетеді:

«Бұл бектікке асыл текті ер керек,
Күшті батыл, епті, қайсар, ержүрек,» [6; 244 б.].

Қазақ даласының ойшылдарының бірі М.Х. Дулати да өз кезегінде жеке басқарушының қасиеттеріне ерекше мән бере отырып, былай бейнелейді: «Билікке сай болу ізденушінің тегі немесе байлығына емес. Басты өлшем – батырлық, сондықтан, «кімде-кім ерлігімен асып түсер болса, сол басшы» болады деп ұйғарылды. Мұрагерлік сайланатын монархия тәртібінің әлсіздігін, моғол қоғамының оны билік түзудің тұрақты нысаны ретінде әлеуметтік практикаға енгізудің ауылы алыс екенін М.Х. Дулати ашық айтады. Оның бой көтеріп, бекітілуі алдағы тарих кезеңдерінің талабына байланысты. Өз заманының пайдалы жетістігі ретінде қарау үшін, осындай жаңа тәртіп нұсқаларының ерте орта ғасырдағы «патшалардың патшасы», абсолюттік монархия идеясына қарсы пайда болғанын айтып кетуіміз керек» [7; 17 б.].

Қазақ хандығы шаңырақ көтерген тұстан бастап, саяси-құқықтық ой өкілдері мемлекеттегі хан билігінің әділеттілігі, хан тұлғасының ерекшеліктеріне, ханның басқару әдіс-тәсілдеріне маңызды орын бере бастады. Қазақ даласындағы белгілі билер, шешендер ханның кеңесшісі болып табылатын жыраулар, әрқашанда хан билігінің тазалығын басты назарда ұстап отырды. Қазақ жыраулары өзінің толғауларында хан билігінің әділетсіздігін баса айтып та отырған кездері болған. Сондықтан да, қазақтың саяси-құқықтық ой тарихы көшпелі қоғамдағы жеке басқарушының іс-әрекетін бағалап қана қойған жоқ. Жеке басқару жүйесінің гүлденіп, дамуына және жетіле түсуіне ықпал етті. Көп жағдайда қазақтың саяси-құқықтық ой тарихында жеке басқарушы тұлғаның бейнесі әділетті хан образымен салыстырылып отырған болатын.

Қазақ хандығында мемлекеттік басқарудың қандай нысаны өмір сүргендігі ғылымда басы ашық мәселенің қатарына жатпайды. Мемлекеттік басқару нысанына байланысты көзқарастар да әр түрлі болып келеді. Мысалы, Ж.О. Артықбаев былай дейді: «Сырттай қарағанда қазақ қоғамында монархиялық биліктің нұсқасы бар сияқты көрінеді. Себебі, қоғамның ішінде, ақ сүйек атанған және қара халыққа қарағанда ілкі артықшылықтарға ие әлеуметтік топ бар. Қазақ айтады, «хан баласы көпір болса, аяғыңмен басып өтпе» деп. Ерте заманда алдынан төре шықса қара халық «алдиярлап» алыстан сәлем етеді, төренің алты жасар баласына алпыстағы қариясы тұрып төрден орын береді, құн төлесе қара халықтан жеті есе асырып жібереді. Бірақ осының бәрі мемлекет тарапынан қараңғыланып, белгілі бір қызмет орындарының талап етуімен жасалмайды. Халықтың әдет-ғұрпы, дәстүрі, өз қалауы бойынша ерте замандардан дағды есебінде жүреді [8; 13 б.]. Ал, қазақ хандығындағы басқару жүйесінің ерекшелігін қазақстандық ғалымдар Е.Қ. Нүрпейісов пен А.К. Котов былай сипаттайды: «ХҮІ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ хандығы монархия мен аристократиялық республиканың элементтерінен тұратын далалық мемлекеттіліктің дәстүрлерін бойына жинақтаған иерархиялық әлеуметтік-саяси құрылым болды. Жыл сайын ханмен бірге

жалпы мемлекеттік мәселелерді шешу үшін ру ақсақалдары мен билері, старшындар қатысатын құрылтай шақырылып отырды. Беделді ру басылары хан жанынан билер алқасын құрды. Бұл заңды талқылайтын ұйым болды. Ру билері соттық және әкімшілік биліктің міндеттерін қатар атқарды, Шыңғыс ханның ұрпағы – ақ сүйектерден бөлек, зиялы қауым – қара сүйекті құрады» [9; 16 б.]. Әрине, қазақ хандығындағы басқару жүйесін зерттеу болашақта жүзеге асады деп есептейміз. Біз бұл жерде тек қана өзіміздің тақырып деңгейімізден қарағанда, қазақ хандығында монархиялық билік жүйесінің классикалық үлгісі толығымен болмаса да, оның кейбір элементтерінің сақталғандығын толық сеніммен айта аламыз.

Тарихшы ғалым И.В. Ерофееваның мына ойы бұл ерекшелікті деп басатындай: «В основе механизма передачи и наследования ханского титула лежал принцип меритократии. Согласно ему в ханы обычно избирались наиболее авторитетные и влиятельные среди казахов чингизиды, особо проявившие себя в военной, судебной и дипломатической сферах и имевшие поддержку многочисленных и сильных родов» [10; с. 55]. Осы жерде тағы айтатын бір мәселе, қазақ қоғамында екіншісі хан бола бермеген. Хан болудың басты шарты, хан төре тұқымынан болу керек болған. Осы жағдайға байланысты белгілі ғалым С.З. Зимановтың мына ойымен толығымен келісуге болады: «Следует сказать, что казахские ханы избирались только из султанов. Даже в период глубокого престижа и экономической силы султанства крупная родовая знать, осуществляя иногда фактическую власть, не осмеливалась провозглашать ханами своих представителей. Батыры Джанибек и Бугенбай в середине XVIII в. пользовались громадным влиянием среди родов Среднего жуза. Однако они так и не дошли до провозглашения себя ханами даже в тех местах, где имели полную, независимую власть» [11; с. 91-92]. Дәстүрлі қазақ қоғамында хан билігінің тағы бір пәрменді қыры, оның норма түзушілік қызметінде жатыр: «Қазақ мемлекетінің ең жоғарғы билік органы – хандық билік әдет-ғұрып құқығы нормаларын өзінің ішкі және сыртқы саясатына сай тандап пайдалануға тырысты» [12; 79 б.]. Біздің ойымызша, бұл жағдайда хан билігінің даралығын көрсетумен қатар, тәуелсіздігін де сипаттайды. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы хан билігі шексіз билік болып табылмады. Оны жалпы көшпелі қоғамдағы демократиялық институттар шектеп отырған болатын. Ол халық билігінің көрінісі болып табылатын жалпы халықтық құрылтай мен билер кеңесі болып табылды. Халық жиналысының ерекшелігі мынада: «Бұл құзырлы қызмет бағыты біріншіден, хан сайлау құқығы, екіншіден, ұлы іс, үлкен рулар арасындағы жайылымдық жерлерге және жер дауына байланысты мәселелер шешу, үшіншіден, соғыс, саяси-мәмілегерлік, ымыра, ел қорғауға байланысты халықты көтеру сияқты күрделі мәселелердің халық жиыны, құрылтайларда шешілуінен көрініс табады» [13; 125 б.]. Айтылған жағдайлардың барлығы қазіргі тілмен айтатын болсақ, дәстүрлі қазақ қоғамында сайланбалы монархияның элементтерінің болғандығын және сайланбалы монархия көшпелі демократияның элементтерімен астасып жататындығын көрсетеді. Дәстүрлі қазақ қоғамының мемлекеттік басқару жүйесінің бітім-болмысы да осында.

Қазақ даласындағы саяси-құқықтық ойда жоғарыда айтып өткеніміздей жеке басқарушы тұлғаның сипатына, оның қадір-қасиетіне көп жағдайда басты орын беріліп отырды. Қазақтың ойшылы Абай да осы мәселеге өзінің өлеңдерінде де ерекше көңіл бөлді. Осыған байланысты еліміздің белгілі ғалымы С. Өзбекұлының мына пікірі өте орынды деп санаймыз: «Сонымен қатар, Абайдың ойынша, күшті атқарушы билікті іс жүзіне асыру үшін мемлекетке ірі, халыққа танымал, соңынан көпшілік жұрт еретін, білімпаз қайраткерлердің болуы ауадай қажет. Ірі тұлға емес, кездейсоқ тағайындалған немесе сайланған беделсіз адам еш уақытта (Абайдың түсінігі бойынша) атқарушы билікті жүргізе алмайды, ондай жағдайда мемлекетте бассыздық, заңсыздық орнауы, демократияны тұншықтыру процесі кең етек алуы, күштілердің әлсіздерге тізе батыруы күнделікті оқиғаға айналатыны хақ. Абай осы факторларды ескере келе, өлең мазмұнымен (сәулең болса кеуденде) былай тұжырымдайды:

Единица – жақсысы,
Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз-ақ
Өз басындық болар сол.
Единица кеткенде,

Не болады өңкей нөл» [14; 15-16 бб.]. Абай өмір сүрген дәуірде қазақ даласында дәстүрлі басқару жүйесінің бұзылып, мемлекеттіліктен айрылудың ауыр азабын тарта бастаған кезең еді. Соның өзінде Абай мемлекетті басқарушы тұлғаның қасиетін бірінші орынға қоя тұра, қазақ даласын ежелгі көшпелі мемлекеттің дәстүріне сәйкес басқаруды жақтаған болатын.

Қазақ жеріндегі хан билігінің абсолютті сипатқа ие болып, тирандық басқару жүйесіне айналып кетпеуіне, қазақ қоғамындағы ерекше топ, билер мен батырлар және жыраулар үлкен ықпал етті.

Қазақ даласындағы хан билігі жеке басқарушылықпен қатар, халық билігінің өкілдерін қатыстыратын нысандарда жүзеге асып жатты.

Қорыта келгенде айтарымыз, қазақ даласындағы саяси-құқықтық ой монархиялық басқару жүйесінің көп қырларын бағалап, оның ішінде жеке басқарушы тұлғаның қасиеттерін дәріптеуге негізделді. Мемлекетті басқарудың және оны дамытудың негізгі факторы ретінде жеке тұлғаның қасиеттері алға қойылды. Мемлекеттің гүлденуін жеке тұлғаның бойындағы қасиеттермен байланыстырды. Көпқырлы да ауыртпалығы мол монархиялық билік иегерінің ерекше қасиеттерінің бірі – әскери өнердің, істің қырсырын өте жақсы меңгеруге бейімі арқылы әскери билікпен өзінің харизмалық-сакральдық болмысын барынша жетілдірген. Әсіресе, Еуразия аймағындағы көшпенділердің мемлекеттік-құқықтық дәстүрлі басқару ісіне негізделген мемлекеттерде әскери саланы толық меңгермей, бағындырмай монархиялық билікті тізгінінде ұстап тұру мүмкін болмаған. Ондай биліктің ғұмыры да қысқа болған. Сондықтан да қазақтың саяси және құқықтық ой тарихында монархтың – ханның (қағанның) әскери билігі ерекше бағаланып, ойшылдардың, қоғам және мемлекет қайраткерлерінің, жыраулар мен ақындардың ой пікірлеріне арқау болған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өзбекұлы С. Қазақстанның саяси-құқықтық ой пікір тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Білім, 2004. – 128 б.
2. Оразбаева А.И. Цивилизация кочевников евразийских степей. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 310 с.
3. Крадин Н.Н. Империя Хунну. Изд. 2-е, пераб. и доп. – М.: Логос, 2002. – 312 с.
4. Әл-Фарабидің саяси және құқықтық көзқарастары // Қазақстанның саяси және құқықтық ой тарихы. Хрестоматия: 1-Кітап / Құраст. Кенжалиев З.Ж., Қуандықов Б.Ж. – Алматы: Өркениет, 2004. – 24-49 бб.
5. Орхон жазбалары. Күлтегін. Тоныкөк. – Алматы: Атлас, 2001. – 86 б.
6. Баласағұн Ж. Құтты билік / Көне түрік тілінен аударған А. Егеубай. – Алаты: Өлке, 2006. – 640 б.
7. Сактаганова И.С. М.Х. Дулатидің мемлекеттік-құқықтық көзқарастары: Заң ғыл. канд. дисс. автореф.: 12.00.01. – Алматы, 2006. – 29 б.
8. Артықбаев Ж.О. Мемлекет және билік. (Көне дәуір). 1 кітап. – Алматы: Заң әдебиеті, 2004. – 90 б.
9. Нұрпейісов Е.Қ., Котов А.К. Қазақстан мемлекеті: хандық биліктен президенттік республикаға дейін. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 96 б.
10. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик. Изд. 3-е, исправленное и дополненное. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 456 с. + 28 с. вклейка.
11. Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII в. первой половины XIX веков. – Алма-Ата. - 1960. – 320 с.

12. Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. – Алматы: Жеті Жарғы, 1997. - 192 б.
13. Сартаев С.С., Исабеков А.Қ. Қазақстан Республикасындағы өкілді биліктің қалыптасуы // Қазақстан Республикасындағы Парламентаризмнің теориялық және конституциялық – құқықтық мәселелері: Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Алматы, 2006. – 17 қараша. – 124-137 бб.
14. Өзбекұлы С. Абай және адам құқы. – Алматы: Жеті жарғы, 1995. – 112 б.

РЕЗЮМЕ

Автор рассматривает роль военной власти в истории казахской политической и правовой мысли. В статье особое внимание уделяется тесной взаимосвязи военной власти традиционного казахского общества с монархической властью хана.

ТҮЙІНДЕМЕ

Автор әскери биліктің қазақтың саяси және құқықтық ой тарихындағы алатын орнын қарастырады. Мақалада қазақтың дәстүрлі қоғамдағы әскери биліктің ханның монархиялық билігімен тығыз байланыстына ерекше көңіл бөлінген.

ИННОВАЦИОННЫЕ ОБРАЗОВАНИЯ В ВУЗЕ КАК ФАКТОР РОСТА КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ

Бегайдарова Р.Н. - ст.преподаватель (г. Алматы, КазгосженПУ)

Современный казахстанский вуз - это результат глубоких преобразований, произошедших в отечественной системе высшего образования за последние несколько лет. Высшее образование - это не просто часть социальной жизни общества, а одна из важнейших её составляющих, призванная подтвердить факт своего поступательного развития большим количеством экспериментов и нововведений.

Изменение роли высшего образования в формировании развитого конкурентоспособного на мировом рынке общества обусловило большую часть происходящих инновационных процессов. Из советской системы, рассматриваемой как социальный институт, призванный обеспечить потребность страны, в специалистах, высшее образование переросло в институт рыночной экономики, обеспечивающий динамичный рост научного потенциала страны и её социальное благополучие. Высшее образование всё более ориентируется на формирование таких технологий влияния на личность индивида, в которых будет обеспечиваться баланс между социальными и индивидуальными потребностями. Многие вузы в настоящее время вводят в свою деятельность новые «элементы», но сталкиваются с противоречиями, связанными с необходимостью быстрого своевременного развития и неумением преподавателей это делать. Чтобы система высшего образования развивалась в соответствии с инновационными процессами, происходящими в стране и обществе, необходимо свободно ориентироваться в таких понятиях, как «инновация», «инновационный процесс», «новшество».

Достаточно долгое время в научной литературе проблема инноваций освещалась лишь в аспекте экономических исследований. Однако со временем возникла потребность в определении инновационных процессов во всех сферах общественной жизни, в том числе и в образовании. Анализ инновационных процесс в высшем образовании включает в себя не только исследование современных достижений в области науки и техники, но и в сферах управления образовательной системой.

Инновации характерны для любого вида профессиональной деятельности человека и именно поэтому становятся предметом исследования, анализа и внедрения. Они являются результатом научных исследований, разработок и изысканий. Процесс разработки инноваций не является стихийным и требует эффективной системы управления.

Если говорить о сущности понятия «инновации», то его можно рассматривать с двух сторон общественной деятельности человека. А именно как следствие технологических и социальных процессов.

Технологические инновации - это получение нового или эффективного производства имеющегося продукта, изделия, техники, новые или усовершенствованные технологические процессы. Социальные инновации - процесс обновления сфер жизни человека в реорганизации социума (педагогика, система управления, благотворительность, обслуживание, организация процесса).

Таким образом, применительно к системе высшего образования инновации можно рассматривать как инструмент, способствующий обновлению и реорганизации человеческого общества.

Инновационный процесс - совокупность состояний инновации, сменяющих друг друга в процессе преобразования начального состояния в конечное. Инновационный процесс может осуществляться на разных уровнях: государственном, региональном, муниципальном, фирменном, подразделенческом.

Применительно к сфере высшего образования инновационный процесс можно рассматривать как комплексную деятельность, связанную с созданием, освоением, использованием и реализацией новых форм обучения, эффективных механизмов управления, новых образовательных продуктов и услуг и т.п.

В высшем образовании возникновение инноваций может произойти двумя способами: либо они возникают как специально спроектированные новшества, либо могут быть случайно открыты в порядке проявления преподавательской активности. В качестве образовательных инноваций можно рассматривать следующие: научно-практическое знание новизны, новые образовательные технологии обучения, проект эффективного инновационного образовательного комплекса. Инновациями в образовании считаются новшества, специально спроектированные, разработанные или случайно открытые в порядке педагогической инициативы.

Развитие системы высшего образования не может осуществляться без постоянного освоения нововведений, связанных с реализацией инновационного процесса. Для осуществления эффективного управления процессом необходимо понять его. В казахстанских образовательных системах инновационные процессы реализуются в следующих направлениях: разработка новых образовательных программ, внедрение интерактивных форм обучения, создание многоуровневых образовательных комплексов.

Предпосылки развития системы высшего образования создают три типа ориентиров в развитии инновационного процесса. Первый уровень включает в себя стратегические направления развития инноваций, которые характерны не только для отечественной системы образования, но и для мирового образовательного пространства. В качестве таких направлений можно определить следующие:

- ✓ повышение доступности образования;
- ✓ подготовка специалистов, востребованных на глобальном рынке труда;
- ✓ переход к многоуровневой системе высшего образования;
- ✓ создание возможности обучения в течение всей жизни.

Ко второму уровню ориентиров инновационного процесса, проявляющихся в деятельности непосредственного самого высшего учебного заведения, можно отнести следующие направления инновационного развития:

- ❖ создание эффективных систем менеджмента качества, в соответствии с требованиями стандартов;
- ❖ использование информационных технологий;
- ❖ модернизация технической и учебной базы, которая позволит реализовать учебный процесс на основе достижений научной и производственной сфер;
- ❖ реализация гибкого процесса, позволяющего подготовить кадры, востребованные на рынке труда.

И, наконец, к третьему типу ориентиров можно отнести инновационную деятельность самих преподавателей. Сюда можно отнести следующие типы инноваций:

- использование новых информационных и коммуникационных технологий обучения;
- адекватное отношение к нововведениям;
- проектирование авторского инновационного опыта.

Представленная иерархия направлений в инновационном процессе высшего образования характеризует его как многосложное явление. В качестве общих направлений для перечисленных критериев, можно определить то, что они все запускают новые и работают на уже существующие механизмы развития сферы высшего образования.

Одним из примеров инновационного обновления образовательной системы Казахстана является реализация принципов Болонского процесса.

Болонский процесс зарождался в недрах европейской системы образования в течение длительного времени: применялась и была достаточно распространена по всей Европе система двухуровневого образования, использовались академические зачётные единицы, всё большие масштабы принимала мобильность студентов и преподавателей. 19 июня 1999г. в г. Болонье представители 29 стран подписали Болонскую декларацию, которая и стала началом Болонского процесса.

В декларации формулируется цель повышения международной конкурентоспособности европейской системы высшего образования, обеспечения её всемирной привлекательности.

Болонская декларация предусматривала реализацию следующих целей:

- выдача единого европейского приложения к диплому об академической успеваемости выпускника, которое облегчит ему трудоустройство в любой стране;
- переход на двухступенчатую систему высшего образования (бакалавриат и магистратура) с признанием степеней;
- введение единой системы академических кредитов, схожих с системой ECTS (европейская система взаимозачёта кредитов);
- содействие мобильности всех участников учебного процесса (не только студентов, но и преподавателей);
- содействие европейскому сотрудничеству по обеспечению качества образования.

В Берлине в явном виде добавились ещё, по крайней мере, три цели: социальная сплочённость и ответственность вузов за её повышение, открытость Европы миру в целом. Растущее внимание уделяется проблеме обучения в течение всей жизни.

Казахстан подписал Болонскую декларацию на Болонском форуме проходившей в г.Будапеште 11 марта 2010г. Это решение закрепило за Казахстаном статус полноправного члена европейского образовательного сообщества. Казахстан, взяв на себя обязательства по вхождению в единое образовательное пространство Европы, обязалась провести образовательную реформу и до 2020г. реализовать основные принципы Болонского процесса.

Какие же плюсы и минусы получит Казахстан после реализации основных принципов Болонского процесса? Чтобы ответить на данный вопрос, необходимо

рассмотреть реализацию всех принципов Болонского процесса с учётом казахстанских реалий.

Не стоит забывать, что любой процесс имеет как положительные, так и отрицательные последствия. Это неизбежно, как неизбежно и то, что существующая система образования безнадежно устареет. Ведь уже сейчас в крупных столичных вузах для преподавания даже основных (профильных) предметов используются устаревшие пособия и устаревшие методики. Очевидно, что инновационные изменения необходимы, вопрос только в том, как они впишутся в казахстанскую действительность. Но на него можно будет ответить, лишь испытав реформы в действии.

ЛИТЕРАТУРА

1. О.М. Карпенко, М.Д. Бершадская, Ю.А. Вознесенская и др. // Журнал// Инновации в образовании. - 2007. № 2. - С. 43-81; Там же. - № 3. - С. 25-51.
2. Миронов В. Болонский процесс и национальная система образования // Alma Mater. - 2006. -№ 6. - С. 3-8.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жоғары білім жүйесіндегі білім берудің сапасын жоғарылатудың факторы ретінде оқытудың инновациялық әдістері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются инновационные методы обучения как фактор повышения качества обучения в системе высшего образования.

ӘОЖ 347.961

Б-38

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ НОТАРИУСТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Бейсенова Қ.Д.- оқытушы, Дүйсенова Л.М.- оқытушы, з.ғ.магистрі
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Нотариус (лат. *notarius* – хатшы, жазбашы) – нотариалдық іс - әрекеттер жасайтын, солардың ішінде түрлі заңды әрекеттер мен құжаттарды куәландыратын тұлға. Ең алғашқы нотариат Италияда VIII ғасырда пайда болды, ал XIX ғасырдың аяғында нотариаттың құрушысы Франция болды. Ертеде нотариус соттың хатшысы ретінде қаралды: келісім шарт жасап, оны сотқа қол қоюға жіберіп отырған. Кейін нотариус сотпен теңеліп, қолына мөр ұстап, келісім шартты куәландыра алатын мемлекет билігінің өкіліне айналды. Ал, тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы нотариалдық жүйенің қалыптасу трихына келетін болсақ, 1997 жылдың желтоқсан айында мемлекеттік нотариустардің алғашқы аттестациясы әділет министрлігімен өткізілген болатын. Қазақстан Республикасында нотариалдық қызметпен айналысуға рұқсат беретін алғашқы нотариустық лицензиялар 1998 жылдың 25 сәуірінде беріле бастады. Әділет министрлігінің мәліметтері бойынша, қазіргі таңда ел аумағында нотариустардың жалпы саны 2018 адамды құраса, нотариалдық қызметті атқару үшін 4642 адамға мемлекеттік лицензия берілген.

1998-1999 жылдар арасында нотариус қызметінің жүзеге асуын қамтамасыз ете отырып, оны бақылауға алатын нотариалдық палаталар құрылған болатын.

Нотариаттық палата жеке практикамен айналысатын нотариустардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, сондай-ақ нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде нотариат туралы заңдардың орындалуына бақылау жасау үшін құрылатын коммерциялық емес, өзін-өзі қаржыландыратын кәсіптік ұйым болып табылады. Қазақстан Республикасының әрбір облысы, республикалық маңызы бар қалалары мен астанасы аумағында бір нотариаттық палата құрылады. Аумақтық нотариаттық палаталар қауымдастық (одақ) нысанындағы Республикалық нотариаттық палатаға бірігуге құқылы. Нотариаттық палата: жекеше нотариустарға жалпы басшылық жасап, олардың қызметін үйлестіріп отырады; мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіреді және қорғайды, нотариаттық істі дамытуға оларға көмек көрсетіп, жәрдем береді; жекеше нотариустар нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде нотариат туралы заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады; жекеше нотариустың лицензиясының күшін тоқтата тұру, одан айыру және тоқтату туралы ұсыныс енгізеді; нотариаттық іс-әрекет жасау нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды ұйымдастырады; жекеше нотариустардың өздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасудан жалтаруы және жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасы заңдарының өзге де талаптарын бұзу жағдайлары туралы аумақтық әділет органдарын хабардар етеді; жекеше нотариустарды сынақтан өткізу мен оқытуды ұйымдастырады; өз мүшелерінің қызметіне байланысты істер бойынша сот белгілеген сараптама шығындарын өтейді; жекеше нотариусты кәсіптік міндеттері мен әдепті бұзғаны үшін Нотариустың ар-ождан кодексіне сәйкес жауапқа тартады; жекеше нотариустардың қызметтік іс-әрекеттеріне азаматтар мен заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қарайды.

Қазір Республиканың барлық облыстарында, Астана және Алматы қалаларында 16 аумақтық нотариаттық палаталар қызмет етеді. Нотариаттық палата жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша Республикалық нотариаттық палата мен аумақтық әділет органына қағаз және электрондық жеткізгіштерде өзінің қызметі туралы ақпарат беріп отырады. 1998 жылы нотариаттық қызметпен айналысу құқығына алғашқы лицензиялар беріле бастады. 2000 жылдың басында Қазақстанда 900 нотариус жұмыс істеді, оның ішінде 600 жекеше нотариус болды. Кейін уақыт талабына сай «Нотариат туралы» заңға өзгерістер енгізіліп, нотариустар кәсіпкерлер емес деп танылды. Сөйтіп, нотариустардың жалпы санына шектеу қойылды, нотариустың бос орындарына орналасуға конкурс енгізіліп, нотариаттық мұрағаттар қоры құрылды. Нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын және жекеше нотариустардың іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыру ережесі бекітілді. 2009 жылы қалалық әділет департаменті жанынан мемлекеттік нотариалдық кеңсе ашылған болатын.

Қазақстан Республикасында нотариустың құқықтық мәртебесін ҚР 1997 жылы 14-шілдеде қабылданған “Нотариус қызметі туралы” Заңы анықтап, оның қызметін реттейді. Аталған заң 18-тараудан және 105 баптан тұрады.

Нотариалдық қатынастарды реттеуде нотариустардың екі тобы әрекет етеді: Мемлекеттік нотариус (ағыл. state notary office;) – заңды тұлға құқығына ие емес, ҚР аудандары мен қалаларында шоғырланған, мемлекет атынан нотариалдық қызметпен айналысатын аумақтық әділет органының құрылымдық бөлімшесі. Жекеше тәжірибемен айналысатын нотариус (ағыл. private/licensed notary;) – заңды тұлға құрмай, лицензия негізінде нотариаттық қызметпен айналысатын, өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін нотариаттық іс-әрекеттер жасау нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша сақтандырған, нотариаттық палатаға мүше болған және аумақтық әділет органында есепке тұру тіркеуінен өткен азамат болып табылады. Мемлекеттік нотариустың жекеше нотариустан айырмашылығы одан нотариаттық іс-әрекеттері үшін нотариус лицензиясын алу талаптары қойылмайды.

Мемлекеттік және жеке нотариустардың нотариаттық қызметті жүзеге асырған кездегі құқықтары мен міндеттері тең болады.

ҚР нотариустың құқықтық мәртебесі келесі белгілермен сипатталады:

-нотариаттық іс жүргізу ҚР архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі уәкілетті органымен келісу арқылы Әділет министрлігі бекітетін нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

-мемлекеттік нотариустардың құжаттары ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік архивке тапсырылады:

-мемлекеттің бұйрықтары мәжбүрлеу механизмімен қамтамасыз етіледі;

-нұсқаулық талаптардың сақталуына бақылау жасауды аумақтық әділет органдары жүзеге асырады;

-нотариаттық іс ҚР тіл туралы заңдарына сәйкес жүргізіледі. Бірақ нотариустық қызметпен айналысатын тұлғаларға кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, сол сияқты жеке практикамен айналысатын нотариустарға жалдама қызметкер ретінде еңбек қатынастарында болуға тыйым салынған. Бұның себебі нотариалдық қызметпен айналысқан тұлғалар өз қызметін мемлекеттің атынан жүргізеді.

Қазақстан Республикасының “Нотариус қызметі туралы” Заңына сай жоғары заң білімі бар, әділет аттестаттау комиссиясында аттестаттаудан, нотариуста кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматы нотариус бола алады.

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі мен аумақтық әділет органдарының нотариатты реттеу саласындағы құзыреті «Нотариат туралы» Заңның 32-33 баптарында қарастырылған. Жасалған нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын және мемлекеттік нотариустың және аудандық аңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарының іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды аумақтық әділет органы жүзеге асырады. Жеке тәжірибемен айналысатын нотариустың жасаған нотариаттық іс-әрекеттерінің заңдылығын және іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды әділет органынан басқа нотариат палатасы жүзеге асырады. Мемлекеттік нотариаттық кеңселерді ашу және оларды тарату, азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттік нотариустардың қызметтеріне өтініштерін қарау, нотариус лицензиясының күшін тоқтата тұру, одан айыру және тоқтату туралы ұсыныстар енгізу және жеке нотариусты жауапқа тарту нотариаттық палатаға ұсыныс енгізу және т.б. әрекеттер нотариаттық қызметке қатысты Әділет органдарының құзыретінде болды. Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе – бұл нотариаттық қызметті автоматтандыруға арналған ақпараттық бағдарламалық кешен болып табылады.

Нотариаттық округ дегеніміз Қазақстан Республикасының әкімшілік аймақтық бөлінісіне сәйкес бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағы болып табылады. Нотариаттық округ шегінде мемлекеттік нотариустың қызмет ету аумағын аумақтық әділет органы белгілейді. Аумақтық әділет органы халыққа мемлекеттік және жеке нотариустардың қызмет ету аумағын үнемі хабарлап отырады.

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі 2011 жылы 20 қазан күні Қазақстан Республикасының Парламентінің Сенатының Пленарлық мәжілісінде нотариат институтында жеке нотариустардың санын квоталау институтын тарату және бос лауазым алуға конкурстық іріктеу бөлімін тұжырымдамалық өзгерту көзделген «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының жобасы мақұлданғанын хабарлаған болатын. Бұл Заң биылғы жылдың 16-қаңтарында күшіне енді. Заң жобасы нотариат саласында тиімді мемлекеттік саясатты жүргізуге, саланы реттеуді жетілдіруге және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын нормаларды алып тастуға бағытталады. «Біріншіден нотариустардың санына шектеу қою жойылды. Бұл

ұсыныс Елбасының әкімшілік кедергілерді жою туралы тапсырмасын іске асыруға бағытталған. Екіншіден кіру жарнасын алуға жол берілмейтін болды. Заң жобасы күшіне енгеннен бұрын кіру жарнасы бұл 1 млн. теңгеден 3 млн. теңгеге дейін баратын. Үшіншіден халыққа жайлы болу үшін заң жобасымен бірыңғай тұрақты тарифтер бекітілді». Бұдан бөлек, нотариустарға кандидат адамдарды аттестациядан өткізу функциясы жергілікті әділет органдарына берілді. Квотаны жоюмен қатар, заң жобасымен мемлекеттік бақылауды күшейтуге қатысты шаралар қамтылды. Мәселен, нотариустың үй-жайына қойылатын талаптар айқындалды. «Атап айтқанда, жеке практикамен айналысатын нотариустың бір үй-жайы болуға тиісті. Оның үстіне лицензияны тоқтату немесе оның күшін жою үшін қосымша негіздер анықталды. Мысалы, егер нотариус есептік тіркеуге кеңседен тыс жерлерде қызмет көрсетілсе, бұл оның қызметін шектеуге алып келеді. Сонымен қатар, нотариустардың және оның палаталарының қызметіне бақылау жасау көзделетін жаңа ережелер де қамтылып отыр. Нотариустарды бақылау тәуекелді бағалау жүйесі негізінде мемлекеттік бақылау және қадағалау заңнамасы аясында жүргізіледі».

Қазақстан Республикасындағы нотариаттық қызмет өкілдерінің басқа мемлекеттердің құқық нормаларын қолдану тәртібі “Нотариус қызметі туралы” Заңның 18-тарауында қарастырылған. Нотариустың басқа мемлекеттердің құқық нормаларын қолдану ережелеріне сай нотариус Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес басқа мемлекеттердің құқық нормалары негізінде нотариаттық іс-әрекет жасайды, сондай-ақ егер бұл Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда көзделсе, басқа мемлекеттердің заңдарында белгіленген нысанда куәландыру жазбаларын жазады. Нотариус басқа мемлекеттердің құзыретті органдары лауазымды адамдарының қатысуымен шетелде жасалған немесе солардан шығатын құжаттарды оларды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің органы заңдастырған жағдайда қабылдайды. Заңдастырылмаған құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық шарттарында көзделген жағдайларда ғана қабылданады. Нотариус басқа мемлекеттер органдарында іс жүргізуге қажетті дәлелдемелерді төменде көрсетілген жағдайларда қамтамасыз етеді.

1. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген нотариаттық іс-әрекеттерден өзгеше ережелер белгіленсе, нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарт Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген нотариаттық іс-әрекеттер жасауды нотариаттың құзыретіне жатқызса, нотариус нотариаттық іс-әрекетті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген тәртіппен жүргізеді.

Қазақстан Республикасындағы нотариаттық қызмет 1998 жылдан бері қарқынды дамып келеді. «Нотариат қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылы қабылданып, сол уақыттан бері бұл Заңға бірнеше рет өзгертулер енгізілген болатын, бірақ ҚР-ның нотариат қызметінің заңнамасы әлі де жетілдіруді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. “Основы нотариальной деятельности” П.П.Глуценко учебное пособие СПб. 1999г.
2. “Правоохранительные органы” В.П.Божьев М. 1996г.
3. “Нотариус қызметі туралы” ҚР Заңы 14.07.1997ж.
4. Заң газеті 2011ж басылымдар.

ТҮЙІНДЕМЕ

Берілген мақалада нотариус қызметінің түсінігі мен тарихына шолу жасалып, Қазақстан Республикасында нотариустың түрлері мен оның құқықтық мәртебесі қарастырылады. Одан басқа мақалада Қазақстан Республикасының 1997 жылғы «Нотариат туралы» Заңына енгізілген соңғы өзгерістер мен толықтырулар туралы мәліметтер берілген.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается правовой статус нотариуса в Республике Казахстан и его краткая история. Кроме того в статье были изложены последние изменения внесенные правительством в Закон «О нотариате» от 1997 года.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ АЛДЫН-АЛУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ ШЕШІЛУІ

Жарықбаева Д.Р. - п.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Құқықтық тәрбие алдымен тұлғаның адамгершілік-құқықтық қасиеттерінің дамуы мен бекітілуіне, ал кейбір қажетті жағдайларда негативті құбылыстарды болдырмауға немесе жоюға бағытталады. Құқықтық тәрбие үрдісінде көптеген жан-жақты мәселелер қарастырылады, соның бірі құқық бұзушылықты алдын-алу шаралары.

Қоғамымызға, мемлекетімізге қауіпті заңға қайшы әрекеттерді болдырмау шаралары тек мектеп қана емес, сонымен бірге құқық қорғау органдарының көмегімен жүзеге асады. Жасөспірімнің теріс қылық жасауына негізгі себеп, оның құқықтық білімі мен тәртібінің төмендігі. Сондықтан жасөспірімге бастапқы кезден дұрыс тәрбие беру мәселесінің өзектілігі белгілі.

Құқықтық тәрбиелеу практикасы - адамзаттың өркендеу кезеңінде қалыптасқан үрдіс. Оған дәлел ежелгі мемлекеттердегі заңдардың болуы, халықтың жаппай заң нормаларына бағынуы және осы заңдар негізінде адамдардың тәрбиеленуі. Ежелгі Грекияда Ликург заңы бойынша ер адамдар кәмелетке толғанда “мен өкіметтің айтуымен әрекет етемін... және заңға бағынамын... біреудің заң нормаларын бұрмалауына немесе заңға бағынбауына жол бермеймін” [1, 26], деп ант берген.

Қоғамның қарқынды немесе бәсең дамуы өсіп келе жатқан жеткіншектен бастап тәрбиелеу үрдісіне байланыстылығы айқын көрінеді. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықты алдын-алу шаралары қазақ даласында да даналық сөздер және дұрыс тәрбие арқылы жүзеге асырылған. Осыған орай, “Жеті Жарғының” бесінші жарлығын негізге ала отырып, әділ би әке-шешесін балағаттап, адам қатарына қоспайтын кәмелетке толмаған баланың мойнына құрым іліп, есекке немесе қара сыйырға теріс мінгізіп, бүкіл ауылды айналдырып шығару және қамшымен ұру жазасын тағайындап, жариялаған.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын алдын-алу шараларының мемлекеттің өзекті мәселесі ретінде қолданылуы Ресей патшалығындағы кәмелетке толмаған жасөспірімдердің құқық бұзушылықтарының басым болуына байланысты қалыптаса бастады. XVII - ғасырдың басы мен ортасында кәмелетке толмаған қылмыскерлерге (құқық бұзушы жасөспірімдерді жазалау шараларымен қорқыту мақсатында қылмыстың алдын алу шаралары ретінде) өлім жазасы тағайындалып отырған. 1666 жылы қылмыскер балаларға қолданылатын өлім жазасы қамауға алу, қамшымен дүре соғу, қинау сияқты жазалармен ауыстырылған. Ал 1742 ж. құқық

бұзушы балаларды қинау, қамшымен ұру жазаларын қолдануды тоқтату жөнінде қаулы қабылданған. 1765 ж. II Екатерина патшайым 10 жасқа дейінгі қылмыскерлерді жазаламау және 10-17 жас аралығындағы құқық бұзушыларға жеңілдетілген жаза түрі қолданылатындығы туралы қаулыға қол қойды. 1833 жылғы заңдар жинағына сәйкес жасы онға толмаған құқық бұзушылар әрекетке қабілетсіз деп танылып, 10-17 жастағы құқық бұзушы жасөспірімдер әрекет қабілеттілігі мен қабілетсіздігіне қарай жазаланып отырылған. Осы заңдар негізінде 10-14 жас аралығындағы кәмелетке толмаған жасөспірімдерді түзеу мекемелері (түзеу коллониялары мен бағымдар) мен түрменің арнайы бөлімдеріне жіберу арқылы жазаласа, ал 14-17 жасар қылмыскерлерді бас бостандығынан айырып, түрмеге қамауға алатын болған [2, 12].

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықты алдын-алу шараларын дамыту мәселелері қазіргі заманның өзекті мәселесі болып табылады. Жас тұлғаны жалпылама тәрбиелеу арқылы оның жүріс-тұрыс ережелері мен нормаларды біліп, сақтауын; заңға сенімділігін тудыру арқылы сана-сезімін дамыту бағыттарында жүргізілген кешенді іс-шаралар әсерінен тұлғаның заңды әрекеті, тәртіптілігі қалыптасады. Дұрыс берілген тәрбие тәрбиеленушінің жан-жақты білімін, санасы мен мәдениетін тәрбиелей отырып, өз Отанын сүйетін, заң нормаларын силайтын, ұғынатын; өз құқықтары мен бостандықтарын білетін; заңды міндеттерін бұлжытпай орындайтын құқықтық, демократиялық мемлекеттің үлгілі азамат тұлғасын қалыптастырып, дамытады. Тұлғаның құқықтық даму мәселелері құқықтық тәрбиенің мақсатын құрайды. Құқықтық дамыған адам - құқықтық білімді; өзін тұлға ретінде ұстай білетін; заң нормалары мен құқыққа оң көзқарастағы адам болып табылады. Құқықтық білімді азамат кез келген тәртіп бұзушылыққа немесе қылмыстарға бармайды. Жасөспірімдерді құқықтық тәрбиеге баулу арқылы оның құқықтық білімі, санасы мен мәдениеті қаланады. Осы жағдайда тәрбиеленуші оқушылардың барлығы да құқықтық тәрбиелеу арқылы құқықты позитивті бағытта ұғына бермейді. Сондықтан құқық бұзушылықты алдын алу шаралары - құқықтық тәрбиенің бір бағыты ретінде қарастырылады.

К.Бегалиев өзінің “Предапреждение безнадзорности и правонарушений несовершеннолетних” атты еңбегінде кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын жеткіліксіз жүргізілген тәрбие және оның немқұрайлылықпен ұйымдастырылуы негізінде пайда болатынын атап, олардың пайда болуына негізгі себепші жағдайларға тоқтаған. Кәмелетке толмағандардың арасында пайда болған құқық бұзушылыққа себепші факторларды мынандай топтарға бөлген [3, 5]:

біріншіден, ҚР Білім туралы Заңын, сондай-ақ басқа оған негізделген нормативтік актілеріндегі нормаларды жүзеге асырушы орта және кәсіби техникалық білім беру органдарының сапасыз жұмыстары;

екіншіден, кәмелетке толмағандар жөніндегі комиссиялар мен инспекциялардың, прокуролық қадағалаудың, сот және тергеу органдарының алдын алу жұмыстарының жеткіліксіз жүзеге асуы;

үшіншіден, мектептегі тәрбие жұмыстарының сапасыз ұйымдастырылуы;

төртіншіден, жағдайлары төмен дәрежеде өмір сүріп жүрген кәмелетке толмағандарды арнайы мекемелерге уақытылы орналастыру шараларының орындалмауы және жанұядағы тәрбиенің болмауы.

Заңды психологияда құқық бұзушылықты - қатынасқа түсуші жақтар арасында толық емес немесе анықталмаған теріс әсері бар әңгімелердің пайда болуынан; қажетті ақпаратты қасақана жарияламауына күдіктенуден; заңдылықтағы, заң тәртібіндегі теріс ойлардың шығуынан туындайтын *қақтығыс* ретінде қарастырады [4, 231]. Бұл қақтығыстар біртіндеп теріс қылыққа, қылмыстылыққа ауысуы мүмкін. Оларды болдырмау үшін оқушыларға дұрыс білім мен тәрбие берілуі тиіс.

Қылмыстылықты алдын алудың түп нұсқалық идеясы адамгершілік, қоғамдық тәртіп және заң нормаларын бұзумен, кез келген негативті құбылыстармен жиі кездесетін тұлғаны тәрбиелеу жүйесінің құрама бөлігі ретінде негізделеді.

Г.П.Давыдовтың тұжырымдамасы бойынша құқық бұзушылықты алдын алу шаралары толығымен құқықтық тәрбие құрамына кірмейтіндігін атайды. Сонымен бірге құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықты алдын алу екі бөлек, бірақ өзіндік мазмұндарының белгілі бір бөлімдерімен байланысып, қатынасқа түсетін және тұлғаның санасы мен тәрбиесінің қалыптасуына ықпал ететін өзара байланысты үрдіс [5, 72]. Г.П.Давыдовтың айтуынша құқықтық тәрбие мен қылмыстылықты алдын алу шаралары өзіндік белгілері бар сала және олар кейбір жағдайларды немесе олардың кейбір белгілері арқылы бірігуі мүмкін.

Ал, Д.Б.Бұғыбаева “Кәмелетке толмаған қылмыскерлерге жаза тағайындаудың ерекшеліктері” атты ғылыми зерттеу жұмысында: “қандай да болмасын қылмыстылықтың алдын алуды әуелі жалпы тәрбие, сосын оның ішіндегі құқықтық тәрбие негізгі құрал болып есептелінеді” [6, 7] деген анықтама берген.

Негізінен құқық бұзушылықты алдын алу шаралары әрі заңгерлік, әрі психологиялық-педагогикалық ғылымдар қатарына жатады. Заңды білім беруде бұл мәселе қылмыстық құқық, криминология ғылымдарымен байланыстырылып зерттелсе, педагогикада жалпы тәрбие және оның құрамды бөлігі құқықтық тәрбие салаларын ұйымдастырып, жетілдіру ретінде қарастырылады, ал психология саласында құқық бұзушы жасөспірімдердің осындай заңсыз әрекеттерге бару себептерін анықтай отырып, жас жеткіншектердің психикасына әсер ету арқылы құқық бұзушылықты алдын алу шаралары жүргізіледі..

Құқықтық санасы жаңадан қалыптаса бастаған кәмелетке толмаған тұлғаны тәрбиелеу және құқық бұзушылықтарды алдын алу шараларын өткізу өте тиімді. Ал екінші жағынан мұндай санасы жаңадан қалыптасып келе жатқан жасөспірім заңды білімділігінің төмендігінен әртүрлі заңға қайшы әрекеттер мен әрекетсіздіктерге баруы мүмкін. Сондықтан жасөспірімдерді құқықтық тәрбиеге баулуда, құқық бұзушылықты алдын алу шараларын ұйымдастырғанда тәрбиеленушінің жүріс-тұрысына, психикалық ой-өрісіне, санасы мен мәдениетіне ерекше көңіл бөлініп отырғаны дұрыс.

Құқық бұзушылыққа баратын кәмелетке толмағандар қатарына мына тұлғаларды жатқызуға болады:

1. құқықтық білімі мен тәрбиесі төмен;
2. әлеуметтік жағдайы нашар;
3. үлкен адамдардың күш көрсетуімен немесе алдауларымен құқық бұзушылыққа баратын жасөспірімдер.

Сонымен, мектептегі дұрыс ұйымдастырылған құқықтық білім беру мен тәрбие процестері оқушы жастардың заң нормаларын сыйлайтын, өз құқықтары мен бостандықтарын білетін, міндеттерін орындайтын, заңға қайшы әрекеттердің мемлекетке, қоғамға, жеке тұлғаға тигізетін залалы мен зиянын ұғынатын, заңды жаза мөлшерін білетін және т.б. заңды білімі мен санасын, мәдениетін дамыту шаралары арқылы қоғамдағы, мемлекеттегі құқық бұзушылықты алдын алу немесе болдырмау мәселелерін шешуге болады.

Әрине құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықты алдын алу шаралары өзара байланысты үрдіс екендігіне көзіміз жетеді. Осы екі үрдістің өздеріне тән ерекшеліктері болады. Олардың арасындағы ерекшеліктерін Г.П.Давыдов өз зерттеулерінде атап өткен. Сонымен, құқық бұзушылықтың алдын алу шараларынан құқықтық тәрбиенің ерекшелігі [5, 72]:

- әсер етуші субъектілердің (объектілердің) көлемі бойынша;
- алдын алу шаралары өткізілетін оқушылар контингентінің сипаты бойынша (алдын алу шаралары құқықтық санасы мен тәртібі дұрыс қалыптаспаған оқушылар арасында өткізілсе, құқықтық тәрбиелеу барлық оқушыларға бірдей жүргізіледі);

- заңға бағынбаушылықтың алдын алу уақыты бойынша және т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Никитин А.Ф. Что такое правовая культура?: Книга для учащихся старших классов. - Москва: Просвещение, 1988. - 112с.
2. Берман В.В. Формирование социально-правовой активности старших подростков в процессе изучения основ Советского государства и права. Дисс. к.пед.н. - Москва, 1990.-202с.
3. К.Бегалиев Предупреждение безнадзорности и правонарушения несовершеннолетних А., 1980г. 264-с.
4. А.Н.Тесленко Психология и педагогика в деятельности правоохранительных органов (УМК) Астана, 2000г. 272-с.
5. Г.П.Давыдов Основы правового воспитания учащихся общеобразовательной школы Дисс. доктора пед. наук. М.,1985г. 370-с.
6. Д.Б.Бұғыбаева Кәмелетке толмаған қылмыскерлерге жаза тағайындаудың ерекшеліктері. з.ғ.к. дисс. А.,1999ж. 151-б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Автор құқық бұзушылықтың алдын алудағы құқықтық тәрбиенің актуалдылығын және маңыздылығын қарастырады. Сонымен қатар автор педагогтар мен құқықтанушы ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын алдын алудағы қажеттілікті көрсете алды.

РЕЗЮМЕ

Автор в данной статье рассматривает важность и актуальность правового воспитания в профилактике правонарушений с древних времен до наших дней. Вместе с тем, автор сумела показать актуальность мер по профилактике правонарушений несовершеннолетних на основе трудов многочисленных ученых-правоведов и педагогов.

ӘОК 339.981.009.02

Ж.69

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭКОНОМИКАНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ АРТТЫРУ ШАРАЛАРЫ

Жолдыбаева А.Е. - аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

2004 жылы Қазақстанда экономиканың маңызды секторларының бәсекеге қабілеттілігін жоғарлату бойынша іс-шараларды әзірлеу жобасы әзірленді. Салаларды кластерлеу көзқарасы бойынша 23 жетістікті бағыт таңдап алынды.

Жұмыстың басталуы үшін 7 пилоттық кластер таңдап алынды - олар металлургия, транспорттық логистика, текстильдік өнеркәсіп, құрылыс материалдары, азық түлік өнеркәсібі, туризм, мұнайгаздік машина жасау және олар 2005 жылдың 25 маусымында № 633 Үкімет қаулысымен қабылданды.

Берілген кластерлер бойынша олардың дамуы туралы жоспар әзірленіп бекітілді, заңнамалық базасы қалыптастырылды және концептуалды қадамдары анықталды. [2].

Атап өту қажет, бұл кластерлер экономика дамуының әлеуетті емес, пилоттық бағыттары болып табылады. Яғни бұл бағыттар субсидиялар мен жеңілдіктер түрінде

мемлекеттік қолдау алу үшін емес, кластерлік әдістемені қолдану арқылы дамуға дайын.

Сол себепті, пилоттық кластерлерден басқа республикада мұнайхимиялық, фармацевтикалық кластерлер сияқты инициативалар әр өңірден қабылданып қолдауда.

Жоғарыда айтқандай, өңірлердің ерекшеліктеріне байланысты 7 негізгі пилоттық кластер таңдалып алынды, олар: «Металлургия».

«Металлургия» кластері Қарағанды облысы территориясында жасалды.

Бұл облыста кластерді құруды анықтаған факторлардың бірі тау-металлургиялық кешеннің дамығандығы және кара және түсті металлургия өндірудегі басты үлесінің болуы табылды. Бұл кластердің негізгі қатысушылары жалпы алғанда 52 кәсіпорын табылады. Жауапты орган Қарағанды облысының әкімдігі саналады.

Металды өңдеу, металлургия, машинажасау кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін жоғарлату мақсатында облыста 2005 жылы «Металлургия-металды өңдеу» кластерінің Үйлестіру Кеңесі құрылды.

«Транспорттық логистика». Бұл кластер «Қазақстан Республикасының 2015 жылына дейінгі Транспорттық Стратегиясын» жүзеге асыру шеңберінде жүзеге асырылып жатыр. Кластерді жүзеге асыруға жауапты орган Транспорт және коммуникация министрлігі табылады. [3]. Кластерлік жоба жүзеге аспай тұрып, транспорттық инфрақұрылымды дамыту және модернизациялау (автомобильдік және темір жолдар, қызмет көрсету жол бекеттері), контейнерлік тасымалдауды жетілдіру, автомобильдік тасымалдау географиясын кеңейту, отандық стандарттарды халықаралық талаптарға сәйкестендіру, нормативті құқықтық базаны жетілдіру сұрақтары шешіліп жатқан.

Қазір Батыс Еуропа - Батыс Қытай трансконтинентальді автожолдар коридоры жобасы бойынша жұмыс жасалынып жатыр.

«Текстильдік өнеркәсіп». «Текстильдік өнеркәсіп» кластері Оңтүстік-Қазақстан облысында орналасқан. Мұндай таңдау келесілермен түсіндіріледі: мақта шикізатына қол жеткізерлігі, жаңа текстильді кәсіпорындарды құру немесе қолданыстағыны жаңартумен айналысып жатқан бірнеше ірі компаниялардың болуы, ондағы өндірістік шығындардың төменгі деңгейінің және тарихи қалыптасқан инфрақұрылымның болуы. Бұл кластердің орындалуы үшін Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі және ауылшаруашылық министрлігі жауап береді. Оңтүстік-Қазақстан облысының мақтаны өндіру мен өңдеу аясындағы спецификасы осы территорияда «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймақты құру болып табылды.

Қазіргі таңда АЭА территориясында 4 инвестициялық жобаны жүзеге асырылуы басталды: олар ЖШС «Хлопкопром-целлюлоза», АҚ «Ютекс-К2», ЖШС «Оху ТехШе», ЖШС «Есенжол-Назар».

Кластерлік даму шеңберінде Қазақстан даму банкімен Оңтүстік –Қазақстан облысында бірнеше өндірістік объектілерді іске қосу мақсатында несиелік ресурстар бөлінді.

«Азық-түлік өнеркәсібі». Ауылшаруашылық шикізат пен қайта өңдеу кәсіпорындарының географиялық бір-біріне жақын орналасуы азық-түлік өнеркәсібін дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, сүт өнімдерін өндіру өндірісін қалыптастыру мен дамыту солтүстік-шығыс және оңтүстік аймақтарда жүзеге асырылып жатыр (Алматы, Шығыс-Қазақстан, Қостанай және Солтүстік-Қазақстан облыстары), жеміс-көкөніс өнімдерін өндіру оңтүстік аймақтарда (Алматы, Жамбыл, Оңтүстік –Қазақстан облыстарында), ет өнімдерін өндіру солтүстік аймақтарда (Қостанай, Павлодар және Солтүстік-Қазақстан облыстарында), бидай өнімдерін қайта өңдеу солтүстік және орталық облыстарда (Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында), балық өндірісі Атырау, Шығыс-Қазақстан, Қарағанды және Қызылорда облыстарында.

«Азық-түлік өнеркәсібі» кластерін құру мен дамыту әлеуетті қатысушыларды жаңа өндірісті құруға және қолданыстағы өндірісті жаңалауға итермеледі.

«Мұнайгаздық машинажасау». «Мұнайгаздық машинажасау» кластері Батыс-Қазақстан облысында жүзеге асырылып жатыр. Бұл аймақты таңдаудың негізгі факторлары болып қуатты өндірістік, кадрлік және ғылыми-техникалық әлеует, транспорттық, қаржылық, инфрақұрылымның дамығандығы, ірі инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы және машинажасау өнімдерімен қамтылған нарық - Ресеймен шекаралығы себеп болды.

«Құрылыс материалдары». «Құрылыс материалдары» кластері Алматы, Қызылорда облыстарында және Астана қаласында қалыптастырылды. «Құрылыс материалдары» пилоттық кластерін дамыту мақсатында Астана қаласында Индустриалды парк құрылды. Оның жалпы ауданы 600 гектарды құрайды және ол жоғарғы технологиялық және экологиялық таза өндіріс ТЭЦ-2 ауданында орналасқан. Сонымен бірге, паркті басқару дирекциясы кеңсе бөлмелері, бизнес-инкубаторлар, конструкторлық бюро, конференц-зал, қоғамдық тамақтану орналасқан әкімшілік корпусі бар.

«Туризм». «Туризм» кластері Алматы және Ақмола облыстарында қалыптастырылған.

Берілген аймақтар инфрақұрылымдық (қонақ үйлердің көптігін, санаториялар, демалу, көңіл көтеру орындары, таулар, қорықтар және т.б.), және жеке бизнестің туристер үшін аймаққа қызығушылықтарын жоғарлату бойынша ынтымақтасуға дайындығы осы кластерлік инициативаны жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Алматы облысы мен Алматы қаласында туристік кластердің келесідей сегменттері анықталды және олар осы пилоттық кластердің дамуын ынталандыруы қажет:

* Экологиялық туризм, аймақтың табиғи ландшафтын қолдану арқылы.

* Мәдени-танымдық туризм, тарихи-археологиялық және мұрагерлік байлықтарды ашуға бағыттау арқылы.

* Искерлік туризм, Орталық Азияда ең маңызды қаржылық және бизнес орталық болып табылатын Алматы қаласының дамуына ықпал жасау арқылы.

Жоғары тиімді және бәсекеге қабілетті туристік инфрақұрылым құру мен туристік саланы дамыту мақсатында және қазақстандық және шетел туристердің қажеттілігін қанағаттандыруды қамтамасыз ету үшін Ақмола облысында «Бурабай» арнайы экономикалық аймақ қалыптастырылды.

Пилоттық кластердегі жетістіктер әр саланың дамуы деңгейі, оның бәсекелік құрылымындағы спецификасына байланысты сапалық және сандық ерекшеліктер бойынша ерекшеліктенеді.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, кластерлердің қалыптасуына кем дегенде 10 жыл қажет. Мысалға «Транспорттық логистика» кластерлік инициативаның толық орындалуы үшін Транспорттық стратегияда көрсетілген бірнеше жобалардың орындалуы қажет. Дегенімен, әр жағдайда өзіндік объективті проблемалық сұрақтары туындауы мүмкін. Ең алдымен, бұл бизнестің әлсіз инициативасы. Кәсіпкерлер белсенділігінің төменділігі, институционалдық және қаржылық емес үкіметтің қолдауына қызығушылығының жоқтығы. Себеп: кәсіпкерлер кластер арқылы өз мәселелерін шешпеген және шеше алмайды. Көптеген кәсіпкерлер қолданыстағы механизм арқылы проблеманы шешуге сенеді: яғни мемлекет немесе үкімет басшысы деңгейінде проблемалық сұрақтарын қою, мемлекеттік органдар, кәсіпкерлер қауымдастығы, саяси партиялар, тіптен ресми емес байланыстар арқылы өз сұрақтарын шешуге ұмтылады.

Екіншіден, қазақстандық бизнесте кластерге жиналу тек өз проблемаларын шешу мен әкімшілік тетіктерді алып тастау үшін ғана қызығушылығы бар. Өз қызметіне қанағаттанған көптеген кәсіпорындары бар өнеркәсіп салаларында ынтымақтасу қиынға соқты. Керісінше күрделі проблемалары көптермен бірлесіп қызметті бастау оңай болды.

Барлық кластерлердің ортақ проблемасы болып қатысушылардың бір біріне сенбеуі және кластерлік бағыт механизмін дұрыс қолданбауы. Көптеген компаниялар өздерінің бәсекелестерімен бірігіп, тіптен технологиялармен бөлісу фактісін қабылдамады. Кластердегі өндірушілер, сонымен бірге мемлекеттік органдар мен әлеуетті қатысушылар кластер шеңберінде жететін ортақ жетістіктерге жететіне көздері жетпеді.

Кейбір компанияларды кластер шеңберіндегі салықтар мен пошлиналардағы, сертификаттаудағы жеңілдіктер, шетелдік мұнай компаниялардан тапсырыс алу және т.б. қызықтырды. Мамандарды оқыту, халықаралық стандарттарға сәйкестендіруді қамтамасыз ету сияқты ұзақмерзімді проблемаларды шешу аса қызықтырмады.

Инициативаны дамытуда тежеуші күш болып аймақтық биліктің инертті жұмысы табылады. Пилоттық кластерді жүзеге асыру аймақтардың экономикалық дамуына оң әсер етеді. Дегенімен, аймақтардың экономикалық дамуының оң жетістіктері туралы айту үшін жоғарыда аталған мәселелерді шешіп алу қажет. Ол үшін мемлекет пен бизнес арасындағы қатынасты оңтайландырып, кәсіпкерлер қауымдастығының кластерге қосылуы туралы пропаганда жүргізіп, жергілікті биліктің жұмысын белсендіру маңызды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 1217 Қаулысымен Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің 2009-2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілді. Стратегиялық жоспардың миссиясы: Қазақстан экономикасының шикізаттық емес секторының бәсекеге қабілеттігін және оның әлемдік шаруашылық байланыстары жүйесіне ықпалдасуын қамтамасыз ету, отандық тұтынушыны сапасыз өнімнен қорғау және адамның өмір тіршілігінің толыққанды ортасын қалыптастыру, тұрғылықты жерлер мен аумақтарды орнықты дамыту болып табылады.

Осы стратегиялық жоспарда негізгі 6 стратегиялық бағыт көрсетілген.

1. Индустриялық-инновациялық даму
2. Сауданы дамыту
3. Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту
4. Кәсіпкерлікті дамыту
5. Техникалық реттеу және метрология жүйесін дамыту
6. Инвестициялық ынтымақтастықты дамыту

Индустриялық-инновациялық дамыту бағыты бойынша келесі мақсаттар көзделген.

Экономиканың өңдеуші салаларын дамыту мақсатына жету үшін келесідей міндеттер орындалуы қажет:

- 1 Өңдеуші саланың тартымдылығын арттыру бойынша құқықтық аяны жетілдіру
- 2 Индустриялық инфрақұрылымды дамыту
- 3 Жер қойнауын пайдалану нарығындағы отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру
- 4 Негізгі қорларды жаңарту және лизингтік қызметті кредиттеу жолымен кәсіпорындарды техникалық қайта жарақтандыру
- 5 Кәсіпорындарды қазіргі заманғы басқарушылық технологияларды енгізуге ынталандыру

Экономиканың нақты секторын инновациялық дамытуды қамтамасыз ету мақсатына жету үшін келесідей міндеттер орындалуы қажет:

- 1 Инновациялық инфрақұрылымдарды дамыту
- 2 Инновациялық кәсіпкерлікті дамыту.

Экономиканы, оны әртараптандыруды және бәсекеге қабілеттілігін жедел дамыту бүгінгі күні инновациялар мен жаңа технологияларды енгізусіз мүмкін емес.

Ұлттық экономиканың дамудың инновациялық жолына көшуі үшін мақсатқа бағытталған инновациялық саясатты жүргізу, инновациялық қызметті тиісті мемлекеттік қолдау, кадрлар санының жеткілікті болуы қажет.

Қазақстанда негізінен Ұлттық инновациялық жүйенің элементтерін қалыптастырудың негіздері салынған, қаржылық және инновациялық инфрақұрылым құрылған.

Ірі технологиялық университеттер мен технопарктер жанынан 6 технологиялық бизнес-инкубаторлар әрекет етеді, 6 отандық венчурлік қорлар құрылған және жұмыс істейді. Сонымен қатар, ҰИҚ 6 шетелдік венчурлік қорлардың акционері болып табылады.

Ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті дамыту үшін тиісті құқықтық-нормативтік база бар, инновациялық қызметті дамыту міндеттерін шешу жөніндегі негізгі тәсілдер айқындалған бағдарламалар қабылданған.

1. «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заң;
2. Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы;
3. Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастырудың және дамытудың 2005-2015 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі – ҰИҚ);
4. Қазақстан Республикасының технологиялық дамуының 2015 жылға дейінгі бағдарламасы.

Сонымен қатар «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңы негіздік сипатқа ие, бір ғана заңды тұлғаның («Ұлттық инновациялық қор» АҚ) қызметінің аспектілерін көрсететін нормалардан тұрады. Заң жобасы әртүрлі заңды тұлғалардың, оның ішінде негізгі қызметі бірінші кезекте әртүрлі бағыттардағы инновациялық саланы дамытуға бағытталған «Ұлттық инновациялық қор» АҚ, «Ғылым қоры» АҚ және «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ сияқты даму институттарының мүдделерін кеңейтетін нормалар көзделген. Әлемдік тәжірибе талдауының негізінде, сондай-ақ ТМД елдері Парламентаралық Ассамблеясы ұсынымдарының негізінде заң жобасында түсіндірмелік аппарат нақтыланды, жаңа санаттар енгізілді – «инновациялық дамыту институттары», «инновациялық дамытудың шаралар кешені».

Бұл жағдайға қазіргі заманғы кезеңдегі біздің мемлекетіміздің даму жағдайларында жол берілмейді, осыған байланысты заң жобасын әзірлеу кезінде Министрлік әртүрлі заңды тұлғалардың мүдделерін заңнамалық деңгейде бейнелемейтін, бірақ мемлекеттік қолдаумен инновациялық қызмет субъектілерінің көпшілік санын қамтуға мүмкіндік беретін нормаларды енгізді.

«Инновациялық дамыту институттары» ұғымы қаржылық және инновациялық даму институттарының арасындағы айырмашылық үшін енгізілді. Заң жобасында Қазақстан Республикасы Үкіметінің тек қана инновациялық қызметті жүзеге асыратын болатын инновациялық дамыту институттарының тізбесін бекітудегі құзыреті көзделген.

Сонымен қатар, Қазақстанның инновациялық дамуындағы әлемдік тәжірибе және деңгей назарға алынған, заң жобасында технопарктерге қатысты нормаларға ерекше назар аударылған.

Осылайша, қолданыстағы Заңға сәйкес технопарк ретінде елдің әртүрлі өңірлеріндегі кез келген кәсіпорындармен, қауымдастықтармен және ұйымдармен ретсіз құрылған заңды тұлға айқындалады. Заң жобасында технопарктерді жергілікті атқарушы органмен келісілген уәкілетті органның ұсынысы бойынша Үкіметтің шешімімен ғана құру нормасы жолға қойылған, яғни жер учаскелерін беру мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың құзыретіне жатқызылған. [4].

Қолданыстағы заңды іске асыру кезінде онда инновациялық гранттарды ұсыну тәртібін ұйымдастыру бойынша нормалар қатары жоқ екендігі анықталды. Жаңа редакцияда осы ұғым инновациялық гранттар туралы шартта көзделген шарттарда берілетін қаражат ретінде айқындалған. Қолданыстағы Заңға сәйкес «инновациялық грант» ұғымы «инновациялық жобаның тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерін орындау, техникалық-экономикалық негіздемесін дайындау, өнеркәсіптік меншік объектісін шет мемлекеттерде және (немесе) халықаралық патенттік ұйымдарда патенттеу, инновациялық технологиялар сатып алуға грант үшін грант беруші мен грант алушы арасындағы шартпен көзделген жағдайларда бюджеттен берілетін трансферт» деп түсіндіріледі. Өз кезегінде Бюджеттік кодексте бюджеттер деңгейлері арасындағы трансферттер ғана және жеке тұлғаларға трансферттер, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларға бюджеттік субсидиялар көзделген, осыған байланысты инновациялық грантты айқындау қайта қаралған болатын және ұсынылып отырған редакцияда осы ұғым инновациялық грант туралы шартта көзделген шарттарда ұсынылатын бюджет қаражаты ретінде айқындалған.

Заң жобасы жаңа инновациялық гранттар түріндегі мемлекеттік қолдау нормаларын белгілейді – инновациялық технологиялар сатып алуға грант, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар мен (немесе) қолданбалы сипаттағы тәуекелдік зерттеулерді орындауға грант.

«Инновациялық гранттарды беруді көздеу» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде жалпы 450 млн. теңгеге 2009-2011 жылдарға арналған тиісті бюджеттік қаражат.

Қазақстанда ЖІӨ-ге ғылымға шығыстар үлесі соңғы жылдары 1,1%-дан аспайды, яғни ғылыми-техникалық қызмет елдің экономикалық дамуының негізі болып табылады. Саланың тепе-теңсіздігінің құрылымы: қаржыландырудың 71%-ы қолданбалы зерттеулерге тиесілі болады, ал тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға әдетте 8% бөлінеді. Іргетастық ғылымның өзіне ғана жалпы тиісті орташа әлемдік деңгейде 21% көлемде қаражат бөлінеді.

Заң жобасының оған тән және бір ерекшелігі инновациялық дамудың шаралар кешенін қалыптастыру арқылы мемлекеттік инновациялық қызметті жүзеге асыру болып табылады, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулысымен бекітілетін болады.

Инновациялық дамудың кешенді шаралары республикалық бюджет қаржысынан қаржыландыратын болады және мыналарды қамтиды:

- 1) жаңа немесе жетілдірілген өнімдерді, қызметтер мен процестерді алуға және оларды экономикалық айналымға енгізуге бағытталған іс-шараларды қаржыландыру;
- 2) маркетингтік зерттеулер жүргізу;
- 3) технопарктердің жеңілдетілген шарттарда қызметтер ұсынуы жөніндегі іс-шараларды жүргізу;
- 4) инновациялық инфрақұрылым құру және оны дамыту;
- 5) отандық ғылыми-зерттеу ұйымдарын дамыту;
- 6) жаңа немесе жетілдірілген өнімдерге, қызметтер мен процестерге сынақтар жүргізуге, оларды сертификаттауға және стандарттауға жәрдем көрсету;
- 7) инновациялық қызметке арналған кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

Инновациялық дамудың бұл шаралар кешенін инновациялық қызмет саласындағы уәкілетті орган қалыптастырады және оны инновациялық даму институттары іске асыратын болады. Өз кезегінде «Ұлттық инновациялық қор» АҚ, «Ғылым қоры» АҚ және «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ және «ҚазАгроИнновация» АҚ-ны инновациялық қызмет институттары ретінде айқындау болжанады. [5].

Ұсынылған тетіктерге сәйкес мемлекеттік қолдау нысандары, сондай-ақ инновациялық қызмет саласындағы уәкілетті органдардың құзыреті өзгертіліп,

толықтырылды. Сонымен қатар, заң жобасында енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға байланысты бірқатар нақтылайтын түзетулер бар.

Жалпы алғанда заң жобасы қабылданған жағдайда біз:

- инноваторларды ынталандыруға, ғылымның өндіріспен байланысын нығайту үшін қажетті жағдайлар құруға, өңірлерде инновациялық белсенділікті арттыруға арналған нормативтік база өзектендіріледі;

- инновациялық гранттарды іске асыру әзірлеуші ғалымдарға, жас мамандарға, шағын инновациялық кәсіпорындарға елеулі көмек көрсетуге мүмкіндік береді;

- шаралар кешені нақтылы (нақты) инновациялық жобаны іске асыруға бағытталған іс-шараларды қаржыландыруға мүмкіндік береді деп күтеміз.

Біз «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу экономиканың нақты секторында инновациялық белсенділікті арттыруға және ынталандыруға мүмкіндік береді деп болжаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә. Назарбаев «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасы», Астана, 2006.

2. "Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі технологиялық даму бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 қарашадағы № 1131 қаулысы.

3. ҚР Президентінің 6 сәуір 2007 жылғы №310 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы

4. "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы" 2003ж. 17 мамыр

5. «Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2006-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 17 мамырдағы № 1096 Жарлығы.

6. "Индустриялық-инновациялық инфрақұрылымды (арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, технопарктер, бизнес-инкубаторлар) қалыптастыру және дамыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы № 1294 қаулысы.

ТҮЙІНДЕМЕ

Қазақстан экономикасын, оны әртараптандыру және бәсекеге қабілеттілігін жедел дамыту бүгінгі күні инновациялар мен жаңа технологияларды енгізусіз мүмкін еместігі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается внедрение инновационной деятельности и новой технологии в развитии экономики и конкурентоспособности в рыночной экономики РК.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯНЫҢ РӨЛІ

Ибрагимова Ж.С. – ізденуші (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақстанның қазіргі кезде инновациялық даму жолына бет бұруының өзі елдің әлемдік қатаң бәсекелік күресте экономикалық, әлеуметтік, саяси, экологиялық, жалпы алғанда ұлттық шаруашылықтың кез келген саласы жағынан мықты болу мақсатынан туындауда.

Инновация – бұл қоғамның әл-ауқатын сапалы түрде жақсартуға, яғни әлеуметтік-экономикалық, экологиялық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін, кәсіпкердің жоғары пайда алуын ынталандыратын инновациялық қызмет нәтижесі.

Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, Қазақстан инновациялық қызмет құрылымы жағынан экономикасы дамыған елдерден айтарлықтай айырмашылықта болып отыр. Мәселен, өнеркәсібі дамыған елдерде инновациялық белсенділік жоғары технологиялық салаларда байқалса, Қазақстанда инновациялық технологиялар өңдеуші өнеркәсіп салаларында енді ғана бастау алып келеді. Дамыған елдердегі инновациялардың экономикалық ортасы да инновациялық қызметті жүргізуге қолайлы инвестициялық ахуалмен, дамыған рыноктық институттармен, ғылым мен жаңа технологиялардың тығыз байланысының жоғары деңгейімен сипатталады.

Қазақстанның инновациялық дамуын институционалдық және қаржылық қамтамасыз ету бағыты бойынша ҰИЖ-дің және инновациялық процестерді қамтамасыз ететін құқықтық, қаржылық, әлеуметтік сипаттағы институттар кешенінің іс-әрекетін жандандыру қажеттілігі туындап отыр.

Кез келген жаңа өнімді немесе қызметті, жаңа технология мен техниканы инновация деп қарастыру үшін қазіргі таңда оның тек рыноктық аспектісіне ғана емес, сапалы экономикалық дамуды, экологиялық, әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүмкіндігі жағынан қарастыру керек. Себебі әлемдік экономика дамуының жаңа сатысында ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бірден-бір сара жолы инновациялық даму бағыты болып табылады.

Инновациялық дамудың әлеуметтік-экономикалық және экологиялық құраушылары қазіргі экономикалық өсу қағидаларына сай өркендеуде үлкен мәнге ие болып отыр. Халықтың қажетті материалдық игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз етілуі, жұмыспен қамтылуы және еңбек ету шарттарының заңды түрде орындалуы, адам құқықтарының қорғалуы, денсаулығы, білім алуға қабілеттілігі, әлеуметтік қамсыздандырылуы, адамның өзін-өзі жетілдіруіне қажетті бос уақытының бар болуы және басқалары инновациялық дамудың әлеуметтік сипатын бейнелесе, экологиялық шиеленістердің үдеуі, табиғи ресурстар қорының жылдан жылға азаюы, осы аталған проблемаларды шешудің теориялық және тәжірибелік деңгейде нақты әдістерінің, тәсілдерінің жеткіліксіздігі оның экологиялық құраушы бөлігінің маңызын анықтайды.

Әлемдік экономика дамуының жаңа сатысында ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бірден-бір сара жолы инновациялық даму бағыты болып табылады.

Ал, инновациялық дамудың негізгі мақсаты – жаһандану үдерісі аясында ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін нығайту, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелерді шешу арқылы халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту. Ендеше, инновациялық даму – бұл рынокта адамның өмір сүру сапасын жоғарылатуға мүмкіндік беретін жаңа тауарлар мен қызметтер ұсынысының артуы. Нақтырақ айтқанда, инновациялық даму – ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыру негізінде қоғамның өмір сүру сапасын жақсартуға жағдай жасайтын даму.

Қазақстан экономикасында азаматтық өнеркәсіп салалары, яғни тұтынушының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған машина жасау, жеңіл және азық-түлік, металл өңдеу, құрылыс, мұнай-химия және басқа да өнеркәсіп салаларының үлесі он пайыздан аспайды. Нәтижесінде ішкі рыноктық сұранысты толық қанағаттандыру мақсатында тұтыну тауарларын импорттауға мәжбүрміз. Бұл тұтыну тауарларын отандық өндірушілер де өндіріп, ұсына алады. Қазақстанның әлемдік рынокқа сәтті енуіне және халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуына жағдай жасайтын жол – әлемдік стандарттарға сәйкес ұлттық экономиканың бәсекеге қабілетті болуы.

Қазақстанның ғылыми-технологиялық әлуетін бағалау үшін алдымен оның әлсіз және артықшылығы басым жақтарын анықтау қажет. Оның әлсіз жақтарына біріншіден, ғылыми зерттеулер жүргізуге қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге қаржының жеткіліксіздігін, ғылыми ұйымдар мен ЖОО-да материалдық-техникалық базаның ескіруін айтуға болады. Екіншіден, ғылыми-зерттеу ұйымдарының рынокқа бейімделуінің дамымауына байланысты ғылым мен өндіріс арасындағы байланыстың әлсіздігі, көптеген зерттеу және білім беру мекемелерінің бір-бірінен, отандық және халықаралық өнеркәсіптен оқшауланып қызмет етуі. Қазақстанда және басқа да посткеңестік елдерде салалық ғылыми мекемелер өндіріспен өте әлсіз байланысқан, себебі өнеркәсіпте ғылыми-техникалық жетістіктерге деген қажеттіліктерді ынталандыру ісі мен олардың инновациялық белсенділігі өте төмен. Бұл тек Қазақстанға ғана емес, ТМД-ның басқа да мемлекеттеріне тән құбылыс.

Бұл Қазақстан үшін әлсіз тұстардың бірі. Халық шаруашылығының көп салаларында тұтынушы талаптары жеткілікті дәрежеде жоғары емес. Ол киім-кешек, азық-түлік, жиһаз өндірісі, қызмет көрсету және басқалары. Мұның өзі өткізу жүйесінің дамымағандығын сипаттайды. Сонымен қатар, оған қазіргі кезде халықтың табысының салыстырмалы түрде төмен болуы және тұтыну тауарлары мен қызметтеріне бағаның өсуі себеп болып отыр. Ол өз кезегінде тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысын азайтады.

Халықтың табысы салыстырмалы түрде аз болғандықтан, оның көп бөлігі арзан тауарлар тұтынуға ұмтылады. Ол сапасы төмен, әлемдік стандарт талаптарының иісі де сезілмейтін тұтыну тауарлары.

Қазақстанда ұсақ бөлшек сауда басым, кейінгі жылдары ірі қалалық орталықтар, ірі сауда кешендері (супермаркеттер, гипермаркеттер) ашылып жатыр.

Инновациялық-инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін алдымен институционалдық-ұйымдастырушылық, қаржылық жағынан қамтамасыз етіп, елдің стратегиялық даму бағытын нақтылау қажет. Сонымен қатар елде бәсекелік ортаны қалыптастырып, инвестициялық саясат механизмдерін жетілдіріп, заң жүйесінің тиісті дәрежеде орындалуын қатаң қадағалау қажет.

Инновациялық дамудың әлеуметтік-экономикалық факторларының тағы бір алғышарты – инновациялық өнім жасап, оны өндіріс саласына енгізуге қабілетті мамандардың бар болуы. Бүгінгі таңда кәсіпкерлерге қойылатын талап аса жоғары болуы тиіс, себебі олар инновацияны өз тұрғысында бағалап қана қоймай, оны өз компаниясына енгізуді ұйымдастырып, инновациялық идеяларды жедел қабылдамаса, қазіргі қатаң бәсекелік күресте жеңу мүмкін емес. Демек, өз жұмысында инновациялық ойларды іске асыра білген адам да, компания да алдыңғы қатардан көрінеді деген сөз. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы автордың ғылыми зерттеулерінде де зерделенді.

Қазіргі таңда әлемдік экономикада аса маңызды үш инновациялық бағыт қалыптасуда. Олар информатика, денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау. Бұл аталған салалардың әрқайсысы, сарапшылардың бағалауы бойынша, ХХІ ғ. экономикалық дамудың басты көзіне айналады.

Осы бағыттағы жобаларды, жаңа технологияларды жүзеге асырудың мультипликаторлық әсері мен оның қоғам өмірінің барлық салаларына тигізетін әсері жоғары. Себебі, осы салалардың жоғары тұтыну сұранысына және қолданбалы, іргелі

зерттеулерді жүргізу үшін мүмкіндіктері мол.

Ғылым мен техниканың жетістіктері арқылы өз экономикасын алға жылжытып, дүниежүзілік рынокта алдыңғы қатарлы елдер қатарына шыққан көптеген мемлекеттер бар екенін тарихтан жақсы білеміз. Осыдан бірнеше онжылдықтар бұрын әлемдегі дамушы мемлекеттер қатарында болған Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінің тез арада дамып кетуі бұған нақты мысал бола алады.

Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» заңына сәйкес инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары анықталған. Олар:

мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыру үшін ұйымдық және экономикалық, соның ішінде инвестициялар тартуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау арқылы инновациялық қызметті ынталандыру;

- инновациялық даму басымдықтарын айқындау;
- инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту;
- мемлекеттің инновацияларды құруға және енгізуге қатысуы;
- отандық инновацияларды сыртқы нарықтарға жылжыту;

Технологиялар трансфертің қоса алғанда, инновациялық қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық Қазақстанда жеке зерттеушілердің инновациялық технологиялары мен өнімдерін коммерцияландыруға қатысуын ынталандыруда нақты іс-шараларды ұсыну қажет. Оның бірі зерттеушілер үшін патенттеу мен авторлық құқықты қорғау жүйесін жетілдіріп, олардың инновациялық технологияны әзірлеп, ұсынушы жеке және заңды тұлғаларға патенттің белгіленген бөлігін алуына мүмкіндік беру болып табылады.

Бүгінгі таңда әлемде табиғи ресурстарды өндірісте аз мөлшерде тұтынатын, бірақ қазіргі заманғы технологияларға, ғылыми сыйымдылығы жоғары өндіріске, біліктілігі жоғары мамандарға ие елдер алдыңғы қатарға шығып отыр. Бұл ұлттық бәсекеге қабілеттілікті қалыптастырудағы білім мен ғылым саласының маңыздылығының артуын сипаттайды. Білім өздігінен экономикаға тасымалданбайды және де ғылыми зерттеулер мен өңдеулерге немесе жоғары білімнің басқа да өнімдеріне салынған инвестициялардың оңтайлы қайтарым беретіндігіне ешқандай кепіл жоқ. Ғылыми-техникалық білімнің максималды деңгейде пайда әкелуі үшін «ұлттық инновация жүйесін», яғни инновацияны зерделеп, таратуға және енгізуге бағытталған кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығын кешенді жүйе шеңберінде дамыту қажет. ҰИЖ ұлттық, дәстүрлік, саяси, мәдени ерекшеліктерге ие және ол инновациялық үдерістерді қамтамасыз ететін құқықтық, қаржылық, әлеуметтік сипаттағы институттар кешені ретінде белгілі.

Қазақстанның индустриалық-инновациялық дамуын технологиялық, қаржылық, құқықтық қамтамасыз ету мақсатында республикада келесідей даму институттары құрылды: «Ұлттық Инновациялық Қор», «Инвестициялық Қор», «Қазақстан Даму Банкі», «Экспорттық несие мен инвестицияны сақтандыру бойынша мемлекеттік сақтандыру корпорациясы», «Инжиниринг және технология трансфертеу орталығы» және басқалары. Даму институттарының алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – экономикалық өсудегі шикізаттық фактордың рөлін біртіндеп төмендетуге бағытталған, экономикадағы, өнеркәсіптік өндірістегі құрылымдық ілгерілеу болып табылады. Даму институттарының мақсаты тікелей мемлекеттің араласуын қамтамасыз ету емес, керісінше, бизнеске сервистік қызмет ұсына отырып, жеке бастаманы қолдау болып табылады.

Отандық экономиканың болжау мүмкіндігі бар болашағы үшін үдемелі ұдайы өндіріс үдерісін дербес қаржыландыру, ынталандыру мәселелерін қажетті деңгейде ұстап тұру іс-әрекеттері мүдделі тараптардың – мемлекеттің және жеке бизнестің күнделікті бақылауында болуы тиіс. Мультипликаторлық әсері бар өндірістік кешендердің жұмысына, әсіресе, инновациялық тұрғыдан қарастырғанда, мейлінше басымдықтар

берілуі қажет. Мемлекеттің инновациялық кәсіпкерлікті ынталандыру жөніндегі күш-жігері шоғырлануға тиіс бағыттарын жүзеге асыру жолдары ретінде төмендегілерді айта кету керек:

- барлық шаруашылық субъектілердің инновациялық қызмет жүргізуі үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында салық жүйесін жетілдіре түсу;
- білімнің мамандандырылған желілерін құру;
- инновациялық қызметтің тиімділігін арттыру үшін институционалдық, қаржылық және құқықтық қолдау жүйесін жетілдіру;
- шетелдік инвесторлармен бірлескен инновациялық кәсіпорындар құруды ынталандыру;
- инновациялық тәуекелдерді сақтандыру тетіктерін жасау және басқалары.

Сонымен, инновациялық саясаттың ең басты ерекшелігі – әлеуметтік-экономикалық даму бағытын ұстана отырып, қолға алынған жобаларды тиімді жүзеге асыру арқылы ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін нығайтып, халықтың әлауқаты деңгейін жақсартудағы рөлінің жоғары болуы. Сондықтан инновациялық дамуға бағыт алу негізінде Қазақстан-2030 Стратегиясында, Елбасының жыл сайынғы Жолдауларында анықталған негізгі мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің, әлемдік бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосылу мүмкіндіктерінің жылдан жылға арта беретіндігіне үлкен сеніммен қараймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 сәуірдегі № 319 қаулысы // <http://www.zakon.kz>.
2. Кенжегузин М.Б., Днишев Ф.М., Альжанова Ф.Г. Наука и инновации в рыночной экономике: мировой опыт и Казахстан. – Алматы: ИЭ МОН РК, 2005. – 256 с.
3. Фатхутдинов Р.А. Инновационный менеджмент: Учебник для вузов. – 5-е изд. – СПб.: Питер, 2006. – 448 с.
4. Максимов Ю., Митяков С., Митякова О., Фалеева Т. Инновационный мультипликатор и экономический рост // Инновации. – СПб. – 2004. – № 5. – С.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағытын ұстана отырып, қолға алынған жобаларды тиімді жүзеге асыру арқылы ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін нығайту жолдары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается использование проектов совершенствования конкурентноспособности национальной экономики Казахстана, придерживаясь социально - экономического развития.

КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Касенова А.С. – э.ғ.м., оқытушы,
Ыбышова С.Т. – доцент м.а., п.ғ.к. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазіргі кезде Қазақстан нарықтық экономикалық ел ретінде танылған мемлекет, ол жаңа экономикалық даму кезеңіне жол ашты. Көптеген жылдар бойы қалыптасқан жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға көшуі, экономикада жаңа ұғымдардың пайда болуына алып келді. Сол ұғымдар арасында «Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі» ұғымы қазіргі уақытта кең қолданысқа ие. Өнімнің сапа және бәсекеге қабілеттілігі мәселесі қазіргі жағдайда әмбебап сипатқа ие.

2007 жылдың 28 ақпанында Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында бәсекеге қабілеттілік – Қазақстанның әлемдік экономика мен қоғам дастыққа табысты кірігуінің кілті деп айтылған. Бұл – біздің әлемнің бәсекеге барынша қабілетті елу елінің қоғамдастығына қарай жедел жылжуымыз және оның тұрақты мүшесі ретінде Қазақстанның тұғырнамасын нығайту және мұның қажетті шарты – Қазақстан тауарлары мен қызметтерінің озық халықаралық стандарттардың сапалық деңгейіне шығуы деп елбасымыз айтып кетті.

Қазіргі уақытта еліміз биік белесті бағындыру қарсаңында. Елдің дамуы бағытын анықтайтын және оған қарқын беретін « Әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына ену стратегиясы» және БСҰ-ға кіру нағыз ұлттық идеяға айналған. Осыған жетудің бірден-бір жолы кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Нарықтық қатынас жағдайында тиімді еңбек ету бәсекелестік тартымдылықты күрделей түсе отырып, кәсіпорындардың тұрақты жұмыс істеуіне итермелейді. Сапалы бәсекеге лайықты өнім өндіруге барлық өндірістер жұмыс істейді, бұл олардың тұрақтылық пен жаңалаудың бір түрі. Осы қойылған мақсаттарға ету үшін, олар өздеріне ұзақ мерзімді бағдарлама қабылдайды.

2010 жылдың қаңтарында ел халқына жолдауында елбасымыз Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жария етті.

Қазірдің өзінде оны жүзеге асырудың алғашқы жылының нақты қорытындылары бар. Халықаралық нарыққа шығу үшін сапалы өнім қажет және жоғары сапалы өнім өндіретін салалар білікті мамандармен қамтамасыз етілуі тиіс. Сонда ғана белгілі нәтижелерге қол жеткізгенімізге сенім артуға болады. Елімізде жүзеге асырылып жатқан индустриялық-инновациялық даму стратегиясы да дәл осы мақсаттарды көздейді. Бүкіл ел бойынша сегіз жүзге жуық әртүрлі өндіріс орны құрылды. Статистика мәліметтеріне жүгінсек 700-ге жуық тарта кәсіпорын халықаралық сапа белгісі ИСО – 9001-ге ие болды. Бірақ та бәсекеге қабілетті өнім шығару үшін әлі де аздық етеді.

Нарықтық экономикада бәсекелестік маңызды фактор болып табылады. Ол адамдардың шаруашылық қызмет жүргізу түріне едәуір дәрежеде ықпал етеді.

Бәсекеге қабілеттілік әр түрлі деңгейлерде қарастырылады, яғни, өнімнің, фирманың немесе кәсіпорынның, саланың, экономиканың және мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі болып. Осыған орай бәсекеге қабілеттілік пирамидасын келесі суреттен (1-сурет) көруге болады.

Суреттен көріп отырғанымыздай, бәсекеге қабілеттілік пирамидасының ең жоғарғы шыңы елдің немесе мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі болып табылады. Оны қамтамасыз ету үшін елдің экономикасының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету керек. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігі саланың бәсекеге қабілеттілігіне байланысты болады. Саланың бәсекеге қабілеттілігі кәсіпорындардың және олардың өзара әрекеттестігі жүйесімен сипатталады. Ал кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі

міндетті түрде – бәсекеге қабілетті өнімдер (қызметтер, жұмыстар) өндіру және өткізу, өндірістік-шаруашылық қызмет бойынша бәсекелік артықшылықтарға жету.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі отандық экономикада ғана емес әлемдік экономикада да кеңінен зерттелуді қажет ететін мәселе болып табылады. Кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігі – бәсекелестермен салыстырғанда бағалық және бағалық емес сипаттары бойынша тауарлары тұтынушыларға ұнамды, дер кезінде жоспарлап, дайындап өткізуге нақты мүмкіндігі бар кәсіпорын.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі – бәсекелік нарық жағдайында меншікті және қарыздық ресурстарды тиімді басқару мүмкіндігі. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі оның нарықтық бәсеке жағдайларына бейімделу мүмкіндігі мен серпінін сипаттайды.

Кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін анықтайтын көрсеткіші болып өнімнің бәсеке қабілеттілігі табылады.

М.Портердің пайымдауынша кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін анықтайтын бес бәсекелік күш бар:

- Бір саланың бәсекелес кәсіпорындары арасындағы тартыс;
- Ауыстырмалы тауарлар шығаратын кәсіпорындар тарапынан болатын бәсеке;
- Салаға жаңа бәсекелестердің ену қаупі;
- Тасымалдаушылардың саудаласу мүмкіндіктері;
- Тұтынушылардың саудаласу мүмкіндіктері.

Кәсіпорынның нарықтағы ұстанымын талдау кезінде оның күшті және әлсіз жақтарын ғана емес, сонымен қатар әсер ететін нақты факторларын анықтау керек. Кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігіне мынадай бірқатар факторлар әсер етеді: кәсіпорын өнімдерінің сыртқы және ішкі нарықта бәсекеге қабілеттілігі; өндірілетін өнімдердің түрлері; нарықтың сымдылығы; нарыққа кіру жеңілдігі; осы нарықта жұмыс істеп жатқан кәсіпорындардың бәсекелік ұстанымдары; саланың бәсекеге қабілеттілігі; аймақтың және елдің бәсеке қабілеттілігі.

Әлемдік бәсекеге қабілеттілік бойынша Дүниежүзілік экономикалық форумның жыл сайынғы есебінде, 125 мемлекеттің ішінен Қазақстан 56-шы орын алып, бұрынғы КСРО елдерінің барлығын және Шығыс Еуропаның көп елін артта қалдырған.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі мәселесін қарастырғанда өнеркәсіп кез-келген елдің экономикалық әлеуетінің негізі болып табылатындығын атап көрсету керек.

Бұл қуантарлық көрсеткіш, сондықтанда одан әрі даму үшін отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру керек, соның мысалы ретінде ЖШС "Евро Бекери и Томис Пастери" мысалға алуға болады.

Бұл кәсіпорынның негізгі қызметі нан және нан бұйымдары, кондитерлік бұйымдар және көтерме сату ұйымы.

ЖШС "Евро Бекери и Томис Пастери" нан және кондитерлік өнімдерінің ерекшелігі болып шығаратын өнімнің сапасы, өнімнің арзанырақ бағасы және орау дизайнының әртүрлілігі.

Кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігі мәселесін толығырақ бағалау үшін оның критерийлері (өлшемдері) мен көрсеткіштеріне баға беру керек. Келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады:

Бірінші критерий кәсіпорынның өндірістік қызметінің тиімділігі. Осы критерий бойынша кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін бағалау мынадай көрсеткіштер тобын қарастырады: өндірістік үрдістерді басқару тиімділігі; өндірістік шығындардың үнемділігі; негізгі еңбекті ұйымдастыру; өнімді өндіру; технологияның жетілгендігі.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің екінші критерийі кәсіпорынның қаржылық жағдайы, яғни: мүліктік жағдайды бағалау; кәсіпорынның өтімділік және қабілеттілік көрсеткіштері; қаржы тұрақтылығы көрсеткіштері; іскерлік-белсенділік көрсеткіштері; кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтиже көрсеткіштері.

Үшінші критерийіне тауар қозғалысы мен өткізуді ұйымдастырудың тиімділігі. Бұл критерий келесі көрсеткіштермен сипатталады: дайын өнімнің жиналып қалу коэффициенті; сағу рентабельділігі; өндірістік қуаттарды жіктеу коэффициенті; жарамдылықтың тиімділігі.

Кәсіпорынның өндірістік қызметінің тиімділігі келесідей көрсеткіштермен сипатталады: қор қайтарымдылығы мен қор сыйымдылығы; материал қайтарымдылығы және материал сыйымдылығы; еңбек өнімділігі мен еңбек сыйымдылығы.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін келесі факторлардың жоғарылату жолдары қарастырылуы тиіс. Бұл факторлар өнімді зерттеуде өзіндік сипаттары бойынша 4 топқа бөліп қарастырылады:

Бірінші топ - өнімнің сапасын арттыру шаралары немесе кәсіпорынның сапа жүйесін жетілдіру.

Екінші топ - өнімнің бағасын қалыптастыру немесе баға саясатын реттеу.

Үшінші топ - өнімнің тартымдылығын арттыру немесе кәсіпорын маркетингті жүйесін жеылдіру.

Төртінші топ - өнімнің бәсекелік қабілетін қамтамасыз ету немесе өндірісті мемлекеттік қолдау.

Өндіріске инновациялық және ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізу, алдыңғы қатарлы озық технологияларды пайдалану тек өнімнің сапалық қасиеттерінің жақсаруына ғана емес, шикізат пен материалды үнемді пайдалануға, сонымен қатар оның баға бәсекелесу жағдайындағы өтімділігін арттыруға да серпін береді.

Қазіргі экономиканың әлемдік бәсекелестікке шаруашылықтардың тәжірибесінде жалпы мемлекеттік жоспарлау бюджеттік, стратегиялық, индикативті, директивті түрлерге бөлінуде. Соның ішінде экономикасы дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін, бәсекеге қабілетті өнім өндіру үшін, Қазақстанға стратегиялық және индикативті жоспарлаудың маңызы айтарлықтай болып отыр.

Стратегиялық жоспарлаудың мәні, шектеулі қор көлемі бойынша дамудың магистралды бағытын тауып, экономиканың қолайлы тұстарын тиімді пайдаланып жағымсыз жақтарының әсерлерін бейтараптандыру.

2010 жылы аймақта өңдеуші өнеркәсіп орындарында жылдық өсу қарқыны 8-8,4% мөлшерінде болса, ол 2015 жылы еңбек өнімділігі кемінде үш есеге арттыру және жалпы ішкі өнімге энергия сыйымдылығын 2 есе төмендету, өңдеуші өнеркәсіптердің негізгі қорларының өнімділігін арттыру белгіленген:

- кәсіпкерлік ахуалды, құрылымды және жеке секторларды ынталандыратын, әрі бәсекелестік артықшылықты жетілдіретін қоғамдық институттарды қамту, қосылған құнға барынша қол жеткізе отырып, нақты өндіріске қосылған құндар тізбегіндегі элементтерді игеру;

- ғылымды көп қажет ететін және жоғарғы технологиялық экспортқа негізделген өндірістерден өнім өндіру бәсекеге тартымды, оларды ынталандыру;

- мемлекеттің экспорттық әлеуметтік қосылған құны, жоғарғы тауарлар мен қызметтердің пайдасына қарай әртараптану;

- сапаның әлемдік стандартына көшуі;

- дүниежүзілік ғылыми-техникалық және инновациялық процестерге қосыла отырып, өңірлік және әлемдік экономикамен ықпалдасуды күшейту қарастырылған.

Республикадағы өңдеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге қабілетті және экспортқа төтеп беретін, бейімделген тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндірісі мемлекеттік индустриалды-инновациялық саясаттың басты бағыттары болып қала бермек.

Қазіргі кезде еліміздің экономикасы, әлемдік экономиканың ғаламдану жағдайында бірқатар проблемаларға тап болуда. Олар:

- өндірістердің әлі де болса шикізаттың бағыттылығының барлығы;

- экономиканың, әлемдік экономикадағы бірлесуіне әлсіздігі;

- мемлекет ішіндегі салааралық және өңіраралық экономиканың бірлесуінің босандығы;
- ішкі нарықта тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының мардымсыздығы;
- өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамымауы;
- кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалушылығы;
- ғылым мен өндірістің арасындағы өзара тығыз байланыстың болмауы;
- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) қаржының аз бөлінуі;
- ғаламдану процесіне, менеджмент және сервистік-технологиялық экономиканың өтуге бейімделмеуі, міндеттерінің сәйкес келмеуі.

Осы мәселелерді шешу үшін, Даму Банкі, мемлекеттің инвестициялық қоры және басқа стратегиялық жоспарлауға қатысатын институттар ғылымды және инновациялық қызметтерді ынталандыратын бағыттарды және инновациялық саясатты жүргізулері керек. Осы қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қаржы нарығын одан әрі дамыту және білім беру, монополияға қарсы, инфрақұрылымдық саясатты жетілдіру мәселелері алда тұр.

Өнім өндірушілерді мемлекеттік қолдау мемлекетіміздің алға қойған басты мақсаттарының бірі болып саналады. Бұл мәселе мемлекетіміздің басты «Қазақстан-2030» стратегиясында айқындалған: «тек шикізатқа бағдарланған ел болып қалмау үшін біз жеңіл және тамақ өнеркәсібін, инфрақұрылымды, мұнай мен газ өңдеуді, химия мен мұнай химиясын, машина жасаудың жекелеген шағын салаларын, ғылымды қажет ететін түпкілікті өндірістерді, қызмет көрсету саласын, туризмді бұрынғыдан да ілгері дамытуға тиіспіз».

Отандық нарықта ішкі өндірушілердің үлесін арттыру, оларды сыртқы бәсекелестердің теріс пиғылды бәсекеге әрекеттерінен қорғау, әлемдік нарықта өз орнын табуға бағытталған ынталарын жан-жақты қолдау сынды әрекеттер мемлекетіміздің осы сала кәсіпорындарына жасайтын қамқорлығына өзек болуы тиіс. Ол үшін өндірісті мемлекеттік қолдау келесі бағыттар арқылы жүзеге асады:

1. Еліміздің Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі қарсаңында отандық өнім өндірушілерді заңдық тұрғыдан қорғайтын шаралар дайындау. Бұл бағытта осы ұйымға мүше болған басқа елдердің тәжірибесін назарға алу керек. Соңғы жылдары осы ұйымға мүше болған мемлекеттер (Латвия, Эстония, Грузия, Литва, Молдова және Қытай). Мұнда экспорттық субсидияларды пайдалану, кейбір импорттық өнім түрлеріне жоғарылатылған баж салықтарын қалдыру, қолдауды қажет ететін салаларға мемлекеттік жеңілдетілген кредиттер беру, тағы басқа да жағдайлар қарастырылған.

2. Нақты сала кәсіпорындарына, яғни өнімді өңдеу секторына қатысты мемлекеттік инвестициялық саясат ұстану. Қазіргі кезде зейнетақы қорлары, ұлттық қор, даму институттары, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар, мемлекеттік холдингтік компаниялар, сақтандыру қорларының жинақтаған қаржыларын тиімді несиелеу тетіктері арқылы аталған саланы қолдауға болады.

3. Жалпы өнеркәсіптік саясат шеңберінде экономикалық қолдау шараларын енгізу. Бұл бағыт кәсіпорынның қолайлы дамуы мен өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі талап өнім өндірушілерді экономикалық қолдаудың тетіктерін жетілдіруге бағытталуы тиіс. Салықтық, кедендік, қаржы-кредиттік, ұйымдастырушылық, құқықтық, монополияға қарсы шаралар арқылы өнеркәсіптің өркендеуін қамтамасыз ету мемлекеттік қолдаудың негізі болуы қажет.

4. Мемлекеттік саясаттың негізгі түйіні өндірістік және ғылыми-техникалық кешендерді жиынтық түрде ішкі және сыртқы факторларды, сауда жүйесіндегі әлемдік талаптардың негізгі қағидаларын сақтай отырып икемді, бәсекеге қабілетті өнімді

шығаруға негізделуі тиіс. Осы арқылы мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады.

5. Мемлекеттік саясаттың тағы бір ерекшелігі өндірісті тікелей қолдау ғана емес, бәсекелі ортаны дұрыс реттеу арқылы өндірушілерді кәсіпорынға соңғы ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізуге, өнімді дайындау технологиясын жетілдіруге, қаржыларды тиімді пайдалануға, өндірісті жүйелі дамыту мен нәтижелі басқаруға, яғни, ең бастысы бәсекеге қабілетті өнім шығаруға ынталандыру арқылы бейнеленуі мүмкін.

Сонымен қазіргі кезде экономикалық даму стратегиясына сәйкес кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын аттыруға тікелей әсер етеді.

Қазақстанның әлемдегі дамыған елу елдің қатарынан лайықты орын алу үшін, ең алдымен, еліміздегі отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, олардың әлемдік нарықта да бәсекеге түсе алатындай жоғары сапалы өнімдер өндіруіне жағдай жасауға, озық технологияларды енгізуге және қызмет тиімділігін арттыруға мән беруіміз қажет. Яғни, бұл мақсатта отандық кәсіпорындардың мемлекет тарапынан белгілі бір дәрежеде қолдау көрсету бағыттарын әзірлеуді қажет етеді. Ол бағыт еліміздің аймақтары мен салалары бойынша нақты іс-шараларды қамтығаны жөн.

Болашақта алға қойған мақсаттарымыз бен міндеттерімізді жүзеге асырсақ, еліміздің бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіріп, әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің арасында болатынына кәміл сенемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі: оқу құралы / Е. Әмірбекұлы. – Алматы: Экономика, 2009 – 120б.
2. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру: оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2009 – 218 б.
3. Халықтың іргесін бірге қалаймыз - Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жолдауы // 2010 – қаңтар.
4. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы - Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан, 2006, 2 наурыз.
5. Жилқайдарова Г.Б. «Кәсіпорынның нәтижелі жетістігі – бәсеке қабілеттілігі» // ҚазЭУ хабаршысы – 2009 №5 б 117-121
6. Көпешева А. «Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға стратегиялық жоспарлаудың маңыздылығы» // ҚазЭУ хабаршысы – 2009 №5 б 131-138
7. Назарбаев Н.А., Қазақстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии. Послание Президента РК – Астана: Елорда, 2006
8. Жолдасбаев К. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы / Алматы: Экономика – 2002, 63 бет
9. Габдулина А.С. Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату // Евразийское сообщество – 2010 №1 с 48-53
10. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы – Астана, 2007 жылғы 28 ақпан.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін арттырудың басым бағыттары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются преимущественные направления конкурентоспособности предприятия.

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚОРҒАЛУ ДЕНГЕЙІ

Қожабекова А.Д.- доцент, т.ғ.к. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Бас Ассамблея 1974 жылғы 16 мамырдағы 1861 (LVI) қарары бар Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің кепілдемесін қарай отырып, төтенше жағдайларда және әскери қақтығыс кезінде әйел мен балаларды қорғау туралы Декларацияны салтанатты түрде жария етті. Ұйымның барлық мемлекет-мүшелерін осы Декларацияны қатаң түрде сақтауға шақырады.

Осы Декларацияға сәйкес азаматтық халыққа, әсіресе халықтың едәуір жанды бөлігін құрайтын әйелдер мен балаларды орны толмайтын қайғы туғызатын шабуыл мен оларды бомбалау әрекеті айыптауға жатады.

Барлық мемлекеттер өз міндеттемелерін толығымен 1925 жылғы Женевалық хаттамамен және 1949 жылғы Женевалық конвенциямен, сонымен қатар әскери қақтығыс кезіндегі адам құқығын құрметтеуге қатысты, яғни әйел және баланы қорғау үшін маңызды кепілдік ұсынатын өзге де халықаралық құқық актілеріне сәйкес орындауға шақырады.

Әскери қақтығысқа, шетел территориясында әскери іс-қимылға немесе өз территориясында әскери іс-қимылға қатысушы, әлі күнге дейін отарлық үстемдіктер болып келе жатқан мемлекеттер соғыстың күйретуші зардабынан әйел және балаларды аман алып қалу үшін барлық әрекетті қабылдау қажет.

Барлық қажетті қадамдарды мынадай шараларды қуғынға ұшырату, азаптау, жазалау шаралары, халыққа, жекелегенде әйелдер мен балалар құрайтын азаматтық халық бөлігін қорлайтын қатынасқа тиым салуға қол жеткізуі үшін қабылдауы қажет.

Азаматтық қоғамда әйелдер мен балалар бейбітшілік үшін күрес, өзін-өзі билеу, ұлттық азат ету мен тәуелсіздік немесе басқыншылық территориясында күнелтудегі төтенше жағдайларда және әскери қақтығыста болып табылатын жағдайда үй-жай, азық-түлік, медициналық көмектер мен Жалпыға бірдей адам құқықтары жөніндегі Декларация, азаматтық және саяси құқық туралы Халықаралық пакті, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы Халықаралық пакті, бала құқығы Декларациясы және халықаралық құқықтың өзге де актілері ережелеріне сәйкес өзге де бөлінбейтін құқықтарынан айырылулары тиіс емес.

Қазіргі әлемде жоғарыда келтірілген БҰҰ Декларацияны сақтау тіпті толық мүмкін еместігіне өзіндік мысал келтірейік.

Грузия Прокуратурасы Абхазия территориясында болған қылмысқа тексеру жүргізді. Абхазия территориясында грузиндерді геноциттеу мен этникалық жою туралы куәландыратын мыңдаған куәгерлер мен құрбандардың жауабы, өзге де деректі материалдар жиналды.

Абхаздық сепаратистер ұзақ жылдар бойына грузиндерді абхаздық халықтың барлық кесапатына кінәлап, барынша грузинге өшпенділікті күшейте отырып, грузиндер бейнесінен «дұшпан бейнесін» жасағаны туралы шынайы куәлар бар. КСРО тараған соң империя мен абхаздық элитарлық номенклатураны сақтаудағы қолдаушылардың мүдделері сәйкес келеді.

Абхаздық сепаратистер мен олардың қолдаушылары өздерінің дүниеқорлық жоспарларын іске асыра отырып, бейбіт халыққа қарсы жаппай зақымдау қаруын кең қолданады. Варварлық бағытталған бомбалауда дәл тұрғын үй көшелері, қоғамдық шоғырланған ұйымдар – базар, аурухана, босану үйлері мен балалар үйлері және т.б. душар болды. Олардың болжамалы және жүйелі сипаты, бағытталуы Абхаздық жақтың геноциттік жаулауды жүзеге асыру туралы айтуға мәжбүр етеді. Сухими жағынан болған он мыңдаған снарядтың оқ жаудырылуының құрбандары бейбіт қаланың тұрғындары болды. Тек 1993 жылғы 21-22 қыркүйекте Сухимилік әуежайда бомбалаудың әсерінен екі жүзден астам адам қаза тапты. Сонда тікелей тигізу

салдарынан бірнеше азаматтық ұшақтар жолдан тайды. Әлемдік қауымдастықты осы өшпенділік толғандырды. БҰҰ-ның Бас хатшысы г-н Гали Бутра 1993 жылғы 7-қазанда өзінің баяндамасында (№26551) жазды: «Мен әсіресе, қатты күйзелгенім аса үлкен адамдық құрбандыққа ұшыратқан, үш күн бойына грузиндік ұшақтарға болжанылған оқ жаудырғандықта».

Әскери жанжал кезеңінің барлық жалғасуында азаптау қатігездігі бойынша таңданарлықпен бірге жаппай кісі өлтіруде күрескермен, жалдаушылармен жүзеге асырылады. Мақсатқа аймақтағы демографиялық жағдайдағы Абхаздық емес ұлттар тұлғаларын қудалау жолымен өзгерту болып табылады.

Жоспарлы түрде грузиндік интелегенция өкілдері, медицина қызметкерлері, педагогтар, журналистер және т.б. жойылды. Бірнеше сандарды келтірейік – тек алғашқы екі күн ішінде Гаграны басып алғаннан кейін, Сухимиде қырық медицина қызметкері (көбісі-әйелдер), 200-ден астам педагогтар (олардың 60- әйелдер), т.б. өлтірілді, кінә тек олардың грузин болғандығында ғана еді.

Сепаратистер айрықша қатігездікпен Гагра қаласының халқын жәбірледі. 1992 жылы 3-қыркүйекте Мәскеудегі кездесуде Грузия және Ресей мемлекет басшылары Э.Швернация мен Б.Ельциннің, Абхаз сепаратистерінің лидерлерінің, Ресей Федерациясы субъектісінің өкілдерінің қолы қойылған қорытынды құжатқа сәйкес, грузиндік жақта қалалық аймақтық әскери техника шығарылып тасталды және жанды күш мөлшері қысқарды. Осыны пайдалана отырып, 2-қазанда абхаздық күрескерлер мен жалдаушылар қаланы басып алды және бейбіт грузин халқын талан таражға салып, қырып жоюға кірісті.

Абхаздық сепаратистер мен олардың жалдаушылары жасаған типтілік дәйегі Гагралық сауықтыру орны басшылығының бастығы А.Барамияның отбасына шабуылы болып табылады. Үйде оның әйелі, қызы және 4 туысқаны болған. Келгенде қызды жуынатын бөлмеге алып шығып, зорлап, басын кесіп тастаған. Осыдан кейін азапқа тартып, Барамия әйелінің басын кесіп, оның өзі мен туысқандарын атып тастайды.

1992 жылы 5-қазанда, бір күннің ішінде Леселидзе поселкесін сепаратистер азапқа душар етті, сосын электр желісінің бағаналарына 50 грузин бейбіт халқын асып қойған. Әскери әрекетке қатыспаған жүздеген Гаградағы бейбіт азаматтарды азаптау мен жойып жібергендігінің өзге де айғақтары дәлелденді. Бұл БҰҰ арнайы комиссиясының баяндамасында (№26795 құжат, 18-бап) расталды. Гаградағы отаршылық әрекеттің осындай бағытының салдарынан тірі қалған 17 мың грузиндер өз үйлері мен мүліктерін тастай отырып, қаладан безіп кетті.

Грузиндік халықты этникалық жою кезеңдер бойынша жүзеге асырылды: 1992 ж. 14-тамызынан 2-қыркүйегінде – Гудаут аймағында, 1992 ж. 2-қыркүйегі мен 1995 жылдың 15-қыркүйегінде – Гагра аймағында, 1993 жылдың 16-қыркүйегінен – Сухумск, Очамчирск, Гальск, Гульрипшск аудандары мен Ткварчели қаласында. Грузиндер тұру орны бойынша тіркеуден күштеп айрылды, «ерікті түрде» үйді, барлық өмір сүріп жатқан мүлкін беру секілді арыз жазуға мәжбүрледі. Осындай тәжірибе халықаралық комиссиямен расталды және айыпталды. Сепаратистердің, Грузияның қалған Абхазия бөлімшесінің нарядының ақырғы мақсаты аймақ территориясынан «грузиндік факторды жою» болып табылатындығының ақиқаты Гальск аудан территориясындағы олардың әрекетінің сипаты екендігі расталды.

1993 жылдың 24-қыркүйегіне дейін ауданда 96 мың адам тұрған, олардың 97 пайызы – грузиндер. Сухуми мен Очамчире алынған соң, сепаратистер қарсылықсыз Гальск ауданын басып алды. Ондағы былайғы болғандарды бір сөзбен түсініспеушілік деп сипаттауға болады. Абхаздық күрескерлер мен жалдаушылар халықты жаппай қырып, олардың үйлерін өртеп жіберді – көптеген аудан, ауылдары (Речхи, Нохори, Мухури) іс жүзінде тіршілік етуден қалды.

Гальск ауданындағы адам құқығы аумағындағы жағдай жөніндегі ОБСЕ елшілік делегацияның есебінде аталып көрсетілгендей «Сухумидің құлауы мен грузиндік

басшылықтың аймақта толық бақылауының болмауы, абхаздық жақтың ауданда этикалық жоюға бағытталған, негізінде грузиндер этникасына қарсы қатал әрі жалпы қамтылмалы науқанын жандандырды».

Сепаратистермен түсініспеушілік қимылымен өлтірілген бейбіт азаматтар қатары, әсіресе грузиндер жүздеп есептеледі. Халықты жәбірлеумен қатар, оларды тірідей отқа жағып, атып тастады. Әсіресе көрікті түрде мазақ етуге әйелдер мен балалар тартылды. Оларды әшкере етіп зорлап, содан кейін ғана атып тасталынды немесе тірідей көмілді. Тіпті сепаратистер қарттарды да аямады. Сепаратистер жауыздығының масштабын сипаттайтын бірнеше сандарды ғана келтірейік. Бар мәлімет бойынша, Абхазияның бір өзінде әртүрлі амалдармен 35 мың үй, 150 орта мектеп, тұрмыстық және шаруашылық тағайындалған 955 нысана жойылған, және бейбіт тұрғындар санының 40 мыңнан астамы қаза тапқан. Жоғарыда айтылғанның барлығы барлық анықтылықпен жалпы саны соғысқа дейін 47 пайыз құрайтын аймақтың халқы (абхаздар – 17 пайыз) грузиндердің көпшілігін басып шаншуы Абхазиядағы жалпы нәтиже себебін көрсетеді. Нәтиженің екі ағысын бөліп көрсетуге болады – жанжалдық қарулы кезеңі ағымында және оның аяқталуының соңы, бір күнде тек Абхазия территориясынан айырылып тіркелген тұлғалардың жалпы саны 300 мың адамнан астамы құрайды. 100 мыңнан астам адам республика шекарасын тастап, шетелден, негізінен Ресей Федерациясы мен Украинадан т.б. тұратын жер тапты. Ауыстырылып тіркелген тұлғалардың басымы этникалық грузиндер, сонымен қатар орыстар, армяндар, абхаздар және өзге ұлттардың өкілдері болып табылады. Грузия басынан кешірген ауыр экономикалық күйзеліске байланысты ауыстырылған тұлғалардың жағдайы апатты болып табылады. Босқындар – қарттар, әйелдер, балалар, барлық өмір сүріп отырған мүлкін тастап және тіршілік ететін құралдарынан айырыла отырып, жанжал аймағынан Кавказ жотасының таулы Сванатия соқпағымен қашты. Олардың жүздегені сол жерде жол қиындығы, суық пен аштыққа шыдамай қаза тапты. Осы Голгофа арқылы өткен халық аналардың, әкелердің қолында өлген сәбилерді, көр қазушыларды ешқашан ұмытпайды.

Ел басшылығы ауыстырылған тұлғалардың тағдырларын жеңілдету үшін барлық мүмкіндіктерді жасайды, дегенмен жоғарыдағы есепте үзінді келтіріп, аталып көрсетілгендей: «Босқындар жағдайы едәуір күшті концентрация жерлерінде, мәселен Зугдиди және Сенаки сияқты, яғни жылжытылған тұлғалардың барлық мұқтаждығын тек жергілікті және ұлттық ресурстармен қанағаттандыру мүмкін емес жерлерді айтарлықтай нашар».

Халықаралық ұйым тарапынан көмекте бос жердің орнын толтыру үшін жетіспейді, әрі мәселені шешудегі барлық ауыртпалық пен жауаптылық ауыстырылғандарды амалсыз жергілікті халықпен бөлісуге тура келтіреді.

Босқындардың өмірінің қорқынышты төмен деңгейі, репатрация үрдісінің тоқталуындағы терең ашыну – осының бәрі халық ішінде әлеуметтік зорлыққа алып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 ж.
2. БҰҰ-ң Бала құқығы туралы Конвенциясы.
3. Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы Заңы, 2007 ж.
4. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.– Астана.2008ж.
5. Адам құқығы жөніндегі жалпыға ортақ декларация халықаралық келісімдер мен келісімшарттар - 10.12.1948 ж
6. Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы халықаралық Конвенция. 07.03.1966 ж.
7. Права человека: Новое рос. Законодательство и международные правовые нормы. – М., Право – М. 1982 г.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается права женщины в мировом масштабе в сравнительном характере в период мирового кризиса.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада әлемдегі дағдарыс кезіндегі салыстырмалы сипаттағы әйел құқығы қарастырылғын.

ӘОК 371.66
К367

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҰТЫМДЫ ҚОЛДАНУ

Кесимова А.К. – аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазіргі нарықтық жағдайда Қазақстанның әрі қарай дамуы мемлекеттік іс-әрекеттің барлық салаларының сәйкес реформалануын талап етеді, соның ішінде ұлттық экономиканың дамуын анықтайтын негізгі әлеуметтік-экономикалық білім беру жүйесі. Кәсіби білім берудің сапалы қайта өзгертудің объективті қажеттілігі қазіргі кезде өзекті мәселе болып отыр. Қазіргі қоғамда мамандардың кәсіби білімінің жетекші компоненті оның еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі болып табылады.

Қоғамдағы мемлекеттер тұрғындарының мүдделері мен басым бағыттарының араласуы олардың білімге деген қажеттілігіне әсерін тигізді. Толық көлемде бұл жоғары кәсіби мектептердің экономикалық және құқықтық білімдеріне қатысты. Сондықтан қазіргі білім беру сапасының құрылымына және мазмұнына жаңа көзқарастардың болуы шартты жағдай.

Білім беру үдерісінің мазмұны өзінің барлық өзгешілігімен дүниетанымдық және әлеуметтік-мәдениеттік құндылықтарға бағдарланған жүйенің трансформациясының, білім берудің даму тенденциясының әсерінен өзгереді. Қазіргі таңда білім берудің мазмұнына студенттің қажеттілік-мотивациялық саласын белсендіре қана қоймай, сонымен қатар оқу үдерісінің әрекетін жоғарылатуға бағдарланған жаңа ұстанымдар тізбегін ерекшелеп және оларды жүзеге асыруға атсалысу барлық педагогикалық жоғары оқу орындары оқытушыларының бірден-бір міндеті болып саналады.

Студенттердің кәсіби іс-әрекетін қалыптастыруда К.Я. Вазинаның адамдардың бүкіл оның өмірінде үздіксіз кәсіби дамуды қамтамасыз ететін технологиясы маңызды роль атқарады. Бұл технологияның негізіне келесі міндеттер қойылған:

1. Қоғам дамуында адам жетекші роліне жаңа көзқарастарды қалыптастыру; барлық өмір үрдісінде үздіксіз өзіндік дамудың қажеттілігі.

2. Адамның қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасын жүйелі технологиялық ұйымдастыруды талап ететін, қарым-қатынастың жалпы қоғамдық, инварианттық әдістерін ортақ қоғамдық заңмен құрылатын, адам өмірін әлеммен қатынас жүйесімен ұғыну.

К.Я. Вазина адамның табиғи құралын зерттеуде технологиялық басқарудың үш негізгі әдісін белгілеп көрсетеді. Олар адамның қажеттілігі – қабілеттілігі – санасы болып табылады. Бұл статикалық үлгі параметрлері. Автор динамикалық үлгіні статикалық жолмен оның әрекет етуші үлгісіне түрлену арқылы анықтайды. Бұнда қажеттілік - мақсатқа, қабілеттілік - әрекетке, құралға, нәтижеге, сана – рефлексияға түрленеді. Аталған технологияны негізге ала отырып, табиғи рефлексиялық технологияның құрылымы анықталды. Дамушы технологияның құрлымы адамның жағдайлық өзіндік реттеуші әрекетіне түрленетін қажеттілік, қабілеттілік және сананың

үздіксіз дамуын жүзеге асыратын жалпылық, ізденушілік, рефлексиялық кеңістіктен тұрады.

Табиғи – рефлексиялық технология болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетінің үздіксіз дамуының технологиясы ретінде анықталады.

Бірінші сабақтан бастап білім алушылар мен оқытушының белсенді қарым-қатынасы үрдісінде оқытушы өзіне және әр топтың мүшелеріне олардың жеке тұлғалық нақты мүмкіндіктерін, кәсіби тұрғысын, құндылық бағыттылығын анықтауға ұмтылады. Бағдарламалық материалды тиімді игеру үшін білім алушылар да оқытушыға және өзіне өздерінің бастапқы білім деңгейін бекітіп алуы қажет. Адамның жан-жақты болжамы және оның әрекеті оқытудың бастапқы нүктесін анықтауда міндеті түрде қажет болып табылады.

Бұл кезең қиындықпен жүзеге асырылады, себебі білім алушылардың өзін бұндай сыни түрде тануы әр қайсысының тұлғасын терең сыйлау негізінде оның интеллектуалдық және құлықты потенциалын қабылдайды. Оқытушы жеке қабілетін білім алушылардың қайта бағалауы арқылы өз күшіне сенімділіктің пайда болуына талпынады, бұл білім алушының оқытушыға сыйластығы мен сенімін және онымен оқу үрдісінде белсенді серіктесуі ынтасын оятады.

Білім алушылармен алғашқы танысуда бейімделу үрдісі жүзеге асырылады. Олардың негізгі мазмұны: адам және әлем, адам - әлемнің жүйесі, адам – қарым-қатынас жүйесі, адам - өзіндік дамушы жүйе. Өзіндік дамудың жеке бағдарламасы құрастырылатын, оқытудың мазмұнымен мақсаты талқыланатын оқушылардың алғашқы болжамы жүзеге асырылады.

Белсенді, жауапты, кәсіби сауатты адамның дамуы оқытушымен білім алушының өзара қатынасы үрдісінде білінбей және табиғи түрде жүзеге асырылады (ол өзара қателіктерді түсінуден, бірлесу жұмысын ұйымдастыруда сыни және өзіндік сыни тұрғыларының ашықтығымен, ойлаудың жаңа әдістерін қалыптастырумен қамтамасыз етіледі).

Оқытушылардың ойлауының жаңа әдістері оқу үрдісіндегі бірізділіктен құтылып, шығармашылықта пайда болатын түрлі мәселелерде жеке мүмкіндіктері бойынша жағдайлық әрекет етуге мүмкіндік береді.

Дамушы технология өзіндік даму үрдісінде құрылымдық-қызметтік ұйымдастырушы болып табылады және ұжымның барлық мүшелерін мәселеге өзара қатынасын қамтамасыз етеді. Яғни, табиғи рефлексиялық технология студенттердің оқыту үрдісіне белсенді қатынасуының әдісі болып табылады.

Үш дамушы кеңістіктен тұратын технологиялық үрдісті атап өтуге болады олар: мақсаттық, ізденушілік, рефлексиялық. Бұл кеңістіктердің өміршендігі мәселенің мазмұны болып табылады.

Мақсаттық кеңістікті ұйымдастыру.

Оқушыларды шығармашылық топқа біріктіру – топтың әрібір мүшелеріне өзіндік дамудың сыртқы механизмін құру.

Мәселені құру, алдағы әрекеттердің мақсаттарын талқылау, ортақ мақсаттық кеңістікті анықтау (алайда мақсат жеке болуы керек, өйткені оқуға қатысушы қорытындысында жеке мүддеге жетуі керек. Ұжымдық мақсат болмауы керек). Мақсатты жүзеге асыратын құралдарды таңдау.

Нәтижені жобалау.

- Кілттік ұғымдарды анықтау.
 - Мақсаттық кеңістіктің қызметтері.
 - Өзіндік дамудың сыртқы механизмін іске қосу.
 - Адамның ішкі мақсаттарын шығару бастамасы.
- Ізденуші кеңістікті ұйымдастыру.
- Шығармашылық топ бойынша танымдық ізденушілік әрекет.
 - Жеке мақсаттармен жалпы мақсаттарды ықшамдау.

- Жалпы әрекет әдістерін анықтау (кім қандай ізділікпен не істейді).
- Жаңа білімдерді игеруде – жалпы әрекеттер бағдарламасын жүзеге асыру.

Жүзеге асырылған әрекеттің рефлексиясы: қатынас мөлшерін бағалау, жаңа мүмкіндіктерді анықтау. Бағалау мынадай ретпен жүзеге асырылады: алғашқыда оқушы өзін-өзі бағалайды, одан кейін оны шығармашылық топ бағалайды, сондан кейін барып оқытушы бағалайды. Педагог өз алдында тек жағымды жақтарын анықтайды және білім алушылармен алдағы әрекет векторын құру жайлы ақылдасады.

Анықталған мәселені талқылай отырып, шығармашылық топтың оқушылары қоғамдық қатынастардың демократиялық типінде жаттығады. Бұл үшін өзара қарым-қатынастың бірнеше жаңа ережелері қадағаланады олар: төзімділік, басқа пікірлерді силау, өз тұрғысын нақты дәлелдеу арқылы жеткізе білу, басқа пікірлермен келіспеушілік те дәлелді болу керек. Қателесуге болады – бұл ізденіс үрдісінде қалыпты жағдай маңыздысы уақытында көріп, қатені жөндеу.

Әр қайсысы өз бөлімдерін орындайтын жалпы істің болуы кезінде әр топ мүшелерінің өзін көрсеткісі келу бұл табиғи құбылыс және қуаныш, шығармашылық, қанағаттану сияқты сезімдер туғызады. Бұндай әлеуметтік инфрақұрылымда әр білім алушылардың нақты дамуы жүзеге асырылады.

Шығармашылық топтар жылжымалы болып келеді. Топтардың өзара еркін араласуы қажеттілітері туындаған жағдайда білім алушылар бір топтан басқа топқа ауысуға болады. Бұл үшін жұмыстың клубтық формасы қолданылады, мұнда білім алушылар ғылыми әдебиеттерді дербес оқиды, өзіндік әрекетті шарғамашылық түрде безендіреді (графиктерді, суреттерді құрастырады, тақпақ жазады, өлең құрастырады).

Оқу топтарын шығармашылық топтарға бөлмей дәстүрлі педагогикалық тәсілдермен әрқайсысының танымдық белсенділігін және оның дамуын қамтамасыз ету мүмкін емес. Мәселені шығармашылық топта шешу кезеңінде білім алушылар мәселені топтық ұғыну деңгейінде жүзеге асырады. Бұл үшін шешіліп жатқан мәселені талқылау, пікірлерін қорғау жүргізіледі, олардың қызметі – ғылыми өлшемдермен салыстыру негізінде ұжымдық және жеке тұғырларды қалыптастыру, шығармашылық топтардың, жеке тұлғалардың жұмысы туралы ортақ пікірді таңдау.

Бұл кезеңде педагог шығармашылық топтарды талданған мәселелерде өздерінің шешімдерін дәлелдеуге бағыттайды. Әр топ өз тұрғысын жариялайды және барлықтарының алдында белсенді дәлелдейді. Пікірталас туындайды, түрлі жағдайда қарама-қарсы көз қарастар пайда болады, әр жақтың дәлелдерінің негізділігі тексеріледі. Осылайша білім алушылардың өздерінің мақсаттары, жеке ғылыми тұрғылары ұғынылады, нақты жағдайларда жедел әрекет ету қабілеттері игеріледі.

Ізденушілік кеңістік қызметі:

- зерттеу, қарым-қатынастарды реттеу;
- топтың әр мүшелерінің ішкі мақсаттарды өндіруі жалғасады;
- өзінше мәдени білімді игеру қабілеті дамиды;
- студенттердің жеке тұрғысы қалыптасады.

Рефлексиялық кеңістікті ұйымдастыру.

Ұжымдық-жеке ой-әрекеттерді жүйелеу сәті рефлексия болып табылады. Оқушыны жеке және ұжымдық әрекетті ұғыну жағдайына көтерсе оқытудың нәтижелігі артады. Бұл белсенді танымдық әрекетке әкелген әдістерді ұғынуға мүмкіндік береді.

Оқушыға олардың біріккен және жеке әрекеттеріне барып мәселені шешуде туындаған қиындықтармен сәтсіздіктері туралы айту ұсынылады. Осылайша өздерінің қателіктерін мазмұны жағынан емес, сондай ақ араласа отырып оларды түзету жолдары айқындалады. Бұл әр қатысушы және топтың жаңа зерттеуші мәселені енгізу болып табылады – біріккен және жеке ақыл-ой әрекеттері құралдарын ұғыну мәселесі. Рефлексия үнемі адамды нақты әрекеттер әдістерін ұғынуға, қате әдістермен ұстанымдардан бас тартуға, жалпылауға, жүйелеуге мүмкіндік береді.

Рефлексияның көмегімен педагог топтың жағдайына қарай оқыту әдістерін ауыстырады. Алынған нәтижені ұғынуды, жеке және біріккен әрекеттер әдістерін, қойылған мақсатпен алынған нәтиженің сәйкестігі үрдісін ұйымдастыра отырып педагог білім алушылардың жағдайын ескереді, олардың қиындықтарын, қателерін анықтайды, адамзат әрекетіне қажетті қажеттіліктер мен мүмкіндіктерді тексереді.

Рефлексиялық кеңістіктің қызметтері:

- адамның өзіннің ұжыммен қатынасын ұғыну; мәдени өлшемдерді бекіту; қателерді іздеу, олардың себептерін түзету жолдарын анықтау;
- зерттеліп отырған мазмұнның мақсатын жүзеге асыруды ұғыну, меңгерілген қабілеттер деңгейін анықтау, жетістікті, мәдени әрекеттерді бекіту; келесі оқытудың мақсаттары болатын қиындықтарды анықтау.

Дәстүрлі үлгі бойынша оны оқыту әдістемесімен салыстыра отырып, табиғи-рефлексиялық технологияның мәнін түсінуге болады:

Адамның өзіндік дамуының табиғи-рефлексиялық технологиясымен оқыту әдісінің салыстырмалы таблицасы

Салыстыру параметрлері	Дәстүрлі оқытудың әдістемесі	Адамның өзіндік дамуының табиғи-рефлексиялық технологиясы
1. Оқытудың мақсаты бойынша	Пән бойынша білімді хабарлау, дағды мен білікті қалыптастыру	Қажеттіліктер жүйесін дамыту: студенттердің рухани-адамгершілік, интеллектуалды, әлеуметтік, кәсіби, физикалық қабілеттері
2. Оқытудың мазмұны бойынша	Оқу пәнінің тақырыптары мен бөлімдерінің мазмұны	Жүйелі-модульді мазмұн
3. Оқу үрдісін ұйымдастыру бойынша	Пәндік мазмұнның үздіксіз ауысуы, оқу үрдісінің дискреттілігі	Оқу күнінде әрекеттің интеллектуалды, физикалық, сенсорлық т.б. түрлерінің ауысуы.
4. Оқу үрдісінің құрылымы бойынша	Сабак: сұрау, түсіндіру, практикалық тапсырма, үй тапсырмасы	Оқу жағдайын басқарудың нақты алгоритмі (3 бағыт): мақсаттық кеңістікті ұйымдастыру; ізденушілік кеңістікті ұйымдастыру; рефлексиялық кеңістікті ұйымдастыру.
5. Оқытудың нәтижесі бойынша	Оқушының білім, дағды, білігінің өсімдік соммасы	Адамгершілікті, бәсекеге қабілетті маман

Технологиялық үрдісте педагог пен студент өзара байланысты, түрлі қызметтерді анықтайды. Педагог дамушы кеңістікті ұйымдастырады, оқу тобының, әр студенттің даму үрдісін бақылайды, реттейді, жобалайды. Студент қарым-қатынастың бекітілуіне және өзінің жеке әрекетін жүзеге асыруға жауап береді. Осылайша технологиялық үрдісте біруақытта басқару және өзіндік басқару, даму және өзіндік даму іске асырылады.

Қызметтерде ерекшеліктерге қарамастан, өзіндік даму механизмі жүзеге асуы үшін, өзара қарым қатынастың ортақ параметрлері мен өлшемдері қажет. Тұлғаның өзіндік дамудың табиғи-рефлексиялық технологиясында басқарудың және өзіндік басқарудың параметрлері мен өлшемдері екі топқа бөлінеді:

Бірінші топ Біріккен әрекетте тұлғааралық қатынастарды басқаруға қатысты.

Екінші топқа әрекет және кәсіби қабілет жатады.

Басқарудың бірінші тобында оқу тобы тұлғаның өзіндік дамуының сыртқы механизмі ретінде қарастырылады.

Оқу тобы – адамдарды мақсаттың және ортақ әрекеттің ортақ кеңістігі ретінде біріктіруші үлкен жүйе болып табылады. Осылайша оқу тобында ортақ және жеке мүдделер ескеріледі, қарым-қатынас олардың әрекетін реттеуші болып табылатын белгілі бір өлшемдермен жүзеге асырылады.

Оқу тобының басты қызметі оқу тобының әр мүшелерінің қажеттіліктері мен мүмкіндіктерінің дамуын қамтамасыз ететін ортақ мақсатты жүзеге асыру болып табылады.

Тұлғаның өзіндік дамуының деңгейі біріншіден, жүйе мақсатымен жеке мақсаттың сәйкес келуімен (жүйенің және тұлғаның мақсаттары сәйкес келмесе, тұлғаның ішкі мақсаты жүзеге асырылмай қалады), екіншіден, тұлғаның мақсатты орындау қабілетімен анықталады. Сонымен, оқу тобы тұлғаның өзіндік дамуының сыртқы механизмі болып табылады, өйткені ресми және бейресми құрылымға ие, ортақ әрекеттің ортақ мақсатын құрады, әрқайсысы өзінің қызметін орындай отырып, ортақ әрекетті жедел ұйымдастырады.

Оқу тобындағы қатынастардың түрі

Қатынастар түрі	Қатынастар көрсеткіштері			
	Тұлғааралық қатынастар	Өзіндік реттеу	Құндылық бағыт	Әрекеттің нақты түрлеріне қабілеті
Қоғамдық қатынастар	Мораль Құқық	Саясат ғылым	Шығармашылық	Дін
Қызметтік қатынастар	Әрекеттің мамандануы мен кооперация	Мақсат пен нәтиженің сәйкес келуі	Соңғы қорытындының кепілдігі	Бақылау, баға беру, коррекция
Технологиялық қатынастар	Зерттеуші әрекет	Жобалаушы әрекет		Басқарушы-ұйымдастырушылық әрекет
Рефлексиялық қатынастар	Оқу тобының әрекетінің жүйелік бейнесі	Оқу тобында тұтастық бағыт		Әр студенттің оқу тобында өз орнын ұғыну

Тұлғаның өзіндік дамуында оқу тобын өзіндік реттеудің сыртқы механизмі ретінде сезіну оқытудың ұйымдастырушылық негізін өзгертті. Оқу тобының мүшелері өз еріктерімен шығармашылық топтарды құрайды. Әр оқушы бір топтан шығып, екінші бір топқа кіріп немесе өзінің жеке тобын құруға құқылы.

Әр шығармашылық топтың оқу аудиториясында өз орны болады, оқушылар жеке орындарда бір біріне қарама қарсы отырады.

Тұлғаның өзіндік дамуының табиғи рефлексиялық техенологиясы оқу үрдісін технологиялық ұйымдастыруының маңызды кезеңі болып табылады, өйткені бұнда тұлғаның үздіксіз дамуының мүмкіндігі бар.

Қарастырылған альтернативті білім беру технологиясы болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру жүйесінде үлкен практикалық маңызға ие. Педагогикалық ғылым мен практикада инновациялық жетістіктерге жетуде, жаңа технологиялардың дұрыс құрастырылуы және педагогикалық үдерісті жобалау мен талдауда теориялық тұғыр оқытушыларды өзінің жеке стратегиясын анықтап білім берудің соңғы нәтижесіне деген жауапкершілігіне міндеттейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Білім беру мен оқытудың техногиясы бойынша халықаралық басылым, 1978\79. Лондон – Нью-Йорк, 1978.С. 258.
2. Дьяченко В.К. Новая педагогическая технология в действии. // Начальная школа. – 1994 №4.
3. Энциклопедия педагогических технологий
4. Белозерцева Е.П. Педагогика профессионального образования. Москва 2008. 368 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада болашақ студенттердің кәсіби іс-әрекетін қалыптастыруда тұлғаның өзіндік дамуының табиғи рефлексиялық технологиясының қолданылу мәселелері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается формирование профессиональной деятельности студентов и роль самореализации личности применяя рефлексорную технологию.

ӘОК 338.621

М12

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ТІКЕЛЕЙ СУБЪЕКТИСІ БОЙЫНША ШАРТТЫ ТҮРГЕ БӨЛІНУІ

Муқалдиева Ж.Б.-аға оқытушы,
Ыбышова С.Т. – п.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақстан Республикасындағы қылмыстың өсу жағдайында қоғамға, азаматтарға аса зор материалдық нұқсан келтіретін экономикалық қылмыстардың қауіптілігі ерекше. Кең мағынасында айтатын болсақ, экономикалық қылмыстарға контрабанда жалған ақшаларды немесе бағалы қағаздарды дайындап сату, валюта операцияларының ережелерін бұзу, мемлекеттік және қоғамдық мүліктерді ұрлау, парақорлық және т.б. жатады. Сондықтан нарықтық экономикалық жағдайында тікелей экономика аясында жасалатын, сауда ережесін бұзу, сапасыз өнімдерді сату, жалған кәсіпкерлік заңдарды бұзу және т. б қылмыстардың болуы қоғамға қауіпі зор.

Экономика аясында қылмыстардың субъектісі болып, мемлекеттік кәсіпорындарда, мекемелерде және ұйымдарда, экономикалық, шаруашылық міндеттерді атқаратын, сондай – ақ, жеке кәсіпорындарда істейтін 16 жасқа толған азаматтар болып табылады. Экономикалық қылмыстардың субъективтік жағы қасақана сипатта жасалады. Олардың қылмыстарының себебі- материалдық мүделілік. Олар өз игіліктерін қоғамның, азаматтардың мүдделеріне зия келтіру есебінен пайда

тауып жасайды. ҚР-ның ҚК-нің 192 бабында көрсетілгендей, жеке кәсіпкерлік субъектісінің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында ниетінсіз мәмілелер жасасуы көрсетілген. Заңсыз жолмен алынған ақша қаражатымен немесе өзге де мүлікпен қаржылық операциялармен қатар, көрнеу жалған жарнамалар берумен, бағалы қағаздармен операцияларды жүргізу ережелерін бұзу т.б. салдарынан тундаған қылмыстар мемлекетке ірі залал келтіре отырып әлеуметке қауіп қатер әкеледі. Осыған байланысты экономикалық іс-әрекет аясындағы қылмыстарды саралау ҚР-ның ҚК бойынша келесі түрлерге бөлінуі ең тиімді болып табылады:

- ҚР ҚК 189-193, 195, 200, 219-220 баптарында көрсетілген, кәсіптік және банктік іс-әрекет аясындағы қылмыстар;
- ҚР ҚК 215-217 баптары-банкроттықпен байланысты қылмыстар;
- ҚР ҚК 194, 202-207 баптары - ақша, бағалы қағаздар және басқа да құжаттар айналым аясындағы қылмыстар;
- ҚР ҚК 209 және 214 баптары - кедендік реттеу аясындағы қылмыстар;
- ҚР ҚК 213 бабы - валютік реттеу аясындағы қылмыстар;
- ҚР ҚК 218, 221-222-1 баптары - салық және басқа да төлемдер аясындағы қылмыстар;
- ҚР ҚК 223, 196, 198, 199, 201, 224, 226, 227, 227-1-тұтынушы мүдделерін бұзумен байланысты қылмыстар;

Экономикалық заңдар саласындағы қылмыстардың қазіргі кезеңде көп орын алған соншалық олардың түрлері де, қылмыс саласында көптеп кездесуде. Сондықтан олардың алып отырған орны ауқымды десек қателеспейміз. Себебі бұл қылмыстар, басқа қылмыстарға қарағанда, яғни адам мен азаматтарға қарсы қылмыстардан кейін келтірер зардабы жоғары және түрлері де көп болғандықтан бұл қылмыстар тікелей қасақаналық жолмен жасалынады. Сондықтан тікелей субъектісі бойынша экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды шартты түрлерге мынандай тұрғыда бөлуге болады. Олар кәсіпкерлік саладағы және экономикалық қызметтің басқа да саласындағы қылмыстарға жататындар, заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау, заңсыз кәсіпкерлік. Бұл қылмыстардың қауіптілігі заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау арқылы әрбір адамның кәсіпкерлік қызмет үшін өз мүмкіндіктері мен мүлкін еркін пайдалану құқығын шектейді. Демек, бұл экономикалық қызметті реттеуде міндеті жүктелген мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының беделіне нұсқан түсіреді деген сөз. Бұл қылмыс жасалғанда мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке еркіндік беретін және оны қорғап, оған қолдау көрсететін кепілдігі бұзылады. Мұны талдап отырған себебім, қылмыстың негізі тікелей субъектілері экономикалық қызметті реттеумен байланысты қоғамдық қатынастарды құрайды. Бұлар кәсіпкерлік саладағы және экономикалық қызметтің басқа да саласындағы қылмыстарға бөліне отырып. Мынандай түрлерге бөлінеді; ақша - несие саласындағы қылмыстар, мұнда несиені заңсыз алу және мақсатсыз пайдалану мен жалған төлем карточкалары мен өзге де, төлемдер мен есеп айырысуда жалған құжаттар жасау немесе сату болып табылады. Қаржылық қызмет саласындағы қылмыстар да, алым маркаларын қолдан жасау мен пайдалану, шетел валютасындағы қаражатты шетелден қайтармау, кеден төлемдер мен алымдарын төлеуден жалтырау. Банктің ақша қаражатын заңсыз пайдалану, азаматтық салық төлеуден жалтырау, сондай-ақ заңсыз экономикалық контрабандамен айналысуы. Бұл қылмыстардың субъективтік жағы тікелей ниет түріндегі кінәмен сипатталады. Айыпты өзінің не көрінеу жалған ақпарат бар эмиссия проспектісін, не бағалы қағаздар шығару жөніндегі көрінеу жалған есепті бекіткенін біледі, соны қалайды. Қылмыс субъектісі — арнаулы — көрінеу жалған ақпарат бар эмиссия проспектісін бекіткен ұйым — эмитент басшысы, немесе уәкілетті органның бағалы қағаздар шығару жөніндегі көрінеу жалған есепті бекіткен лауазымды адамы. Мұндағы экономика аясындағы қылмыстардың субъективтік жағы қасақана, заңға қайшы белсенді әрекеттер мен сипатталады. Сондай-ақ, сауда және халыққа қызмет көрсету саласындағы

қылмыстарда субъектінің көпшілік сауда - саттықтар мен аукциондарды өткізудің белгіленген тәртібін әдейі бұзуы, тұтынушыларды алдау, заңсыз сыйақы алуы т.б. экономикалық қызмет саласындағы басқа да қылмыстар жасауы. Адам өз әрекетінің қоғамға қауіпті және заңға қайшы екендігін біледі, оны жасауға ұмтылады. Сондықтан да, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың барлығы, субъективтік жағынан, өздерінің әдейі қасақана жасалғандығымен сипатталынатындықтан, олардың кейбіреулерінің субъективтік жағының міндетті түрдегі нышаны, оларда себеп пен мақсаттың болуы (ҚР ҚК-тің 192, 193, 198, 204-баптарыда) қылмыстардың тікелей субъектісі бойынша шарттың толық түрі көрсетілінген.

Ғасырлар тоғысында тәуелсіздік туын берік қадап, өз алдына егемен ел атанған Қазақстан мемлекетінің даму бағытын басқаша саралап, жаңаша жолға түскенінің жиырма жылдығын бүгінгі күнде тойлағалы отырмыз. Еліміздің мызғымас ірге тасы қаланып, Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып енуі, тәуелсіз мемлекет ретінде 120-дан астам елдер мойындады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің он бес жылдығына арналған салтанатты жиналысында сөйлеген сөзінде «біз осы жылдар ішінде, сөз жоқ талай ондаған жылдарға татырлық жылдан өттік, біз Конституция қабылдадық, онда билік құрудың жаңа қағидаттарын бекітіп, азаматтардың негізгі құқықтарын қорғауға алдық. Біздің басты жетістіктеріміз – 1995 ж. бүкіл халқымыз қабылдаған осы Конституцияның жемісі», - деп атауы, алға қойған міндеттер – елімізде жиі кездесіп отыратын экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды болдырмау, оның болуына жол бермеу болып табылады.

Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасында да, көрсетілгеніндей қылмыстық заңнамада заңмен қорғалатын әлеуметтік жоғары құндылықтар ретіндегі адам құқықтары мен бостандықтарының бастылығы мен ажырамастығын тану негізге алынуға тиістігін көрсетеді. Бұл тұжырымдамада көзделген шараларды орындау Қазақстанда демократиялық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет құруға ықпал етеді. Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің 2010-2012 жж. Арналған түбегейлі бағдарламасында әлеуметтік – экономикалық реформаларды және қоғамдық демократияландыруды одан әрі тереңдете түсу, құқықтық салалы реформаларды, қалыптасқан құқықты қолдану іс-тәжірибесінің өзгеруіне, жаңа құқықтық институттардың құрылуына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастардың заңнамалық реттелуін қалайды.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың тікелей субъектісі бойынша шартты түрге бөлінуі, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар үшін жауапкершілікті қарастыратын нормалар, қоғамдық қатынасты қорғауға, ел экономикасының еркін де, бір қалыпты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Осы қылмыстарды болдырмау мақсатындағы маңыздылығы, бізге қойылған міндеттер-елімізде жиі кездесіп отыратын экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды болдырмауда, аянбай еңбек етіп, оның болдырмау жолын қарастыруымыз керекті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.-Алматы:Норма-К,2010.-170б.
2. Құжаттар, деректер және зерттеулер 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі С.З. Зиманов .-Алматы: Жеті Жарғы,2005.
3. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық:Ерекше бөлім:Оқулық.-Алматы:Жеті Жарғы,2003.-560 б.
4. Алуханов Е.О. Қылмыстық құқық:Жалпы бөлім:оқулық.-Алматы,2009.-450 б.
5. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейін стратегиялық даму жоспары туралы» 2001 жылғы 4 желтоқсандағы № 735 Жарлығы

6. Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі туралы» 2005 жылғы 21 сәуірдегі № 1557 Жарлығы
7. Қазақстан Республикасы Президентінің «2006-2010 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлықпен күрестің мемлекеттік бағдарламасы туралы» 2005 жылғы 23 желтоқсандағы № 1686 Жарлығы
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында экономика саласындағы құқық бұзушылықтармен күрес бағдарламасы туралы» 2004 жылғы 27 желтоқсандағы № 1401 Қаулысы (өзгерістерімен)

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается условное разделение прямых субъектов преступлений в сфере экономической деятельности.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың тікелей субъектісі бойынша шартты түрге бөлінуі қарастырылынған.

ӘОК 371.331.864

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ЖАСӨСПІРІМДЕР ҮШІН ҚОҒАМДЫҚ БАЛАЛАР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Нурланова В.С.-п.ғ.к., аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қоғамдық балалар ұйымдары мен қозғалыстарының қажеттілігі мен тәрбиелік мүмкіндіктері Қазақстан Республикасы Білім мемлекеттік бағдарламасында [1] және Қазақстан Республикасы білім жүйесіндегі тәрбиенің кешенді бағдарламасында [2] жан-жақты қамтылды. Қазіргі таңда мектеп алдында болашақ ұрпақты қоғамда болып жатқан әртүрлі келеңсіз істерге қарсы тұра алатындай жігерлі, батыл, интеллектуалды қасиеті жоғары азамат тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Бұған бүкіл қауым ата-ана, қоғам, зиялы қауым өкілдері болып ат салысқан жағдайда өз шешімін табуы сөзсіз. Сондықтан да қазіргі таңда кәмелетке толмаған жасөспірімдердің шығармашылық іс-әрекетін, жеке басылық қасиетін, саяси көзқарастарын қалыптастыруда қоғамдық ұйымдар негізгі орын алады. Әрбір жасөспірім қоғамдық қатынастарға түсу барысында аға ұрпақ салған ізгі мұраларды бойына сіңіреді.

Жасөспірімнің мінез-құлқы нағыз өмір сүретін күнделікті қоғамдық топтар ішінде ерекше байқалады. Отбасы, бала-бақша, аула, мектеп, мәдениет сарайы, үйірме, дене шынықтыру секциясы – мұның барлығы қарапайым қоғамдық кеңістіктің бөлшектері. Тұлға болып қалыптасу үшін бұлардың ретімен келуі өте маңызды. Олардың әрқайсысының балаға әсер ету деңгейі де өте маңызды. Балаға ең керектісі отбасылық кеңістік. Бұл жағдайда балаға деген әсер алғаш рет тигізілгендіктен, кейін оны өзгертуге қиын болады, сондықтан тәрбие негіздерін бала отбасынан алады.

Мектеп қабырғасы баланың жеке тұлға ретінде өсіп жетілу үшін өте маңызды, өйткені мектепте өзімен бірге тең балалармен топ мүшесі бола алады. Оған қоса өскен сайын ата-анасынан бөлініп ол өзімен бірге оқып жүрген балаларды референттік топ ретінде қарастырады және мектеп өмірі барысында жаңа қоғамдық рөл атқарады.

Шығармашылық мүдделер бойынша топтың өзіндік ерекше әсері бар. Біріншіден, баланы топқа тартатын ең басты себеп – қызығушылық болып табылады, ол бұл топтың мүшесі болуына аса жоғары маңыз береді, яғни ол бұл топтың бүкіл

зандарын сөзсіз орындайды дегенді білдіреді. Екіншіден, бұл топ арқылы бала өзіндік «менді», басқа қоғамдық топтарға қарағанда жоғары дәрежеде қалыптастырады. Және үшіншіден, шығармашылық жұмыс балаға бүкіл бақытты жоғары деңгейде сезінуге мүмкіндік береді. Сол себепті балалар үйірмелеріне, секцияларына, спорт мектептеріне, клубтарына асыға жөнеледі.

Кенестік дәуірде қалыптасқан балалар ұйымдарының (октябрыт, пионер, комсомол) таралуымен балалар әлеуметтік кеңістігінде жаңадан ұйымдар, қозғалыстар, бірлестіктер, т.б. пайда болды. Кез-келген ортада, мектептегі қоғамдық ұйымдар мен қоғамдық қозғалыстар оқушылардың өз еріктерімен құрылатын әлеуметтік орта, әлеуметтік кеңістік болып табылады. .

Педагогикалық сөздікте «Қоғамдық ұйым – қоғамның тәртібі мен қалыптары Жарғы немесе құрушылар құжатта нақтыланып берілген, қоғамда мүшенің құқығы мен міндетін бір жүйеге келтірілген, әр мүшенің арасындағы қарым-қатынасты реттейтін бірлестік» [3].

Қоғамдық қозғалыстар – оқушылардың өзіндік іс-әрекетінің негізінде құрылатын балалар мен жастардың қоғамдық және жекелей мақсаттарына байланысты әлеуметтік құрылымда құрылады. Балалар мен жастардың қоғамдық өмірге араласуға деген ықласы негізінде болады. Жалпы қоғамдық қозғалыстар халықаралық, федеральдық, аймақаралық тұрғыда қалыптасып, олар балалар мен жастар одағын, федерациясын, ассоциациясын, мектептерді, өзбетінше құрылған балалар бірлестіктерінің клубтары, т.б. басын біріктіреді. Балалар мен жастардың қоғамдық қозғалыстар әлеуметтік мәні бар және тұлғаға бағдарланған бағыттарды: азаматтық-патриоттық, экологиялық, туристік аймақтану, спорттық, т.б. қамтиды [3].

Қоғамдық бірлестік – белгілі бір іс әрекетке бейім адамдардың ынтасына, жекелей іс әрекетіне байланысты құрылған қауымдастық. Ереже бойынша балалар қауымдастығына 8-18 жас аралығындағы жасөспірімдер кіреді.

Кенестік педагогикада оқушылар ұжымын қалыптастыру мәселесіне ерекше назар бөлінді. Мектеп оқушыларын оқу-тәрбиелеу жұмысында ұжымшылдықты дамыту Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, т.б. көрнекті педагогтар мен қоғам қайраткерлерінің еңбектерінде көрсетілді.

Қазақстанда қалыптасқан «Жұлдыз», «Атамекен», «Скаутинг», «Болашақ», «Мың бала», т.б.балалар ұйымдарының мазмұнына ғылыми теориялық талдау жасау барысында аталған ұйымдар тұлғаны әлеуметтендіруде негізгі орын алады. Аталған бағдарламалардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар және бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесіне қандай ықпалы бар дегенге келетін болсақ, олардың кез-келгені болашақ ұрпақтың мәдени құндылықтарын қалыптастыруға игі ықпал етеді.

Мектептен тыс оқушылар сарайы, балалар шығармашылығына байланысты орталықтар мен үйлер, туристік базалар, балалардың музыкалық, көркемдік, эстетикалық секциялары, музейлер, кітапханалар, театрлар т.б. бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынып отырған оқушылар ұйымының үлгі Ережесі және оқушы-жастардың белсене өз көзқарастары негізінде құрылып жатқан ерікті қоғамдық ұйымдар оқушының тұлғалық қасиетін айқындауға ықпал етеді.

Жастарды бір бағытқа бейімдеп, олардың іскерлік қабілетін тәрбиелеп жетілдіретін ерікті қоғамдардың бүгінде ТМД елдерінде, Америка, Англия, Франция, Прибалтика сияқты өркениетті елдерде де өмір сүріп отырғанын жақсы білеміз.

Қазіргі таңда мектептерде оқушылардың қоғамдық ұйымы, оқушылар қозғалысы, бірлестігі, клубтары құрылып, жұмыс істеуде. Осы ұйымдар кәмілетке толмаған жасөспірімдерді тәрбиелеуде өте маңызды. Мұндай ұйымдар жасөспірімнің қылмысқа баруының алдын –алуға да ықпал етеді. Жасөспірімнің уақыты осындай ұйымдарда өтсе, онда олардың жасайтын бұзақылығы да азаяр еді.

2005 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі алқасында елімізде балалар қоғамдық ұйымдарының мониторингін жүргізу туралы шешім қабылданған болатын. Аталған тапсырманың негізінде Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы жүргізген мониторинг 2009 жылдың желтоқсан айында Қазақстанда балалар ұйымдарының мықты потенциалы бар екендігін көрсетті. Балалар қоғамдық ұйымдарының қызметі жасөспірімдердің арасында өзінің аса қажеттілігін дәлелдейді [4]

Е.А.Дмитриенко балалар қоғамдық ұйымының басты қоғамдық жүйесін қарастырып, өзіне тән мағыналық мақсаты, тұтастық, құрылымдық және тәртіптілік; иерархиялық, полифункционалдық өзара қоғамдық жүйе және арасы; көркемдік және динамикалық ұйым; әлеуметтік; өзіндік тәртіп және өзіндік ереже процессі, өмірлік қамтамасыздандыру және өмірлік әрекет жүйесінен құралатынын белгіледі [5].

Балалар қозғалысы (бірлестік, ұйым) – бұл:

- Қоғамда адамдардың цивилизациялық-антропологиялық объективті бөлінуі заңдылық;
- Субъективті әлеуметтік шындық қоғамдық құрылыста, жасөспірім шақта ең прогрессивті қоғамдық-саяси өзіндік әрекет қайтарылды.
- Әлеуметтік қозғалыстың құрамды бөлігі, үлкендер және балалар әрекетімен, әлеуметтік тәжірибесімен бірге бірлестік түгелдей ұсынылды.
- Әлеуметтік белсенді топтардың бірі балалармен жасөспірімдер.
- Құрбы-құрдастарының ортасында бірлестік белсенділері және балалар әлеміне жол табуы меңгереді.

Балалар қозғалысын (бірлестік ұйым) – психологиялық категория жағынан да қарастыруға болады. «Балалар қозғалысы», «Бірлестік», «Ұйым» түсініктерінде өзіндік жеке жоспармен психологиялық механизм тойтарыс береді, сонымен қатар психологиялық ерекше топтағы әрекеттестік, психология аймағында, бөлімінде әлеуметтік психология болады. Бұл ұстанымдардан балалар қозғалысын былайша көрсетеді:

- Психологиялық ортада жасөспірімдер қалыптасады және жетіледі.
- Бірлестікте балалар өзіне керекті жол, өзіндік пікір, өзіндік есеп жасайды.

Балалардың қоғамдағы қозғалысын (бірлестік ұйым) педагогикалық категорияда қарастыруға болады.

Балалардың қоғамдық бірлестігі объективті түрде маңызды тапсырмаларды шешеді; әлеуметтік өмірге балалардың қосылуы, қоғамда әлеуметтік практикада күшті дәрежелі; әлеуметтік ортаға балаларды үйрету, оларды қажеттіліктерімен қамтамасыздандыру, қызығушылығы және сұрауы, сонымен қатар құқығын қорғау, тұрақтылық және қызығушылық, әлеуметтік ортада балалар негативті қатерден қорғанады.

Балалар бірлестігі қоғамда мемлекеттік немесе өзге де ресми жағдайда болуы да болмауы да мүмкін, бірақ міндетті түрде едәуір тәуелсіздігі өзінің әрекетін істеуге міндетті.

Осы мәліметті негізге ала отырып, балалар қоғамдық ұйымдарының ең көп шоғырланған жері, Павлодар облысы – 121 мың, Ақмола облысы – 100 мың, аталған облыста көбіне «Жұлдыз» бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізіледі, Батыс Қазақстан облысы – 11 мың балалар мүше болып отыр.

Қазақстанда қоғамдық ұйымдар мәселесі «Қазақстандағы балалар қозғалысының даму тенденциялары» атты республикалық деңгейде өткен ғылыми-практикалық конференцияда (2006 жылы) балалар қоғамдық ұйымының атқарып отырған жұмыстарына аса мән беріле отырып, алдағы уақытта республикамыздағы бала қоғамдық ұйымдарымен бірлесіп нәтижелі еңбек етуге ықылас білдірушілер үшін төмендегідей шаралар ұйымдастыру қажет екеніне тоқталды:

1. Еліміздің барлық облыстарындағы балалар ұйымдары жетекшілерінің қатарынан «Қазақстандағы балалар ұйымдарының одағын» құрудың және жұмыс істеуінің құқықтық негіздерін және нормативті құжаттарын құру жөніндегі инициативалық тобын құру. (БЖҒМ)

Балалар қоғамдық ұйымдарының қызметі бағдарламаларын республикалық ашық байқау конкурсын өткізу. (БЖБМБА РИ, РҚББОӨО).

2. Қазақстандағы балалар қоғамдық ұйымдары моделін құру (ҚБА).

Балалар қоғамдық ұйымдары қызметтерін жүйелеу жұмыстарын құру және олардың қызметтерінің мониторингін жүргізу (ҚБА, БЖБМБА РИ, РҚББОӨО).

3. Қазақстандағы балалар қоғамдық ұйымдарының жетекші кадрларын дайындау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесін құру (БЖБМБА РИ, «Балдәурен» РОСО).

4. Жыл сайын Қазақстандағы балалар қоғамдық ұйымдары көшбасшыларының ауысуымен өткізді («Балдәурен» РОСО) .[6]

Расында да, «Қазақстандағы балалар ұйымдарының одағының» (Одақтың төрағасы А.Б.Мыңбаев тағайындалған) құрылуымен бірге республикада көптеген жұмыстар атқарылып отыр. Балалар қоғамдық ұйымдарының қызметіне байланысты бірнеше мәрте республикалық ашық конкурстар өткізілді, балалар қоғамдық ұйымдарының жетекші кадрларын республикалық біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтында семинарлар өткізіліп, көптеген тәлімгерлер біліктіліктерін көтерді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы. Алматы. -1998
2. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде тәрбиенің кешенді бағдарламасы. - Астана. 2000.
3. Педагогический словарь. под ред. В.И. Загвязинского, А.Ф. Закировой. - М., 2007.
4. Испусинова С. Детское движение в Казахстане // Внешкольник Казахстана. -2006. №7.
5. Дмитриенко Е. «Жұлдыз» всегда- путеводная звезда // Внешкольник Казахстана. -Алматы, 2006, №7.
6. Ищанова М.Ә. Қазақстандағы балалар қозғалысының даму тенденциясы. // Внешкольник Казахстана. - Алматы .№7.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада кәметке толмаған жасөспірімдер үшін балалар ұйымдарының маңызы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль детских организаций в воспитании несовершеннолетних.

КАЗАХСТАН И ЕВРОПА В ФОРМИРОВАНИИ УСТАНОВОК ТОЛЕРАНТНОГО СОЗНАНИЯ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЁЖИ

Сакатова Н.Н.– старший преподаватель (г. Алматы, КазгосженПУ)

Проблема толерантности в современном образовательном процессе является достаточно очевидной, признаётся государственными и даже международными институтами в качестве одной из наиболее актуальной.

Актуальность обусловлена наличием следующих противоречий: с одной стороны, образовательная система Казахстана ориентирует на гуманизацию и гармонизацию процесса образования, который должен оказывать положительное влияние на нравственное развитие личности студента, а с другой – общество всё чаще сталкивается с ростом числа проявлений этнической интолерантности со стороны молодёжи; противоречие между существованием на государственном уровне программы по формированию установок толерантного сознания и профилактике экстремизма в казахстанском обществе и отсутствием на местном уровне аналогичной работающей программы, учитывающей региональную специфику.

В результате актуальность рассматриваемой нами проблемы связана с:

- нарастанием маргинальности и девиантного поведения молодежи;
- утратой духовных ориентиров и связи поколений;
- нарастанием миграционных процессов в городе;
- большим расслоением общества и нарастанием нетерпимости.

В научной литературе толерантность определяется как «терпимость, стремление и способность к установлению и поддержанию общности с людьми, которые отличаются в некотором отношении от преобладающего типа или не придерживаются общепринятых мнений».

Это трудное и редкое достижение по той простой причине, что фундаментом сообщества является родовое сознание. Молодёжь объединяется в одну общность с теми, кто разделяет её убеждения, или с теми, кто разговаривает на том же языке или имеет ту же культуру, или с теми, кто принадлежит к той же этнической группе.

В сущности, общность языка и чувство этнической близости на всем протяжении человеческой истории выступают в качестве оснований сообщества.

В то же время молодые люди склонны враждебно или со страхом относиться к «другим» – тем, кто от нас отличается. Различие может иметь место на любом уровне биологической, культурной или политической реальности.

Проблемой толерантности занимались многие видные российские и зарубежные учёные: А. Г. Асмолов, Л. М. Дробижева, Г. У. Солдатова, В. Ю. Хотинец, Дж. Берри, Г. Лебон, Б. Риэрдон и многие другие. Обратимся к истокам возникновения и этапам формирования гуманистических основ понятия «толерантность».

Все современные нации в культурном, религиозном и политическом отношении более плюралистичны, чем традиционные сообщества, которые сохраняли свое единство за счет фундаментальных традиций в культуре или религии. Культурный и религиозный плюрализм, развившийся в западном мире, особенно среди англосаксов, вызвал к жизни толерантность, необходимую для установления общности в условиях плюрализма. Толерантность была, с одной стороны, необходимым побочным продуктом этого плюрализма, а с другой – условием его дальнейшего развития.

Решающим в истории толерантности явился кромвелевский период английской истории XVII века, когда среди различных пуританских сект, входивших в армию Кромвеля, только индипенденты и левеллеры были заинтересованы в свободе и терпимости. Согласно их взглядам, ни одно убеждение не может быть настолько непогрешимым, чтобы ему в жертву можно было принести другие убеждения, существующие в сообществе. В целом толерантность была установлена как в Англии,

так и в Америке не столько в качестве идеального принципа, сколько по необходимости – когда было разрушено монолитное единство общества. Оказалось, что в обществе будет больше мира, если не пытаться навязывать ему сверху религиозного единства.

Примечательно, что проблема толерантности впервые возникла в западной цивилизации именно на религиозном уровне, и она положила начало всем другим видам свободы, которые были достигнуты в обществе. В обыденном сознании доминирует мнение, что трудно быть терпимым в отношении людей, придерживающихся иных религиозных убеждений. Это суждение зиждется на допущении, что религия в основе своей фанатична, и это отчасти верно в том смысле, что религия означает всецелую самоотдачу личности. В идеале вера должна порождать милосердие, а не фанатизм, поскольку она приводит к сопоставлению фрагментарных и ограниченных ценностей с абсолютным и божественным. Но в реальных ситуациях религиозный человек может легко впасть в соблазн освящения своих ограниченных ценностей светом того абсолюта, которому он предан, и при этом еще призвать в союзники Бога. В истории человечества много примеров, когда религия иногда содействовала углублению и ужесточению фанатизма.

Эпоха Просвещения, которую часто наделяют духом толерантности, породила очень опасный якобинский фанатизм рационалистического типа.

Видным представителем толерантности в ту эпоху был Вольтер. Ему приписывают изречение: «Я не согласен с тем, что вы говорите, но пожертвую своей жизнью, защищая ваше право высказывать собственное мнение» (Трактат о веротерпимости: *Traite sur la tolerance*, 1763), – афоризм, в котором выражена классическая теория толерантности. Взгляды Вольтера сложились под влиянием событий в Англии XVII века, когда в условиях религиозного плюрализма и религиозной толерантности был достигнут гражданский мир и установилась общая атмосфера милосердия.

Сегодня термин «толерантность» широко используется в отечественной и зарубежной социально-политической, культурологической и правоведческой литературе.

Межнациональная толерантность тесно связана с веротерпимостью, которую редко проявляет современная молодёжь, в том числе и студенческая.

Для современного развития казахстанского общества характерно вмешательство в духовную жизнь граждан различных, в том числе и зарубежных, религиозных организаций. Они стремятся навязать нашей молодёжи нетрадиционные для Казахстана типы религиозного вероисповедания.

Следует заметить, что не все религиозные объединения заслуживают толерантного отношения, особенно, когда речь идет о религиозных культурах экстремистской направленности. Деятельность этих организаций должна рассматриваться с позиции их негативного влияния на семью, детей, молодёжь. Здесь воспитывается человек-винтик религиозной организации, отвергающий родную семью, традиции, свой народ.

Воспитание в процессе преподавания социально-гуманитарных дисциплин является наиболее эффективным средством предупреждения нетерпимости.

Современные воспитательные системы задаются целью – воспитать нейтральные черты, которые с успехом могут служить как целям гуманным, так и асоциальным, а мы считаем необходимым формирование толерантной личности, способной к саморазвитию.

Воспитание в духе толерантности следует рассматривать в качестве безотлагательного императива, в связи с этим необходимо поощрять методы систематического и рационального обучения толерантности, вскрывающие культурные, социальные, экономические, политические и религиозные источники

нетерпимости, лежащие в основе насилия и отчуждения. Политика и программы в области образования должны способствовать улучшению взаимопонимания, укреплению солидарности и терпимости в отношениях как между отдельными людьми, так и между этническими, социальными, культурными, религиозными и языковыми группами, а также нациями.

Проявление толерантности, которое созвучно уважению прав человека, не означает терпимого отношения к социальной несправедливости, отказа от своих или уступки чужим убеждениям, а подчёркивает свободу каждого в формировании убеждений и признаёт такое же право за другими.

Поскольку в своей основе толерантность предполагает внутреннее преодоление нетерпимости, неприятия иного, она в свою очередь является необходимой основой существования этнического разнообразия и подразумевает решение возникающих межэтнических противоречий через готовность к диалогу, компромиссу, равноправию.

В учебно-воспитательном процессе Вуза каждая дисциплина вносит определённый вклад в развитие толерантности личности. Так воспитательной функцией иностранного языка является знакомство с нормами поведения и правилами этикета иноязычной страны. Например, просмотр фильма на иностранном языке о том, как правильно и уместно вести себя в различных ситуациях, способствует накоплению у студентов опыта поведения и общения с народами других стран.

Немаловажным условием воспитания толерантности у студентов является личность самого преподавателя. Включение современных студентов в систему деловых отношений с преподавателем и проявление толерантности со стороны последнего ведёт не только к профессиональному становлению молодых людей, но и приобретению опыта социального общения. Настроенность преподавателя на понимание своих студентов, уважение их мнения, проявление внимания к ним, соблюдение педагогического такта, с которым связаны выдержка, самообладание, терпение, эмоциональная уравновешенность, являются значительным резервом воспитания гражданственности будущих специалистов.

Итак, толерантность как инновационная европейская тенденция в современном казахстанском образовании оказывает важное воспитательное значение, а именно, формирует у студентов такие личностные качества, терпимость, гуманность, коллективизм, самокритичность, самоконтроль в поведении, которые не только составляют основу гражданственности, но и играют большую роль в процессе человеческих взаимоотношений.

ЛИТЕРАТУРА

1. Вафина Э. Формирование толерантных отношений у молодежи // Преподавание истории в школе, 2005. №3. С. 56-58.
2. Гершунский Б. Толерантность в системе ценностно-целевых приоритетов образования // Педагогика, 2002. №7. С. 3-12.
3. Дробижева Л.М. Толерантность и рост этнического самосознания: пределы совместимости-М., 1997.
4. Тулесов К.Б. Основные направления идейно-политического противодействия распространения идеологии экстремизма и терроризма // Религия и право. – 2007. – №3.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада заманауи Қазақстандық білім беру жүйесіндегі толеранттіліктің тәрбиелік мәні мен маңызы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается воспитательное значение толерантности в современном казахстанском образовании.

МОДУЛЬДІК ОҚИТУДЫ ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Үмбеталиева А.Д. - аға оқытушы, Игисина А.С. - аға оқытушы
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Кез келген елдің болашағы білім беру жүйесінің жетілуі және Қазақстан халқына да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру қажеттігі маңызды мәселе. Әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын қамтитын жаңа білім мазмұны шынайы жарыс, яғни қазіргі таңда адал бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу баршамызға үлкен міндет екені күмән келтірмейді. Бұл талап оқытушылар қауымына да үлкен жауапкершілікті жүктейді. Сол себепті біздер де әр кез үлкен ізденісте жүріп, әр сабаққа жан жақты дайындалуымыз қажет. Осы орайда Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруын негізге ала отырып, білім беру жүйесінің жаңа мазмұндық және сапалы деңгейде болуы.

Сонымен білім сапасының бәсекеге қабілеттілікке қолжетілімдік негізінде модульдік оқыту енгізу өзекті мәселенің бірі болып отыр.

Модуль дегеніміз – қандайда бір жүйенің, ұйымның нықталатын, біршама дербес бөлігі.

Модульдік оқыту – оқыту ақпараттары модульдерге бөлінген кезде білім беру үрдісін ұйымдастыру. Білім алушылардың өзіндік оқуы мен тәжірибелік іс-әрекетінің белсенді болуына мүмкіндік беру.

Модульдік оқыту келесі негізгі идеяға негізделген: білім алушы өзі білім алуы керек, бірақ оның білім алуын оқытушы басқаруы міндетті: мотивациялау, ұйымдастыру, бағыттау, кеңес беру, бақылау арқылы.

Модульдік оқытудың негізін П.Ю. Цявичене құрастырған. Модульдік оқытудың мағынасы мынада: модульмен жұмыс жасау барысында білім алушы толығымен өзі (немесе белгілі бір көмекпен) оқу-танымдылық қызметте нақты мақсатқа жетеді.

Модуль – бұл мақсатты функционалды байланыс, оның ішінде оқудың мазмұны мен игеру технологиясы жоғары деңгейлі жүйе тұтастығы жинақталған. Осылайша модуль модульдік оқытудың құралы болып табылады, себебі оның құрамына: іс-әрекеттің мақсатты жоспары, ақпарат банкі, дидактикалық мақсатқа жету үшін әдістемелік нұсқаулық кіреді. Модульдік оқытудың сипаттамаларында басқа оқыту жүйесіне қарағанда маңызды айырмашылықтар бар.

Біріншіден, білім алудың мазмұны өзіндік кешендермен көрсетілген, олардың игерілуі мақсатқа сәйкес жүзеге асырылады. Білім алушыға дидактикалық мақсат құрастырылады және өзінде тек оқытудың көлемінің мазмұны ғана емес оны игеру деңгейіне де әсер етеді.

Екіншіден, оқытушымен білім алушының арасындағы қатынас өзгереді. Ол модуль жеке, жеке-дара қатынас арқылы жүзеге асырылады. Модуль оқытуды субъектінің субъектілік негізіне ауыстыруға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, білім алушы ұзақ уақыт өзіндік жұмыс жасайды, өзінің жұмысын жоспарлауға, өзін-өзі ұйымдастыруға, өзін-өзі бақылауға және өзін-өзі бағалауға үйренеді.

Модульдік оқытуда әр білім алушы белсенді және тиімді оқу-танымдылық іс-әрекет жасайды, бағдарламаның көмегіне сүйенеді. Бұл жерде бақылау жеке-дараланады, өзіндік бақылау, түзету, кеңес алу, өзіндік жұмыс жасаудың деңгейі қарастырылады. Осы оқу жүйесі әр білім алушыға білім стандартын игеруге кепілдік береді және жоғары деңгейлі оқуға жол ашады. Өзіндік және ұжымдық жұмыс жасау сияқты білім алушының жеке тұлғалық қабілеттерін дамытуда аталған технологияның үлкен мүмкіндіктері бар. Оқытушының де оқу үрдісінде рөлі өзгереді. Оқытушының

негізгі мақсаты білім алушыға оқуына түрткі болу, оқу-танымдылық іс-әрететінде оларды модуль арқылы басқару және оларға кеңес беру. Оқу барысындағы оқытушының іс-әрекетінің өзгеруі нәтижесінде мінез-құлқы мен мазмұны оның дайындығына әсер етеді: енді ол қалай сабаққа жақсы дайындаламын демейді, ал қалай білім алушы жақсы бағыт бағыттаймын дейді. Себебі бағыттау модуль арқылы жүзеге асырылады, оқытушының мақсаты модульдің дидактикалық мақстын білімді көрсету және осы мақсатты дұрыс оқу мазмұны бойынша құрастыру. Бұл оқытушының сабаққа дайындығындағы жаңа бағыт. Ол оқытушының өзінің тәжірибесіне, біліміне талдау жасауға апарады және тиімді жолдарды іздестіруге итермелейді. Оқытушының өзінің білім алушылар туралы, олардың іс-әрекетінің мақсатын ойластыру, іс-әрекетінің бағдарламасын анықтау, мүмкін болатын қиындықтарды алдына алу, оқытудың нақты формасын және әдісін анықтау болып табылады.

Модульдік оқу қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады: кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады.

Кіріспе бөлімінде оқытушы білім алушыға оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Сонан соң оқытушы осы модулінің барлық уақытында есептелген оқу материалын қысқаша (10-20 минут ішінде), сызба, кесте және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді. Тақырып мазмұнына (тұтас тақырып немесе тарау бойынша) «өсу» бағытымен –қарапайымнан күрделіге, репродуктивтік тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға, зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте қайта оралып отыру әр балаға оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, тілін дамытады. Психологтардың пайымдауынша, әрбір дербес тарауды оқып-үйрену үш негізгі кезеңге тұрады:

- кіріспе – қызықтырушылық
- операцияналдық – танымдық
- рефлексиялық – бағалау

Психологтар дәлелгендей, білімді неғұрлым тиянақты меңгеру үшін білім алушының мақсаты түсінуі аса маңызды. Ол үшін мақсат оның мағынасы нақты айқын белгіленіп, мақсатқа жету тәсілдері көрсетілуі керек.

Объектілердің нақты қасиеттері жайлы білімді қалыптастыруға түсіндіруді сызба және белгілік үлгілер түрінде көрініс тапқан әрекеттен бастаған тиімдірек.

Қандай да бір құбылысты тану барысында адамда оны түсінгендік, меңгергендік сезімі пайда болуы тиіс.

Жадыны және келешекте алынған білімге сүйену мүмкіндігін қорғау үшін, психолог Л.В.Шешневтің пікірінше, біріншіден, алғашқы түсінбеушілік сезімі жадыда сақталмауы тиіс; екіншіден жады меңгерілген ұғымдар мен түсініктерді қорғау қапшығына, берік жабылған «орамаға» салып сақтауы және ұсынуы тиіс.

Сөйлесу бөлімінде танымдық процесс білім алушыны 2-6 адамнан шағын топтарға бөлу арқылы негізінен олардың өзара әрекет етуінен құрылған. Білім алушылардың танымдық қызметі әрбір білім алушының әр сабақта үш күрделік деңгейде берілген оқу материалын тыңдау, көру және айту мүмкіндігі болатындай етіп құру.

Оқытудың ойын түрінде ұйымдастыру және әр түрлі белсенді формаларды қолдану – оқытудың міндетті шарты болып табылады. Сөйлесу бөлімінде алғашында оқу материалын қайта жаңғырту және қарапайым білік пен дағды қалыптастыру мақсатында кейінен – алынған білімді талдау, жинақтау және бағалау мақсатында оқытудың белсенді формалары қолданады. Оқу модулінің сөйлесу бөлімі тарауды тұтас оқып үйренудің екінші – операциялық-танымдық кезеңін іске асыру болып табылады.

Бұл бөлімді қарастыру үшін біз Л.Фридманның төмендегідей ережелеріне негізделген тұжырымдамасына сүйенейік:

1. Білім алушы жеке, топтық, ұжымдық жұмыс барысындағы түрлі қызмет жүйесі ретінде қаралады. Білім алушының қисынды ойлауын, қабілеттерін көзге елестету қабілетін, жадынан, шығармашылық және тағы да басқа дамытуға, яғни білім берудің мақсаттары болып табылатын тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған.

2. Оқытуды басқарудың психологиялық сенімді түрі – ең алдымен білім алушының қажеттіліктерін, қызығушылығын және қызмет мақсаттарын дамытуға жағдай жасау.

3. Басқару икемді болуы тиіс. Білім алушылардың іштей өсуі жүргенде ғана білім дәрежесінің артылуына мүмкіндік болады.

4. Білім алушылар нақты оқу қызметінің мақсаттарын анықтауға тікелей қатысуы керек, яғни басқару тұлғалыққа бағытталған болуы тиіс.

5. Оқу процесін басқару білім алушының ішкі қуатына және мүмкіндіктеріне негізделіп жүруі тиіс.

Оқу модулінің сөйлесу білімін даярлағанда оқытушы оқу материалының негізгі мазмұның бөліп, құрастырады.

Мұнда білім алушы оқу материалына қайта оралып, пысықтап, бекітуі үшін оның әр сабақта жеке бөліктермен берілетіні есепке алу керек, бұл бөліктерде қысқаша сыйымды түрде тұтас тараудың мазмұны беріледі.

Пысықтауды қажет ететін материалды тәрбиеші үш күрделілік деңгейінде дайындайды. Үш деңгейдің қайсысын тандайтынын әр білім алушының өзі шешеді. Бұның бір маңызы – күрделі, ізденушілік, шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды кез келген күрделілік деңгейіндегі бағдарламалық материал тапсырмаларын орындаған білім алушыға, яғни іс жүзінде бәріне де беруге болады.

Бұл бөлімнің сабақтарын жоспарлағанда оқытушы білім алушымен өзара сөйлесуін қамтамасыз етуге баса көңіл аударады.

Оқытушының сөйлесу бөлімін дайындаудағы бес әрекеттік қадамнан тұратын даярлық құрылымы қалыптасады.

1. Модульдің сөйлесу бөліміндегі материалдың негізгі мазмұның белгілеу;

2. Оқу материалын біртұтас, жинақы, «өсу» бағытымен беру;

3. Тақырып бойынша жеңілдететін деңгейдегі және білім стандартының талаптарын қамтамасыз ететін деңгейдегі тапсырмалар дайындау;

4. Осы бөліктің сабақтарында өзара сөйлесуді қамтамасыз ету;

5. Білім алушылардың пәнге қызығушылығын және креативтігін дамытуға арналған шығармашылық сипаттағы материал дайындау.

Қорытындылай келе, бұл оқытудың тұтас циклін анықтайтын, білім алушылардың сөйлесу бөліміндегі танымдық қызметі барысында қалыптасқан білім, білік, дағдыларын бақылауға, тексеруге және бағалауға арналған. Білім алушы өз қызметін талдайды – яғни, бағаланады, соңында әр білім алушының танымдық қызметінің жалпы оқу нәтижесін анықтайды. Оқытушының өз тандауы бойынша тапсырмалар, мәселен ауызша сұрау, бақылау жұмысы, эссе жазу арқылы бағалайды.

Оқу процесіне модульдік оқытуды енгізу барысында дәстүрлі жүйемен қатар модульдік элементтерді пайдалану қажет. Модульді барлық оқыту жүйесінде пайдалана отырып, оның тиімділігі мен сапасын жоғарлатуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама.

2. <http://www.portalus.ru>

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада модульдік оқытудың жекелеген тәсілдерін іске асыру арқылы модульдік оқытудың енгізу мәселелері қарастырылған

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается проблемы внедрения модульного обучения, в частности реализации индивидуального подхода в модульном обучении.

ЭКОНОМИКА, ЕСЕП ЖӘНЕ ТУРИЗМ

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА – ТЕҢГЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ АЙҚЫН КӨРІНІСІ

Заманбеков Ш.З. - э.ғ.к., доцент, Бакирова Б.А. - аға оқытушы
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

2011 жылдың қараша айының 30-шы жұлдызында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің мәжіліс залында «Әлеуметтік-гуманитарлық» факультетінің «Экономика, есеп және туризм» кафедрасы Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай «Қазақстан экономикасының тұрақтылығындағы ұлттық валютаның рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Қазіргі жағдайда теңге Қазақстанның экономикалық тәуелсіздігінің айқын көрінісі болып отырғандықтан, дөңгелек үстел барысының басты мақсаты – еліміздің төл теңгесі – ұлттық валютаға жан-жақты сипаттама бере отырып, оның тұрақтылығын қамтамасыз етудің, әрі қарай нығайтудың қандай жолдары бар екендігін көрсету, осы мәселеге қатысты дөңгелек үстелде айтылатын ой-пікірлерді тыңдап, тәжірибе алмасу болды. Кафедраның ұйымдастырып отырған дөңгелек үстеліне Алматының ғылыми-зерттеу институттарында және жоғары оқу орындарында жұмыс істейтін белгілі ғалымдар қатысты. Солардың ішінде атап айтар болсақ ҚР ҰҒА академигі, э.ғ.д., профессор, Қаржы-банк менеджменті ғылыми-зерттеу институтының директоры О.Б.Баймуратов, Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің профессорлары Ж.Ж.Сүлейменов, О.А.Абралиев, Н.Ә.Махамбетов, Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің доценттері Е.Әмірбекұлы, Каспий қоғамдық университетінің доценті Ж.М.Нұрқожаев, Р.Қ.Елшібаевтар қатысты. Дөңгелек үстелге қатысушылардың ішінде өзіміздің университеттің бірінші проректоры, п.ғ.д., профессор Н.Ә.Алдабек, факультеттің деканы, т.ғ.к., доцент Ж.Б.Аширбекова, факультеттің құрамындағы кафедралардың меңгерушілері, оқытушылар мен студенттер болды.

Дөңгелек үстелді университеттің бірінші проректоры, п.ғ.д., профессор Н.Ә.Алдабек ашты. Өз сөзінде Н.Ә.Алдабек Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдық мерекесі құрметіне бұл үстелдің арналып отырғанын айтты. Бұл мерекенің өзінше тарихи сипатқа ие екенін көрсетті. Осы орайда төл теңгеміз ел тәуелсіздігімен қатар 1993 жылдың 12-қарашада ҚР президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасына Ұлттық валютаны енгізу туралы» Жарғыға қол қойылған соң, сол жылдың 15-қараша күні айналысқа енгіліп, тәуелсіздігіміздің бірден-бір айқын дәлеліне айналды. Мемлекетіміздің білікті қаржыгер мамандарының қажырлы еңбектерінің бүгінгі күнгі нәтижелері теңгемен етене байланысты.

Бүгінгі таңда теңге экономикамызды алға тартар қуатты күшіне айналды. Дөңгелек үстелде айтылатын мәселе тәуелсіз Қазақстанның 20 жылда қол жеткен табыстары мен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы- теңгенің шығу тарихы және теңгенің еліміздің экономикасының тұрақтылығындағы рөлі аясында болмақ. Ендігі сөзді дөңгелек үстелді жүргізуші «Экономика, есеп және туризм» кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к., доцент Ш.З.Заманбековқа беріледі.

Сөз алған Ш.З.Заманбеков ең алдымен дөңгелек үстелге келген студент жастар білсін дегендей қысқаша академик О.Б.Баймуратовтың өмірбаянына тоқталды. Сонан кейін ұлттық валюта-мемлекеттің басты нышандарының бірі-деп сөзін жалғастырады.

Бүгінгі төл тенгеміздің 18 жылдық мерекесі қаржыгер-экономист мамандарымыздың осы уақытқа дейінгі орасан зор еңбектерінің нәтижесі деп түсінуіміз керек. Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық мақтанышына айналып отырған бүгінгі теңгеміздің шығар шыңдары әлі де биік екеніне сеніміміз мол. Бүгінгі мәжілістің басты мақсаты- жастарды, әсіресе студенттерді ұлттық құндылықтарымыз бен мақтаныштарымызды бағалай біліп, олардың экономикалық маңызын тереңінен түсінулерін қадағалау, оларды отан сүйгіштік қасиеттерге баулу. Осыған орай, дөңгелек үстел мәжілісінде төмендегідей мәселелер қарастырылады:

«Қазақстан тәуелсіздігі: оған қалай еліміздің қолы жетті және ұлттық валюта қалай енгізілді (естеліктер және ойлар)?», «Төл теңгенің – ұлттық экономиканың нығайтудағы маңызы», «Ұлттық валюта және елдің индустриалдық-инновациялық даму үрдісі», «Мемлекеттің қолдауымен ауыл шаруашылық өнімдерінің бәсекелестік қабілеттілігін арттыру арқылы ұлттық валютаны нығайту», «Еуразиялық экономикалық қоғамдастықта (ЕуроАзЭҚ) бірыңғай валютаны құру перспективасы туралы», «Ұлттық валютаның АҚШ-тың долларына қатысты арзандауы және бұдан туындайтын мәселелер».

Бұл мәселелер бойынша шығып сөйлегендердің сөзін, олардың ой-пікірлерін білуге байланысты біздің алдымызға қойған міндетіміз-бұл:

- Қазақстан Республикасының ұлттық валюта-теңгенің шығу тарихымен жас мамандар мен студенттерді толығырақ таныстыру;
- Қазақстан тәуелсіздігінің маңызды бір белгісі ретінде теңгеге сипаттама бере отырып, студент жастардың патриоттық сезімін көтеру, өз отанына деген сүйіспеншілігін арттыру;
- өңгелек үстелде баяндалған мәселелерді және пікірталаста айтылған ақпараттарды оқу үрдістерінде қолдану;
- Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына байланысты, оның қол жеткен табыстарының бірі- ұлттық валютаның күннен күнге нығайуын, тұрақтандырылуын, әрбір адамның оған деген сенімділігінің күшейуін халық арасында насихаттау.

Осыдан кейін Ш.З.Заманбеков бірінші сөзді ҚР ҰҒА академик, э.ғ.д., профессор О.Б.Баймуратовқа берді. Ол «Қазақстан тәуелсіздігі: оған қалай еліміздің қолы жетті және ұлттық валюта қалай енгізілді (естеліктер және ойлар)?» атты тақырыпқа сөйлеп, үлкен мәселелерді көтерді, сонымен қатар студенттер мен жас мамандарға қажетті мағлұматтар берді. Академик О.Б.Баймуратов Кеңес Одағы ыдырай бастағаннан бастап, егемен ел болғанымызға дейін қазақ елі 3 кезеңді бастан кешіргенін айтып өтті. Бірінші кезең 1985-1986 жылдар арасы, яғни әкімшілдік-әміршілдік эконимкасынан нарықтық экономикаға көшу кезеңі, екінші кезең 1987-1989 жылдардағы нарықтық экономикалық реформалар кезеңі, үшінші кезең 1990-1991 жылдар, яғни Совет үкіметі 1991 жылы тамыз айында толығымен құлдырған жылы және біздің еліміздің көптеген ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігінің жарияланған жылы. Сонымен, 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси тәуелсіздігі туралы конституциялық заң қабылданғаны жайлы толығымен түсіндіріп өтті.

Әрбір мемлекеттің бет-бейнесін көрсетіп, мәртебесін танытатын ең басты құрал сол мемлекеттің ұлттық валютасы екендігі баршамызға белгілі. Соған орай, Қазақстанда өзінің төл валютасын қиын да күрделі жағдайда дайындап, жасап шығаруы барынша қиын кезеңнен өткеніне және Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық валютасы – теңгенің шығу тарихына кеңірек тоқталды.

«Қазақстан теңгесі 1993 жылғы 15 қарашада Президент Н.Назарбаевтың Жарлығымен айналымға енгізіліп, ал 1997-ші жылғы 13 қарашадағы Жарлығымен 15 қараша Ұлттық валюта күні, еліміздегі қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып жарияланған болатын. Қазақстан үшін де, бұрынғы кеңестік мемлекеттері үшін де өз төл валютасын енгізу республикаға өзінің толыққанды экономикалық саясатын қалыптастыруға мүмкіндік берген егемендікті құрудағы соңғы қадам болып табылды», - деп өзінің сөзін аяқтады академик. Бұдан кейін қойылған сұрақтарға жауап берді.

Сөз алған э.ғ.д., профессор Ж.Ж.Сулейменов төл теңгенің ұлттық экономиканы нығайтудағы маңызы туралы өз ойын айтты. Қазақстанның ұлттық валютасы-теңге, мемлекеттік байрақ, әнұран, ел таңбамен қатар, егемен елдің ерекше белгісі болып саналады. Өзінің тұрақтылығымен теңгенің елдің экономикасының дамуы мен экономикалық тәуелсіздігінің негізгі критерийлерінің бірі болып табылатындығына мысал келтіріп, дәлелдеп көрсетті. Ұлттық валютаның маңызын көтеруде Қазақстанда Индустриалды-инновациялық даму бағдарламаның қабылданып, жүзеге асып жатқаны ерекше атап айтылды.

Ж.Ж.Сулейменовтің сөзін әрі қарай жалғастырған, э.ғ.д., профессор Н.Ә.Махамбетов теңгенің тұрақтылығын нығайту жолына көп көңіл бөлді. Осы орайда ол ҚР ауыл аймақтарын дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасына, «Жол картасына», «Қазақстанды индустриялау курсына» тоқталды. Бұлардан туындайтын шаралар ауылшаруашылық өнімдерін өндіруде интенсивті технологияларды пайдалануға, осының негізінде бұл өнімдердің бәсекелестік қабілетін көтеруге жол ашатынын айтты. Ал, бұл іс жүзінде ұлттық валютаның тұрақтылығын нығайтуға мүмкіндік береді деді.

Жарыс сөзге қатысып, өз ойымен бөліскен э.ғ.к., доцент Е.Әмірбекұлының қысқаша сөйлеген сөзі қызықты болды. Бұл қонақтарға келген жас оқытушылар мен студенттер жағына бірнеше сұрақтар қойылды. Қойылған сұрақтарға қанағаттанарлық жауаптар берілді.

Қорытынды сөзінде Ш.З.Заманбеков «Дөңгелек үстелге» келген қонақтарға рахмет айтып, тілек білдірді. Академик О.Б.Баймуратовқа уақыт тауып, «дөңгелек үстелге» келгеніне, баяндама жасағанына қызықты мәліметтер бергеніне ризашылық айтылып, естелік ретінде сувинер берді. Өз кезегінде О.Б.Баймуратов баспадан шыққан 7 томдық еңбегін ескерткіш ретінде тарту тартты.

Екі сағатқа созылған дөңгелек үстел барысында талқылаулар өте мазмұнды және сапалы өтті. Ұлттық валюта – мемлекеттіліктің басты нышандарының бірі болғандықтан және еліміздің тарихының маңызды бөлігі ретінде қарағандықтан, теңге бойынша елге белгілі атақты ғалымдардың қатысуымен университеттің студенттері мен жас мамандарының арасында мастер-класс өткізілсе артық болмайды деген тұжырымдама жасалды.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгенің шығу тарихы мен маңызы қарастырылған. Ерекше көңіл теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бөлінген. Ұлттық валютаның қазіргі жағдайына байланысты Қазақстанның белгілі ғалымдарының ойлары келтірілген.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается история возникновения национальной валюты - тенге Республики Казахстан и ее значение. Особое внимание уделяется обеспечению устойчивости тенге. Приводятся высказывания известных ученых Казахстана относительно современного состояния тенге.

ӘОК.325.1

Ә.58

ЖҰМЫС УАҚЫТЫН ПАЙДАЛАНУ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Әміреұлы Ы.Ә - э.ғ.к., доцент, Құлмағанбетова А.Б- магистр оқытушы
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Бүкіл экономика салалары және Республика бойынша жұмыскерлердің құрамы мен санын зерттеп қана қоймай, соныменен бірге өнім өндіру мен қызмет көрсетуге жұмсалынған жұмыс уақытының есебі мен оны тиімді пайдалану нәтижелері жеке зерттеледі. Себебі бұл көрсеткіштің де экономика салалары үшін, атқаратын рөлі жоғары бағаланады.

Жұмыс уақыты деп жұмыскерлердің еңбек шартын талаптарына сәйкес өзінің еңбек міндеттерін орындауға арналған уақыт мөлшерін айтады. Жұмыс уақытының есебін жүргізу үшін адам-сағат және адам-күн өлшем бірліктерін қолданады. Қазақстан Республикасының Еңбек туралы заңының 39-бабында көрсетілгендей экономика салаларында жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 41 сағаттан аспауға тиіс. Ал жұмыскерлердің жекелеген санаттары үшін жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы қолданылады және оған мыналар жатады:

1) он төрт(14) жастан он алты(16) жасқа дейінгі жұмыскерлер үшін – аптасына 24 сағаттан, он алтыдан он сегіз(18) жасқа дейін – 36 сағаттан аспайтын;

2) зиянды немесе ауыр еңбек жағдайларын да істейтін жұмыскерлер үшін аптасына 36 сағаттан аспайтын болып белгіленген.

Жұмыс уақыты қысқартылған ұзақтығына құқық беретін өндірістер, цехтар, кәсіптер мен лауазымдар тізімін, сондай – ақ еңбек жағдайлары зиянды немесе ауыр жұмыстар тізбесін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орын белгілейді.

Жұмыскерлер үшін екі демалысы бар бес күндік жұмыс аптасы белгіленген. Бес күндік жұмыс аптасы кезінде күнделікті жұмыстың(ауысымның) ұзақтығы жұмыс берушінің жұмыстың ерекшелігін, еңбек ұжымының пікірін ескеріп және жұмыс аптасына белгіленген ұзақтығын сақтай отырып, жұмыс берушінің актісімен немесе ауысым кестесімен белгіленеді.

Өндірістің сипаты мен жұмыс жағдайы бойынша бес күндік жұмыс аптасын енгізу орынсыз ұйымдарда бір күндік демалысы бар алты күндік жұмыс аптасы белгіленген. Алты күндік жұмыс аптасы кезінде күнделікті жұмыстың ұзақтығы норма 36 сағат болғанда 6 сағаттан және апталық норма 24 сағат болғанда 4 сағаттан аспауға тиіс.

Түнгі уақытта жұмыс істеу кезінде ауысым ұзақтығы 1 сағатқа қысқартылады және ол 22 сағаттан бастап таңғы сағат 6 дейінгі уақыт түнгі уақыт болып есептеледі.

Жұмыс беруші әрбір жұмыскердің нақты жұмыс істеген уақытының есебін жүргізуі тиіс. Ол үшін барлық кәсіпорындарда арнаулы табельші деп аталатын адамдар бөлінеді. Олар күнделікті жұмыскерлердің жұмысқа келгендері мен келмегендерін табельдік есепке алып отырады. Табельдік есепке алу арқылы жұмыскерлерді кез келген санааттары бойынша нақты жұмысқа келген және келмеген адам – күндердің

жалпы саны туралы шынайы мағлұмат береді. Соныменен бірге жұмысқа келгендері іс жүзінде жұмысқа кіріскендер мен күні бойы бос тұрғандарға бөледі және сол арқылы жұмыс істелінген адам – күндер мен жұмыссыз бос тұрған адам – күннің есебі шығарылады.

Әр жұмыскердің жұмысқа келіп, жұмысқа кіріскен күндері жұмыс істелінген адам – күндерге жатады. Оған күні бойы қанша сағат істелінгеніне, яғни сағат ұзақтығына қарамастан жұмыс істелінген адам – күн ретінде есепке алынады. Егер жұмыскер жұмыс берушінің тапсырмасы бойынша немесе үкіметтік міндетті атқаруына байланысты іс – сапарда жүрген болса онда сол жүрген күндерді, жұмыс істелінген адам – күндерге жатады. Егер жұмыскер жұмысқа келіп, түрлі себептерге байланысты сол күні жұмыспен айналыспаған болса, онда оны күні бойы бос тұрған адам – күн деп санайды.

Осы аталынған көрсеткіштердің қосындысы жұмысқа келген адам – күндер деп саналады. Ал оны белгіленген тәртіп бойынша сол кезеңдегі (ай, тоқсан, жыл) жұмыс күнінің санына бөлетін болсақ, онда нақты жұмысқа келген жұмыскерлердің орташа саны анықталады.

Егер жұмысқа келмеген жұмыскерлерді жеке қарастыратын болсақ, онда оларды жұмысқа келмеуге не себеп болғанын анықтайды және оны жылдық есептің №1 –Е нысанының бесінші бөлімінде бөлек көрсетеді. Жылдық есептілікке жұмыскерлердің жұмысқа келмеу себептеріне мыналар жатады:

- мереке және демалыс күндері;
- кезекті еңбек демалысы(барлығын қосқанда);
- оқу демалыстары;
- ауырғанына байланысты;
- әкімшіліктің рұқсатымен;
- заңмен рұқсат етілген басқа да келмеушілік;
- еңбек тәртібін бұзды.

Жұмыс уақытының ресурсын зерттеу кезінде оның бірнеше уақыт қорларын жеке қарастырады және оған мыналар жатады:

- күнтізбелік уақыт қоры;
- табельдік уақыт қоры;
- жоғары мүмкіндікті уақыт қоры.

Күнтізбелік уақыт қоры деп есепті мерзімдегі жұмыскерлердің жұмысқа келген және келмеген барлық адам –күндерінің қосындысын айтады. Мысалы, бір жылда күнтізбе бойынша 365(+164) күн болса, онда бір адамға шаққанда күнтізбелік уақыт қоры 365 адам – күнге тең болды деген ұғымды білдіреді.

Өндіріс процесінде күнтізбелік уақыт қордың барлығы пайдаланбайды, яғни мереке және демалыс күндерге байланысты. Осыған орай, күнтізбелік уақыт қорынан мереке және демалыс күндерге байланысты жұмысқа келмеген адам – күндердің санын шегеретін болсақ, онда табельдік уақыт қорының мөлшері анықталады.

Еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндерге жұмыс орны (қызметі) мен жалақысы сақтала отырып, жыл сайын ақылы негізгі(кезекті) демалыс беріледі. Егер табельдік уақыт қорынан ақылы кезекті демалыс күндерді шегеретін болсақ, онда жоғары мүмкіндікті уақыт қоры анықталады. Жоғары мүмкіндікті уақыт қоры бұл әрбір мекеме, кәсіпорындар мен бірлестіктердің жұмыс уақыт ресурстарының потенциалы(ықтималы) бар уақыт қоры деп те атайды. Түрлі себептердің әсер етуіне байланысты жоғары мүмкіндікті уақыт қоры толығымен пайдаланбайды. Осыған орай ,оны үш түрге бөлуге болады:

- нақты істелінген жұмыс уақыты;
- орынды себептерге байланысты істелінбеген жұмыс уақыты;
- ысырап болған жұмыс уақыты.

Нақты істелінген жұмыс уақыты деп іс жүзінде жұмыс берушінің актілері мен еңбек шарттарының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындауға жұмсалынған нақты адам – күндер мен адам – сағаттарды айтады.

Орынды себептерге байланысты істелінбеген жұмыс уақыты деп есепті кезеңде жұмыс уақыты ішінде жұмыскерлердің түрлі орынды себептерге байланысты жұмысқа келмей қалуын айтады. Оның құрамына мына себептер жатады:

- ауруына немесе ауру баланы қарауға байланысты;
- оқу демалыстарына байланысты;
- мемлекеттік және қоғамдық міндеттерді орындауға байланысты;
- сотқа немесе әскери комиссариатқа шақырылуына байланысты.

Ысырап болған жұмыс уақыты деп жұмыскерлердің жұмыс уақыты ішінде түрлі себептерге байланысты жұмысқа кіріспеген және жоғалтқан уақыттарын айтады. Оған мыналар жатады:

- күні бойы жұмыссыз бос тұруы;
- әкімшіліктің рұқсатымен жұмысқа келмеу;
- себепсіз жұмысқа келмеу;
- еңбек дауына келіспеушілікке байланысты және т.б.

Жалпы алғанда жоғары мүмкіндікті уақыт қорын есептеу кезінде нақты және қатысты шама көрсеткіштері қолданылады және солар арқылы талдау қорытынды жасалады.

Осы аталған жұмыс уақытының қорларын қолдана отырып кәсіпорындар мен бірлестіктер жұмыс уақытының балансын жасайды. Баланста көрсетілетін көрсеткіштер адам – күн есебімен жүргізіледі, ал жұмысшылар үшін қосымша адам – сағат өлшем бірлігі қолданылады. Адам – сағатты анықтау үшін істелінген адам – күнді көбейтеміз белгіленген орташа жұмыс күнінің ұзақтығына.

Орташа жұмыс күнінің ұзақтығы еңбек заңына сәйкес жүргізіледі, яғни бес күндік жұмыс аптасы кезінде жұмыс уақытының ұзақтығы – 8 сағат, ал алты күндік жұмыс аптасы кезінде – 6,67 сағат. Ал кейбір жұмыскерлер санаты үшін жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы қолданылады.

Төменде жұмыс уақыты балансының сұлбасын 1- кестеде келтіреміз және ол екі бөліктен тұрады: баланстың сол жақ бөлігінде жұмыс уақытының ресурстары, ал оң жақ бөлігінде сол ресурстарды пайдалану көздері қарастырылады:

1 – кесте. Жұмыс уақыт қорлары балансының сұлбасы

Ресурстары	Адам - күндер	Адам - сағаттар	Пайдаланылуы	Адам - күндер	Адам – сағаттар
1.Күнгізбелік уақыт қоры			1. Белгіленген уақыттың нақты істелінгені,оның ішінде: - нақты істелінген адам – сағаттар; - ауысым ішілік ысырабы		
2. Мереке және демалыс күндері					
3. Табельдік уақыт қоры(1-2)					
4. Кезекті демалыс күндері			2. Орынды себептермен пайдаланылмаған		

5. Жоғары мүмкіндікті уақыт қоры(3-4)			уақыттар,оның ішінде: - ауруына байланысты; - оқу демалыстары; - кезекті демалыстар; - мемлекеттік тапсырысты орындауына байланысты		
			3. Ысырап болған жұмыс уақыттары,оның ішінде: - күні бойы бос тұру; - себепсіз жұмысқа келмеу; - әкімшіліктің рұқсатымен жұмысқа келмеу		
			4. Жоғары мүмкіндікті уақыт қоры(4=1+2+3)		

Жұмыс уақытының балансын пайдалана отырып, ондағы көрсетілген ресурстар бөлігінің нәтижелігін жеке сипаттайды. Демек жұмыс уақытын тиімді пайдалану көрсеткіштерін анықтайды және оларға мыналар жатады:

- күнтізбелік уақыт қорын пайдалану коэффициенті;
- табельдік уақыт қорын пайдалану коэффициенті;
- жоғары мүмкіндікті қорды пайдалану коэффициенті.

Осы аталған үш коэффициентті есептеу үшін іс жүзінде нақты жұмыс істелінген адам – күндерді бөлеміз аталған жұмыс уақытының қорларына. Мұнда, әрбір уақыт қорының қандай бөлігі шын мәнінде пайдаланылатындығы анықталады.

Жұмыс күшін ұтымды да тиімді пайдалана білу ғылыми ұйымдастырылған жүйеде жүргізілетін экономикалық заңдылық және статистиканың алдына қойған негізгі бір мақсаты болып табылады. Бұл мақсатты шешу үшін статистика бірнеше көрсеткіштерді қолданады, яғни есепті кезеңде жиналған мәліметтермен жұмыс уақытының балансына кіргізілген көрсеткіштерді пайдалану арқылы. Ондағы көрсетілген көрсеткіштерді екі бөлікке бөлуге болатындығы: біріншісі – жұмыскерлердің орташа тізімдік санын пайдалану, екіншісі – жұмыс уақыт қорын пайдалану. Осы көрсетілген екі тәсілде жұмыс уақытын ұтымды қолдануды зерттейтіндігі және сол арқылы белгілі бір мөлшерде қорытынды жасалатындығы.

Жұмыскерлердің орташа тізімдік санын пайдалануына баға беру үшін (әрбір мекеме, кәсіпорын, шаруашылық бойынша жеке қарастырады) тізімдегі жұмыс істейтін жұмыскерлердің коэффициентін есептейді. Оны есептеу үшін шын мәнінде нақты істелінген адам – күндерді бөлеміз жалпы істелінетін жоғары мүмкіндікті адам – күндерге.

Жұмыс қорын тиімді пайдалану көрсеткіштерін анықтау үшін статистикада бірнеше есептеу тәсілдері қолданылады және соның ішіндегі көп тараған түрлеріне мыналар жатады:

1. Жұмыс уақытының орта есеппен шаққанда бір жұмыскерге келетін нақты жұмыс күнін анықтау. Оны есептеу үшін сол кезеңде жұмыскерлердің нақты істеген барлық жұмыс күн санын тізімде тұрған жұмыскерлердің орташа санына бөледі.

2. Бір жұмыскердің нақты істеген жұмыс күнін пайдалану коэффициенті. Оны есептеу үшін бір жұмыскердің нақты істеген орташа жұмыс күн санын бөледі сол кезеңге белгіленген жұмыс күн санына.

Көрсетілген коэффициент арқылы сол кезеңге белгіленген жұмыс күнінің қанша мөлшерін шын мәнінде пайдаланғанымызды сипаттаймыз.

3. Жұмыс күнінің нақты орташа ұзақтығын есептеу, яғни әр жұмысшы күніне қанша сағат жұмыс істегендігін анықтау, ол үшін нақты істелінген барлық адам – сағатты сол кезеңде нақты істелінген адам – күнге бөледі. Жұмыс күнінің нақты орташа ұзақтығын тиімді пайдалану көрсеткішіне әсерін тигізетін бірден – бір себебі болып, сол кәсіпорындар мен бірлестіктердің ішкі ауысым кездерінде ысырапқа жіберілген уақыттары жатады. Демек, әрбір жұмыскердің ішкі ауысым кезінде қанша уақытты қолданбағандығын сипаттайтын көрсеткіш.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Статистика Ы.Әміреұлы Ш.Заманбеков Ж.Ы. Бейсекова Е.М. Киіков Алматы Қаз.МҚПУ 2010
2. «Статистика» пәнінен тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқау Ы.Әміреұлы Е.М. Киіков Л.Ш. Күншығарова Алматы 2008 Каз ККА
3. Статистические ежегодники, справочники.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бүкіл экономика салалары және Республика бойынша жұмыскерлердің құрамы мен санын зерттеп қана қоймай, соныменен бірге өнім өндіру мен қызмет көрсетуге жұмсалынған жұмыс уақытының есебі мен оны тиімді пайдалану нәтижелері жеке зерттеледі. Себебі бұл көрсеткіштің де экономика салалары үшін, атқаратын рөлі жоғары бағаланады.

РЕЗЮМЕ

Во всех экономических отраслях Республики исследование состава и численности рабочих, так же учет рабочего времени на производство продукции и услуг, и их оптимальное использование исследуется лично. Потому как эти показатели для отраслей экономики играют важнейшую роль.

ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСТАРЫН СТАТИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Әміреұлы Ы. - э.ғ.к., доцент, Оспанбек Т.Қ – магистр аға оқытушы
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Экономикамыздың біртіндеп өсуінің, халықтың іскерлік белсенділігінің артуының және мемлекеттің әлеуметтік салада жүргізген реформаларының нәтижесінде, соңғы жылдары халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға әсерін тигізетін негізгі басымдылығының бірі - халықтың ақшалай табыс деңгейінің ұдайы өсуі болып табылады.

Халықтың табысы дегеніміз белгілі бір уақытта олардың өз игіліктері үшін істеген жұмыстары мен көрсетілген қызметтеріне алатын ақшалай еңбекақылары, әлеуметтік қамтамасыз етуден түсетін түсімдер (зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы және басқа төлемдер), тауарды сатудан, пайыздардан, меншіктерден және тағы басқалай төлемдерден құралған ұлттық табыстың бір бөлігін айтады.

Статистикада халықтың тұрмыс деңгейін зерттеу кезінде табыстың бірнеше түрлерінің көрсеткіштері қолданылады және оған мыналар жатады:

- атаулы;
- нақты.

Атаулы ақшалай табыстар – бұл халықтың ағымдағы уақытта тұтынуға, өндірістік қызметке және қор жинауға бағытталатын ақшалай қаражаты. Олардың шамасы макродеңгейі негізінде есептеу әдісімен анықталады және халықтың жалдамалы және өз бетінше жұмыспен қамтылуынан түскен ақшалай табыстарын бағалау және әлеуметтік трансферттерді төлеуді бірге алғандағы ақша мөлшері.

Нақты ақшалай табыстар – тұтыну бағаларының өзгерістері есепке алынған ақшалай табыстар. Мұндай табыс еңбектің саны мен сапасына қарай төленетін жалақыдан жекелеп сатылатын бөлшек сауда бағасының дәрежесінен салынған салықтың мөлшерінен және мемлекет тарапынан халыққа көрсетілген тегін және жеңілдік жасалынған көмектерден құралады. Демек, халықтың тұрмыс деңгейін айқын сипаттайтын көрсеткіш.

Халықтың тұрмыс деңгейін зерттеу кезінде негізгі бір күрделі мәселе ретінде саналатыны жан басына шаққандағы келетін табыс мөлшерін көрсету болып табылады. Бұл көрсеткішті статистика органдары өңірлер, экономика салалары, меншікті – нысандары және әлеуметтік топтары бойынша жеке қарастырады және оның өзгеруін салыстырмалы түрде есептеп көрсетеді. Осыған орай, төменде халықтың тұрмыс деңгейінің негізгі әлеуметтік – экономикалық индикаторларының динамикасын 1-кестеде келтіреміз:

1-кесте. Халықтың тұрмыс деңгейінің негізгі әлеуметтік – экономикалық индикаторлары, жыл басына

Көрсеткіштер	2006	2007	2008	2009	2010
Орташа айлық атаулы жалақы, теңге	28329	34060	40790	52479	60805
Халықтың орташа айлық ең төменгі күнкөріс деңгейі, теңге	5427	6014	8410	9653	12364
Тағайындалған зейнетақының орташа мөлшері, теңге (жыл)	8628	9061	9898	10654	1341

соңына)					8
Халықтың атаулы ақшалай табысын бағалау, айына орташа жан басына шаққанда, теңге	12817	15787	1915 2	25226	3084 2
Халықтың ақшалай табысындағы еңбек табысының үлесі %	76	77	80	82	82
Жалақының ең аз мөлшері, теңге	6600	8100	9200	9752	1127 0
Жас бойынша зейнетақының ең аз мөлшері, теңге	5800	6200	6700	7236	7900

Берілген кесте көрсеткіштеріне талдау жасайтын болсақ, онда мына жағдайды толықтай көруге болатындығы:

- 2009 жылы орта есеппен жан басына шаққандағы халықтың атаулы ақшалай жалақысы айына 30842 теңгені құрады және алдыңғы жылмен салыстырғанда 22,3 %, ал 2006 жылмен салыстырғанда 2,4 есеге дейін өскен; Мұнда жан басына шаққандағы орташа айлық атаулы жалақы мөлшерін анықтау үшін, есептелген жалақы қорының сомасын адамдардың нақты саны мен сол кезеңдегі айлардың санына бөлеміз;

- 2006 – 2010 жылдар аралығында бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақы мөлшері 2,1 есеге артқан. Демек, жыл сайынғы орташа өсім 20% құрағандығы. Егер осы көрсеткішті Қазақстанның өңірлері бойынша жеке қарастыратын болсақ, онда оның өсу қарқыны барлық облыстарда 100% асып кетеді. Бірақ, жағымды беталыстармен қатар өңірлердің табыстарындағы алшақтық едәуір болып қалуда. Мысалы, 2010 жылғы көрсеткіш бойынша Астана мен Алматы қалаларындағы және Маңғыстау мен Атырау облыстарындағы орташа айлық атаулы жалақы мөлшерлерінің деңгейі республикалық орташа деңгейден 1,5 – 1,8 есеге асқан болса, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының табыстары орта есеппен 60,7% - тен 68,8% мөлшерін ғана құрайды;

Көрсетілген уақыттар ішінде орташа айлық атаулы жалақы ғана көтеріліп қоймай, сонымен бірге тағайындалған зейнетақының орташа мөлшері 55,5% жас бойынша зейнетақының ең аз мөлшері 36,2% өскен. Сол сияқты халықтың орташа айлық ең төменгі күнкөріс деңгейі де жоғарлады, яғни 5427 теңгеден 2005 жылы 12364 теңгеге дейін, 2010 жылы немесе 2,3 есеге артқан.

Осы аталғандарды қорытындылай келіп, халықтың тұрмыстық деңгейін жоғарылату үшін Үкіметтің істеген әлеуметтік – экономикалық іс – шараларының жемісі деген ұғым туындайды.

Жалпы алғанда халықтың атаулы ақшалай табыстары әртүрлі көздерден құралады. Соның ішінде еңбек қызметінен түскен табыстың үлесі үлкен орын алуда. Бұл жалдамалы және өз бетінше жұмыспен қамтылудан түскен табыстар. Оны үй шаруашылықтарын ішінара зерттеу деректерінен көруге болады. Мысалы, 2006 жылы халықтың ақшалай табыстарының құрылымында еңбек қызметінен түскен табыстың үлесі 77% құраса, 2010 жылы бұл көрсеткіштің үлесі 82% дейін өскен, яғни 5% артқандығы көрінуде. Бұл дегеніміз экономикадағы жүйелі шаралардың жүргізілуі, жағдайды тұрақтандыру және еңбекақыны реттеу саласындағы оң беталыстар, ақырғы жылдары жаңа жұмыс орындарын құру, жұмысқа орналастыру, шағын бизнесті дамыту және жеңілдікпен несиелендіру, жұмыссыздарды қайта оқыту, қоғамдық жұмыстарды дамыту жолдары арқылы, жұмыспен қамтылған белсенді халық құрылымында да өзгерістер болуда. Соның салдарынан жұмыспен қамтылғандардың ішінде жалдамалы қызметкерлердің елеулі үстемділігі және олардың жалақысының тұрақты өсуі халықтың жалпы ақшалай табысының артуына алып келді. Демек, жалдамалы еңбек табыстарының басымды рөлінің сақталуына мүмкіндік туғызады.

Халықтың ақшалай табыстарының құрылымында әлеуметтік трансферттердің үлесі де едәуір өсуде, яғни 17% жеткендігі, ал басқа ақшалай түсімдердің үлесі керісінше, 2006 жылы 5%, 2010 жылы 1% дейін төмендеді.

Егер халықтың орташа айлық атаулы жалақысын экономикалық қызмет түрлері бойынша қарастыратын болсақ, онда ең жоғарғы айлық алатынға қаржы қызметіндегілер, ал ең төменгі –балық аулау және оны өсіру, агроөнеркәсіп кешенімен айналысатын қызметкерлердің еңбекақылары жатады. Оны 2- кесте көрсеткіштерінен көруге болады.

2- кесте. Экономикалық қызмет түрлері бойынша қызметкерлердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге

Қызмет түрлері	2006	2007	2008	2009	2010
Қызмет түрлері бойынша- барлығы	28329	34060	40790	52479	60805
Ауыл – шаруашылығы, аң аулау және орман шаруашылығы	11978	14981	18811	24676	31407
Балық аулау, балық өсіру	10999	14585	18332	25304	28894
Өнеркәсіп	35465	41755	50223	61249	74805
Құрылыс	38622	47921	55672	70778	81573
Сауда	27595	33478	40221	49277	59330
Қонақ үйлер мен мейрамханалар	44925	47433	48744	56848	64382
Көлік және байланыс	41637	49048	58861	70422	83012
Қаржы қызметі	64532	79520	97505	121568	138544
Жылжымайтын мүлік пен операциялар	40628	50662	60482	78154	93557
Мемлекеттік басқару	26031	21160	35614	45599	47276
Білім беру	17964	20326	23959	31934	34454
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету	15195	18043	21311	33059	35775
Коммуналдық, әлеуметтік және дербес қызмет көрсету	29510	39058	43082	52349	61369

1993 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының ұсынысы бойынша халықтың табысын зерттеу және есепке алу кезінде, мына көрсеткіштер көрсетілуі тиіс:

- бастапқы табыс;
- қолдағы табыс;
- жиынтықты табыс;

Енді осы аталған табыстың түрлеріне қысқаша түсініктеме берелік:

Бастапқы табыс (БТ) – оны анықтау үшін үй шаруашылығы мүшелерінің материалдық игіліктері үшін өндіріс процесіне тікелей қатысуы арқылы алған ақшалай табыстарын айтады. Оның құрамына қосымша құнды бастапқы бөлу арқылы алынған табыстар жатады, яғни еңбекке ақы төлеу, аралас табыс, меншіктен түскен таза табыс, пайда мен халықтың тұрғын үйден алған табысы.

Қолдағы табыс (ҚТ) - мемлекеттік бюджетті қайта бөлу арқылы салықты төлеу, тұтыну қорынан жеңілдіктерді төлеу, материалдық көмек беру, жеңілдікпен және ақысыз қызметтер көрсету және т.б. жан басына шаққандағы келетін табыс мөлшері.

Қолдағы табыс бір-біріне қайшы келетін екі көрсеткіштен құралады: бірінші жағынан, ағымдағы салықтар мен меншіктерден, әлеуметтік сақтандыру аударымынан, айыптардан, ерікті жарналардан және т.б. табыстан төленетін төлемдер, екінші жағынан, үй шаруашылығының ағымдағы трансферттері мен басқа секторлар

тасқынының кездесуі, яғни әлеуметтік төлемдер(зейнетақы, шәкіртақы, жәрдемақы) сақтандыру сыйақысы мен өтемі, жеңілдікпен қызметтер көрсету және т.б.

Үй шаруашылықтарының қолдағы табыстарын былай анықтауға болады:

$$ҚТ = БТ + \Delta АТ,$$

мұнда БТ – бастапқы табыстар ;

$\Delta АТ$ – ағымдағы трансферттер қалдығы.

Ағымдағы трансферттер қалдығы деп басқа экономика секторларынан алынған және төленген ағымдағы трансферттер арасындағы айырмашылықты айтады .

Халықтың тұрмыс деңгейі мен еліміздің экономикалық жағдайына кешенді талдау жүргізілген болса, онда қолдағы ұлттық табысты макроэкономикалық көрсеткіш ретінде қолдануымыз тиіс. Оны анықтау үшін ұлттық табыс пен ағымдағы трансферттер қалдығының қосындысы арқылы есептеледі.

Ағымдағы трансферттер тек ақшалай ғана емес, сонымен бірге заттай түрінде де келіп түсетіндігі . Оны статистикада үй шаруашылығының және жан басына шаққандағы жиынтықты табысы деп атайды . Үй шаруашылығының жиынтықты табысының құрамына ақшалай және заттай нысанында төленген төлемдер жатады, яғни үй шаруашылық мүшелерінің жалақы түрінде алған ақшалай қаражаттарының сомасы, жеке кәсіпкерліктен түскен табыстар, әлеуметтік төлемдер, меншіктен түскен дивиденттер, салым проценттері мен басқа да табыстардан тұрады.

Жиынтықты табысты есептеу үшін мына формуланы қолдануға болады:

$$ЖТ = ҚТ + \Theta Т,$$

мұнда ЖТ – жиынтықты табыс;

ҚТ – қолдағы табыс;

$\Theta Т$ – заттай нысандағы әлеуметтік трансферттер.

Халықтың тұрмыс деңгейін зерттеу кезінде ақпараттар алудың ең маңызды көзі үй шаруашылықтарын ішінара зерттеу және халықтың ақшалай табыстары мен шығыстарының балансы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Статистика Ы.Әміреұлы Ш.Заманбеков Ж.Ы. Бейсекова Е.М. Киіков Алматы Қаз.МҚПУ 2010
2. «Статистика» пәнінен тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқау Ы.Әміреұлы Е.М. Киіков Л.Ш. Күншығарова Алматы 2008 Каз ККА
3. Статистические ежегодники, справочники.

ТҮЙІНДЕМЕ

Экономикамыздың біртіндеп өсуінің, халықтың іскерлік белсенділігінің артуының және мемлекеттің әлеуметтік салада жүргізген реформаларының нәтижесінде, соңғы жылдары халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға әсерін тигізетін негізгі басымдылығының бірі - халықтың ақшалай табыс деңгейінің ұдайы өсуі болып табылады.

РЕЗЮМЕ

В итоге экономического роста, повышения предпринимательской активности населения и реформы проводимые государством в социальных сферах, последние годы один из основных приоритетов которое влияет на улучшение качество жизни населения является- постоянный денежный рост доходов населения.

ӘОК.325.16

Ә.58

ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН СТАТИСТИКАЛЫҚ ІШІНАРА ЗЕРТТЕУ

Әміреұлы Ы. - ә.ғ.к., доцент, Киіков Е.М - ә.ғ.к., доцент
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Үй шаруашылықтарына ішінара зерттеу жұмыстарын жүргізу Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің атқаратын қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осы зерттеудің нәтижесінде халықтың табыстары мен тұтыну шығындары құрылымының өзгеруін сипаттаудың шынайы негізі болады, жеке кірістерді қалыптастырудағы рөлін көрсетеді, халықтың табыстарын деңгейі бойынша саралануын сипаттайды. Аталған ақпарат нарық қатынастары жағдайында әлеуметтік үрдістердің үй шаруашылығының тұрмыс деңгейіне ықпал ету заңдылықтарын зерттеу және өтіп жатқан әлеуметтік-экономикалық реформалардың тиімділігіне баға беру мақсатында мемлекеттік басқару органдарының қажетті шешім қабылдауы үшін қолданылады.

Үй шаруашылығын ішінара зерттеу өзінің сипаты бойынша көп мақсатты болып табылады және оның материалдары әр түрлі экономикалық-статистикалық есептерде кең ауқымда қолданылады, яғни жалпы ішкі өнім көлемі мен оның бөлінуін есептеу үшін ұлттық есептер жүйесінде, экономика салаларының өндірген өнімдерінің пайдалану балансын құру, тұтыну бағалары индексі есептеу үшін және әр саланың үлесін анықтау үшін пайдаланылады, сол арқылы белгілі бір мөлшерде қорытынды жасалынады.

Үй шаруашылықтарын зерттеу 2001 жылға дейін қолданылып келген 6 мың отбасы бюджеттерін бақылау бағдарламасының мүмкіндіктері шектеулі болатын. Себебі, іріктеліп алынған отбасы республикалық деңгейде ғана репрезентативтікті (үлгілі) қамтамасыз ететін. 2000 жылы кедейлік пен жұмыссыздықпен күресу бойынша мемлекеттік бағдарламаның қабылдануымен ҚР Үкіметінің халықты әлеуметтік қорғау мәселелеріне назары аса түсті және халықтың тұрмыс деңгейін аумақтар бойынша зерттеу қажеттілігі туындады. Осыған орай, 2001жылдың қаңтар айынан бастап үй шаруашылықтары статистикасында Дүниежүзілік Банктің тиісті халықаралық стандарттары мен ұсыныстарын пайдалана отырып, іріктеп зерттеудің жаңа әдістеріне көшу жүзеге асырылды. Зерттеу сырғымалы кесте түрінде тоқсанына 3000 үй шаруашылықтарының көрсеткіштері жиналды. Демек, жылына 12000 үй шаруашылықтары бойынша зерттеу жүргізілді. Жекелей алынған үй шаруашылықтарын бақылау кезеңі тек бір тоқсанды қамтиды. Зерттеу қорытындылары тек республика деңгейіндегі тоқсандық ақпараттық көрсеткіштерді қамтамасыз етеді, ал аумақтар бойынша деректер жылдық қорытындыларда көрсетіледі.

Үй шаруашылықтарын зерттеу келесі негізгі принциптерге негізделеді:

- табыстар және шығыстар туралы деректерді жинау кездейсоқ әдісімен құрылған іріктеудің өкілдік, республикалық және облыстық деңгейінде жүзеге асырылады;

- ақшалай шығыстар туралы деректер тауарлар мен қызметтер көрсетудің кең ауқымды жіктелімін қамтиды.

Іріктеудің мұндай принципі зерттеу нәтижелерінің тәуелсіздігіне және ондағы жіберілетін қателіктерден құтылуға толықтай мүмкіндік туындайды.

Үй шаруашылықтарын зерттеудің іріктеу жиынтығы 1999 жылғы жүргізілген Ұлттық халық санағы нәтижесінде жасалған тұрғын үйлер тізімі негізінде аумақтық принцип бойынша қалыптастырылды. Бас жиынтық алты стратаға бөлінді: үлкен, орта, шағын қалалар, Алматы мен Астана қалалары және ауылдық жерлер.

Бірінші страта- үй шаруашылықтарының саны 30 мың бірліктен артық ірі қалалардың үй шаруашылықтарын қамтиды.

Екінші страта - үй шаруашылықтарының саны 10 мың бірліктен артық, бірақ 30мыңнан аз орта қалалардың үй шаруашылықтарын қамтиды.

Үшінші страта - үй шаруашылықтарының саны 10 мың бірліктен аспайтын шағын қалалар мен қала типтес кенттердің үй шаруашылықтарын қамтиды.

Төртінші страта - Алматы қаласының үй шаруашылықтарын қамтиды.

Бесінші страта - Астана қаласының үй шаруашылықтарын қамтиды.

Алтыншы страта - ауылдық елді мекендердің үй шаруашылықтарын қамтиды.

Бас жиынтыққа үй шаруашылықтарының барлық типтері кіреді, бірақ ұжымдық тұрғын үйлерде тұратындардан басқалары: жатақханалар, қарттар мен мүгедектердің интернат үйлері, балалар үйлері, түрмелер, қонақ үйлер, көшпенділер мен баспанасыздар.

Республикамызда үй шаруашылықтарын зерттеу бағдарламасы мынадай құралдармен қамтамасыз етілген:

1. Үй шаруашылығы құрамының бақылау карточкасы.
2. Негізгі сұхбатқа арналған жыл сайынғы сауалдама.
3. Күн сайынғы шығыстарды есепке алу күнделігі.
4. Тоқсан сайынғы шығыстар мен табыстарды есепке алу журналы.
5. Шығыстар мен табыстар бойынша сұрақтар.

Жоғарыда аталған құралдарға қоса мақсаттарға сәйкес жеке тұтыну жіктеуішінің (классификаторы) негізінде әзірленген тауарлар мен қызметтер тізбесі қоса беріледі.

Бақылау карточкасы – бұл үй шаруашылығының әр мүшесінің барлық демографиялық сипаттамалары енгізілетін зерттеу формасы. Оны негізгі сұхбатты жүргізудің алдында, жыл басында толтырады. Табыстар мен шығыстар туралы сұрақтарға жауап алғанда бақылау карточкасы нақтыланады және оған тиісті өзгерістер енгізіледі.

Негізгі сұхбатқа арналған жыл сайынғы сауалдамада -ағымдағы жылғы желтоқсанның соңында, келесі жылғы қаңтардың басында үй шаруашылығы иесімен әңгімелесу барысында толтырылады.

Күн сайынғы шығыстарды есепке алу күнделігінде -сол күнгі жұмсалынған шығыстар туралы ақпарат көрсетіледі. Бір күнделік үй шаруашылығының алдыңғы 15 күніне, ал екіншісі айдың 16 күніне арналған. Демек, зерттеуге алынған үй шаруашылығы тоқсан ішінде екі күнделік толтырады, яғни бір ай бойы жазба жүргізіледі. Күнделікті шығыстарды есепке алу күнделігі зерттеуде өте маңызды орын алады. Себебі, республика халқының ақшалай шығыстарында тамақтануға жұмсалынатын шығыстың үлесі өте үлкен. Сонымен бірге, тамақтану өнімдерінің маңызды бір бөлігі үй шаруашылықтарының өзінде өндіріледі және оларды тұтыну да күнделікті көрсетіледі.

Тоқсан сайынғы шығыстар мен табыстарды есепке алу журналында- зерттеуге алынған үй шаруашылығы тоқсан бойы азық-түлік емес тауарларды сатып алу, көрсетілген қызметтерді төлеуге жұмсалған шығындар және ақшалай табыстарды белгілеп отырады. Осы журналда үй шаруашылығы күн сайынғы шығыстарды есепке алу күнделігінде қолданыстағы азық-түлік емес тауарларды есепке алмауы тиіс.

Шығыстар мен табыстар бойынша сұрақ кітапшасын -сұхбат жүргізушілер тоқсан аяғында үй шаруашылығының мүшелерімен сауал-әңгіме барысында толтырады. Сұрақ кітапшасын толтыруда сұхбат жүргізушілер тоқсандық шығыстар мен табыстарды есепке алу журналын міндетті түрде қолдануы тиіс. Тоқсандық сауалдама үй шаруашылықтарының азық-түлік емес тауарларға, ақылы қызметке, білім беруге, денсаулық сақтауға, көлікке, тауарлар мен қызмет көрсетуге, ауыл шаруашылығы өнімдеріне, тұтынушылық емес шығыстарға жұмсалғаны, жұмыспен қамту мен табыс көздері туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Үй шаруашылығы – бір немесе бірнеше адамдардан құралған, бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін біріктіретін (толық немесе ішінара) және тауарлар мен қызметтердің белгілі бір түрлерін, ең бастысы тұрғын үй мен тамақ өнімдерін бірлесіп тұтынатын адамдардың тобы. Үй шаруашылықтары бір адамнан да тұруы және оның отбасынан айырмашылығы туысқандық қатынаста болмауы да мүмкін.

Үй шаруашылықтарының табыстары – жалдамалы және өз бетімен жұмыс істеуден түскен табыстар, әлеуметтік трансферттер және өзге де түсімдерді қамтиды.

Жалдамалы жұмыстан түскен табыстар – жалақы, жалақыға үстемелер, көтермелеу төлемдерінің ақшалай және заттай нысандағы барлық түрлері, қаламақы, сыйақы, пайдадан түскені, ауыру қағазына төленетін төлем, жұмыстан шығардағы жәрдемақы, медициналық шығыстар үшін жұмыс берушіден алынатын өтемақы.

Өз бетімен жұмыс істеуден түскен табыстар – ақшалай және табиғи нысандағы жеке кәсіпкерлік қызметтен түскен пайда, жеке шаруашылықта өсірілген ауыл шаруашылығы (өсімдік және мал шаруашылықтары) өнімдерін сатудан түскен табыстар

Әлеуметтік трансферттер – зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы, атаулы әлеуметтік және тұрғын үйлік көмек.

Өзге де түсімдер – меншіктен түскен табыс, туысқандар мен таныстардан алынған материалдық көмек, алименттер және өзгелері. Меншіктен түскен табыс – акциялар және басқа да бағалы қағаздар бойынша дивиденттер мен ұтыстар, салымдар бойынша қарыз түрінде берілген сомаларды пайдаланғаны үшін пайыздар, салымдар бойынша ұтыстар, жалға беруден түскен табыстар және тағы басқалай.

Туысқандар мен таныстардан алынған материалдық көмек – туысқандар мен таныстардан өтемсіз негізде алынған ақша сомалары, сондай-ақ ақшалай тұлғаланудағы заттай түсімдер.

Алименттер – кәмелетке толмаған балаларды, ата-анасын ұстауға, неке бұзылған жағдайда көмекті қажет ететін жұбайды ұстауға алынған сомалар.

Халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасының ең маңызды сипаттамасының бірі, тұтынудың шоғырланған әлпеті ретінде, ақшалай шығыстары мен оның құрылымы болып табылады. Халықтың тұтыну деңгейі табыстар деңгейіне тікелей байланысты болады, яғни табысты халықтың шығыстары арқылы зерттейді. Бұл нарық жағдайында табыс көздерінің әр алуандығына, өз бетімен жұмысқа қамтылғандықтан есепке алынбайтын табыстың бар болуына және «көлеңкелі» экономикалық қызметке, жүзеге асырылған қызмет пен оған төлем төлеудің арасындағы уақыт үзілісіне, сондай-ақ табыстардың ақшалай нысаны ғана емес, тамақ өнімдері, басқа тауарлар және халыққа ұсынылатын жеңілдіктер сияқты заттай түсімдердің барлығына байланысты табыстар туралы ақпараттың дұрыстығы жеткіліксіз. Сондықтан жаңа бағдарлама бойынша халықтың тұрмыс деңгейін бағалау, кедейлік пен теңсіздік көрсеткіштерін есептеуге арналған негізге алынатын критерий ретінде тұтынуға жұмсалған табыстар көрсеткіштері қолданылады.

Тұтынуға жұмсалған табыстар – тұтынуға пайдаланылған ақшалай табыстарының сомасы, меншікті өндіріс өнімінің тұтыну құны және заттай нысандағы трансферттер болып табылады. Меншікті өндіріс өнімінің тұтыну құндық бағасы өңірдегі тауарларды сатып алудың орташа бағасымен есептеледі. Соңғы жылдары ақшалай шығыс серпіні тұрақты өсумен сипатталады. Халықтың ақшалай шығыстары өзінің құрылымына байланысты негізгі екі топтан тұрады: халықтың тұтыну шығыстары мен тұтынуға байланысты емес өзге де шығыстардан.

Халықтың тұтыну шығыстары – халықтың өз қажеттілігіне жарайтын тұтыну тауарларын және ақылы қызметтерді сатып алуға жұмсаған ақшалай шығыстарының бір бөлігі. Оның құрамына тамақ өнімдерін сатып алу, үйден тыс жерлерде тамақтануға жұмсаған шығыстар, алкогольдік ішімдіктерді, темекі өнімдерін сатып алуға, азық-

түлік емес тауарларды және ақылы қызметтерді пайдалануға жұмсалынған шығыстар қамтылады.

Өзге де шығыстар – бұл туысқандарға, таныстарға материалдық көмек, алименттер, салықтар, төлемдер мен басқа да төлемдер, несиелер мен борыштарды өтеу шығыстары жатқызылады.

Қазіргі кезде халықтың ақшалай шығыстар құрылымында тауарлар сатып алу мен ақылы қызметтер көрсету үшін жұмсалынған шығыстардың үлесі, ең үлкені болып табылады. 2010 жылы бұл көрсеткіш ақшалай шығыстардың барлық сомасының 93,1% құрады. Ал, тұтынуға байланысты емес өзге де шығыстардың арасында, соңғы жылдары несие міндеттемелерін өтеумен байланысты жұмсалған шығыстар үлесінің өскендігі байқалады, яғни 2006 жылға қарағанда 2010 жылы 1,9 пайыздық пункте артқандығы (6,7-4,8=1,9). Бұл тұтыну және ипотекалық несиелендіру ауқымдарының ұлғаюымен байланысты. Осыған орай төменде үй шаруашылықтарының ақшалай шығыстарының құрылымын 1-кестеде көрсетеміз.

1-кесте. Үй шаруашылықтарының ақшалай шығыстарының құрылымы, %

Көрсеткіштер	2006	2007	2008	2009	2010
Ақшалай шығыстар- барлығы оның ішінде:	100	100	100	100	100
тұтыну шығыстары	95	94	94	94	93
азық-түлік тауарлары	43	41	39	39	41
азық-түлік емес тауарлар	28	28	30	30	27
ақылы қызметтер	24	25	25	25	25
салықтар, алымдар, төлемдер	0,2	0,2	0,1	0,2	0,2
өзге де ақшалай шығыстар	4,8	5,8	5,9	5,8	6,7

Үй шаруашылықтарының тұрмыс деңгейінің тұжырымды көрсеткіштерінің бірі – тағамға жұмсалған шығыстар үлесі болып табылады. Ол отбасының материалдық молшылығы неғұрлым көп болса, соғұрлым ол төмен болады. Соңғы 5 жыл ішінде республикадағы халықтың тұтыну шығыстарының құрылымында азық-түлік тауарларын сатып алуға жұмсалған қаражат үлесінің төмендегені көрінеді, ал азық-түлік емес тауарларды алуға жұмсалған шығыстардың үлес салмағы 2006 жылы 28%, 2010 жылы 27% дейін азайған, ақылы қызметтер көрсету керісінше 24% –дан 25% дейін өскен.

Үй шаруашылықтарының тұрмыс деңгейін зерттеу кезінде негізгі бір көрсеткішке жататыны олардың ақшалай табыстары мен шығыстарының балансы болып саналады және оны республика көлемінде сипаттайды. Халықтың ақшалай табыстары мен шығыстарының балансы әрбір тоқсан сайын жасалады және оның көрсеткіштеріне статистикалық талдау жүргізіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Статистика Ы.Әміреұлы Ш.Заманбеков Ж.Ы. Бейсекова Е.М. Киіков Алматы Қаз.МҚПУ 2010
2. «Статистика» пәнінен тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқау Ы.Әміреұлы Е.М. Киіков Л.Ш. Күншығарова Алматы 2008 ҚазККА
3. Статистические ежегодники, справочники.

ТҮЙІНДЕМЕ

Үй шаруашылықтарына ішінара зерттеу жұмыстарын жүргізу Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің атқаратын қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осы зерттеудің нәтижесі халықтың табыстары мен тұтыну шығындары құрылымының өзгеруін, жеке кірістерді қалыптастыру рөлін, халық табыстарының деңгейі бойынша саралануын сипаттайды.

РЕЗЮМЕ

Ведение работ выборочного исследования домашнего хозяйства является одной из основных частей деятельности статистического агентства РК. В итоге исследования определяется структурные изменения доходов населения, затраты потребления, роль формирования доходов.

ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫС ДЕНГЕЙІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Әміреұлы Ы. - э.ғ.к., доцент, Модинова Г.К. - оқытушы
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Халықтың тұрмыс деңгейінің өзгеруіне талдау жасау- зерттеудің негізгі объектісі болып саналады. Себебі, тұрмыс деңгейі әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың мәні ретінде адамдардың тауарлар мен қызметтерге деген әр түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін сипаттайтын көрсеткіштері болып табылады.

«Тұрмыс деңгейі» деген өте күрделі және бұл туралы ғалым-экономистер арасында көптеген пікір-талас туғызуда, яғни белгілі бір мәнді анықтамаға келе алмауы. Дегенмен, табиғи түрде тұрмыс деңгейі дегеніміз халықтың тұрмыстық әлауқатын, адамдардың материалдық, мәдени, әлеуметтік игіліктердің және қызметтерін нақты қажеттіліктері бойынша қанағаттандыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық жағдайларды айтады».

Тұрмыс деңгейі ұғымының негізгі жүйесіне-тұтыну саласында пайда болатын және іске асырылатын әртүрлі адами қажеттіліктер болып табылады. Мұнда бір ғана қорытындылаушы көрсеткішін қолдануға болмайды және онда көп жақты сипаттамалаудың кеңістікте кездесетіндігі айқындалды. Демек, тұрмыс деңгейін өлшеу серпінінде көптеген көрсеткіштердің қолданылуын қажет етеді және қазіргі уақытта әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді жинау үшін төменде берілген бірнеше негізгі блоктарға бөлінеді:

- халықтың табыстар көрсеткіштері;
- халықтың шығыстары және материалдық, тұрмыстық тұтынуы мен қызметтер көрсету көрсеткіштері;
- халықтың ақшалай салымдары;
- халықтың жинақталған мүліктері мен тұрғын үймен қамтамасыздандыру көрсеткіштері;
- халықтың кедейлік көрсеткіштері;
- халықтың тұрмыс деңгейін бағалау көрсеткіштері.

Тұрмыс деңгейі көрсеткіштерінің жалпы жүйесінде халықтың табыстары ерекше орын алады және сол арқылы халықаралық салыстырудың, экономикамыздың дамуын, үй шаруашылығының жағдайын жалпы сипаттау үшін қолданылады. Ол үшін тұрмыс деңгейінің интегралды көрсеткіштері пайдаланылады және оларды бірнеше топқа бөлуге болады, яғни макроэкономикалық, демографиялық, халықтың экономикалық белсенділігі, халықтың зейнетақымен қамсыздандырылуы және әлеуметтік төлемдері, денсаулық сақтау және білім беру жағдайы және тағы басқалай көрсеткіштер.

Макроэкономикалық көрсеткіштер. Мұндағы қарастырылатыны халықтың ішкі өнімі, соның ішінде білім беруге, денсаулық сақтауға, әлеуметтік қызметтерге арналған шығыстардың үлесі, үй-шаруашылықтарының тұтынуға жұмсалған шығыстары, тұтыну бағасының индексі, атаулы ақшалай табыстар, әлеуметтік трансферттер.

Демографиялық көрсеткіштер. Мұнда халықтың тұрақты тұратын саны, туғаннан күтілетін өмір сүру ұзақтығы, халықтың тууы мен өлім-жітімінің жас коэффициенттері, бала өлім-жітімі, өлім-жітім себептері.

Халықтың экономикалық белсенділігінің көрсеткіштері. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық, халықтың экономикалық белсенділік деңгейі, экономикалық тұрғыдан енжар (белсенді емес) халық, жұмыспен қамтылған халық, жалдамалы қызметкерлер, өздігінше жұмыс істейтіндер, жұмыссыз халық пен оның деңгейі.

Халықты әлеуметтік қамтамасыз ету көрсеткіштері. Мұнда барлық зейнетақы алушылардың салығымен тағайындалған айлық зейнетақының орташа мөлшері, соның ішінде жасы бойынша, толық көлемде, толық емес жұмыс білімімен, көп жылдық сіңірген еңбегіне, мүгедектігі, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың саны мен тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік айлық жәрдемақылар мен арнайы мемлекеттік жәрдемақылардың орташа мөлшері, жасы бойынша зейнетақының ең төменгі мөлшері, әлеуметтік қамтамасыз етудің базалық деңгейі, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, яғни баланың тууына байланысты бір жылға берілетін жәрдемақы.

Денсаулық сақтау және білім беру көрсеткіштері. Көрсеткіштердің бұл тобына халықтың денсаулық жағдайын және білім беру жүйесіндегі өзгерістердің сандық-сапалық жақтарын көрсетеді. Мұнда тұрмыс деңгейін бағалау үшін ең керектісі, халықтың ауру-сырқаулылық және өлім-жітім туралы көрсеткіштері, соның ішінде өлім-жітімнің жасына қарай коэффициенттері, халықтың дәрігерлік көмекпен қамтамасыз етілуі, мүгедектер мен қарттарға арналған интернат-үйлер және ондағы адамдардың саны, тұрақты мектепке дейінгі ұйымдар мен ондағы балалар саны, кәсіптік мектептер, колледждер және жоғарғы оқу орындары саны, олардың меншік түрлері, жалпы халықтың оқу жүйесімен қамтамасыз етілуі қарастырылады.

Экологиялық қауіпсіздік көрсеткіштері. Мұнда қоршаған ортаны қорғау және адамдар үшін оның қауіпсіздік дәрежесін сипаттайды, соның ішінде ең маңызды көрсеткіштеріне мыналар жатады: табиғи көздерден су алу, судың сыртқы қабатына су жіберу, ластанған ақаба сулар, нормативтік тазартылған ақаба сулар, атмосфералық ауаға зиянды заттар бөлетін тұрақты көздер, қоршаған ортаны қорғауға және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған негізгі капиталдағы инвестициялар мөлшері және т.б.

Халықтың тұрғын үй жағдайының көрсеткіштері. Бұл бөлімде адамдардың тұрғын үйге деген сұранысы мен тұрмыстық қажеттілігі қарастырылған. Мұнда тұрғын үй адамдардың өмір сүру ортасын көрсетеді және оның тұрмыс сапасын анықтайды. Тұрғын үйді ұзақ мерзім тұтынуына байланысты оған деген үлкен қосымша сұраныс туғызады. Осыған орай халықтың тұрғын үй қоры, олардың көркейтілуі және тұрғын үй жағдайы туралы деректермен сипатталады және оған мыналар жатады: тұрғын үй қоры мен оны көркейту, халықтың тұрғын үймен қамтылуы және орташа қамтамасыз етілуі, жабдықталған барлық тұрғын үй қорының жалпы аудандағы үлесі, халықтың тұтыну шығыстарындағы тұрғын үй төлеміне жұмсалған шығыстарының үлесі және т.б. көрсеткіштер.

Жеке тұтыну табыстары, шығыстары, деңгейі мен құрылымының көрсеткіштері. Мұнда үй шаруашылықтарының табыстары мен шығыстарының құрылымы, күнкөрістің ең төменгі деңгейі, халықтың кедейлік көрсеткіштері, орташа жан басына шаққандағы ақшалай табыстың сатып алу жарамдығы, үй шаруашылықтарының ақшалай табыстары мен тұтыну жұмыстарындағы азық-түлік тауарларына жұмсалған шығыстарының үлесі және т.б. көрсеткіштерді қарастырады.

Қазіргі кезде БҰҰ ұсынысы бойынша адамның көрсеткіштері мен индексі қолданыла бастады. Мұнда адами дамудың анықтамасы анықталды және оны бағалау, талдау үшін статистикалық көрсеткіштер қолданылады. Оған статистикалық көрсеткіштердің жіктелуі ретінде төменде берілген үш топ көрсетіледі:

1. Адами дамудың базалық және интегралдық көрсеткіштері.

2. Адами дамуды интегралдық бағалаудың негізгі құрамдас бөліктерін сипаттайтын базалық көрсеткіштер.\

3. Адами дамудың басқа аспектілерін сипаттайтын өзге де көрсеткіштер.

Осы көрсетілген үш топтың ішіндегі негізгісіне жататыны адами дамудың базалық көрсеткіштері және оның өзі үш компонентке бөлінеді--ұзақ өмір сүруді сипаттайтын көрсеткіштер, білімдарлықты сипаттайтын көрсеткіштер және тұрмыс деңгейінің көрсеткіштері.

Адами дамудың осы аталған компоненттерінің әрқайсысын тұтастай алғанда бірнеше маңызды мүмкіндіктерді қамтиды. Сонымен ұзақ өмір сүру-ұзақ және салауатты өмір сүруді, білімдарлық-білім алуды, адамдармен қарым-қатынас жасауды, өмір сүру деңгейі-лайықты өмір сүру үшін қажет ресурстарға қол жеткізу, салауатты өмір сүру және тағы басқаларды білдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Статистика Ы.Әміреұлы Ш.Заманбеков Ж.Ы. Бейсекова Е.М. Киіков Алматы Қаз.МҚПУ 2010
2. «Статистика» пәнінен тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқау Ы.Әміреұлы Е.М. Киіков Л.Ш. Күншығарова Алматы 2008 Қаз ККА
3. Статистические ежегодники, справочники.

ТҮЙІНДЕМЕ

Халықтың тұрмыс деңгейі әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың мәні ретінде адамдардың тауарлар мен қызметтерге деген әр түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін сипаттайтын көрсеткіштердің бірі болып табылады.

РЕЗЮМЕ

Уровень жизни населения, как основа социально-экономических явлений является одним из показателей отражающий степень удовлетворения человеческих потребностей в товарах и услугах.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР

Альмуханова З.А. - аға оқытушысы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Білім беру саласындағы инновацияны жасау, игеру және тарату-жаңа дәуірдегі білім беру жүйесін қалыптастырады. Бұл икемді, ашық, жеке тұлғалық, жасампаздық білімнің, адамның бүкіл өмір бойы үздіксіз білім алуының жақандық жүйесі.

Білім беру жүйесіндегі инновациялар ең бірінші келесі жайлар маңызды рөл атқаратын жүйелерден тұрады-1 сурет.

- Технологиялық инновациялар-жаңа білім берудің технологиясы.

- Педагогикалық инновациялар-оқыту мен білім берудің жаңа әдістері мен тәсілдері.

- Ұйымдастырушылық инновациялық-жаңа ұйымдастырушылық құрылымдар және білім беру саласындағы жаңа институционалдық формалар.


- Экономикалық инновациялар-білім беру саласындағы жаңа экономикалық механизмдер.

Білім берудің жаңа жүйесі келесі принциптерге негізделген:

- білім берудің жүйесі –жалпы мемлекеттік саясат және халықаралық деңгейге жету.

- білім беру менеджментінде жүйелік принциптерін барлық деңгейде жүзеге асыру қажеттілігін ескеру қажет
- білім беруді ұйымдастыру мен қаржыландыру-мемлекеттің рөлін қайта қарату
- білім беру жүйесіндегі әртүрлі әлеуметтік институттардың рөлін, бірінші кезекте кәсіпорындар мен отбасының рөлін қайта қарау
- оқу орындары мен онда оқытындардың білім беру процессін ұйымдастырудағы рөлін қайта қарау.

Педагогикалық инновациялар-бұл жаңа оқыту қызметінің әдістерін, тәсілдерін, әдістемелерін әзірлеу және тарату. Практикалық дағдыларды сіңіру, кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру.



Дәл жаңа мыңжылдықтың басында Қазақстан білім берудің жаңа принциптерін қалыптастыруда шешуші қадам жасады. Біреулер үшін бұл процесс «жетілдіру», дамыту, жаңару» болса, біреулер үшін «вестернизация», яғни толық немесе ішінара қайта бағдарлау болды. Ресейде жоғарғы оқу орнына түсуге бірінғай тестілеуге көшу қажеттілігі немесе көшудің мүмкін еместігі туралы дау жалғасу үстінде болғанда Қазақстан толығымен БҰТ-у моделіне көшіп кетті, жоғарғы оқу орындарын акциялау мен білім беру гранты мен кредиттерін беру жүйесін ендіруге кірісті.

Қазақстандағы жоғарғы мектепті реформалардың маңызды шарттарының бірі еліміздің Болон процессіне жедел кіруі және үш деңгейлі моделге енуі болды. Бұл деңгейлер: базалық 4 жылдық бакалавриат, 2 жылдық магистратура, докторлық бағдарлама PhD. Реформаның себебі білім берудің халықаралық стандартты жоғары оқу орындарының білікті ғылыми және педагогикалық кадрлармен белгілі бір шамада толығын қатаң талап етті.

Бұндай инновациялық университеттің түлектері тек интеллектуалдық еңбек нарығында жұмыс істеуге бағдарланады, сонымен бірге олардың өздері кәсіпкерлік қызмет атқаруға және жаңа жұмыс жасауға қабылетті болып табылады.

Барлық елдерде жарамды жоғары білім берудің идеалды жүйесі жоқ. Әр мемлекет елдің әлеуметтік-экономикалық, тарихи, мәдени және қолда бар ресурстардың басқа жағдайларын есепке ала отырып, білім берудің ұлттық бағдарламасын жасайды және

жетілдіреді. Әр елдерде бар білім беру моделдерінің кейбір элементтерін мұқият зерделеу мен шамалап пайдалану және жоғарғы мектепті инновациялық камсыздандырудың негізгі проблемаларын шешу жолдарын зерттеу - өзекті мәселе болып табылады. Қазақстандағы білім беру жүйесі терең ғылыми және зияткерлік зерттеулер жаһандану процессімен көптеген жылдар шамасында қоғамның элитасының ұдайы өндіріс процессін қамтамасыз еткен ұлттық мектептердің дәстүрлері мен ерекшеліктерін сақтай отырып біріктіру - бұл Қазақстан үшін күрделі мәселе. Қазақстандағы білім беру жүйесі терең ғылыми негізінде жасалған, заманауи техникалық құралдарды пайдалана отырып, соңғы жылдардағы жетістіктерді қамтитын, кең көлемді болуы тиіс. XXI-ғасырда мамандардың жалпы мәдениеті жоғары болатындай, түпкілікті ғылыми және кәсіби дайындығы болуын талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Инновационный потенциал: современные подходы к содержанию категории. КАЗГУ хабаршысы-2008ж. №6 25-28 б.п.
2. Инновация как экономическая категория и ее классификация» Жаңа партпашылық экономика үшін мамандарды дайындаудағы ЖОО-ның рөлі. Білім, ғылым және өнеркәсіп интеграциясы» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. ШҚМТУ, 2006ж.
3. Инновациялық үрдістер: өткенге және қазіргі ой толғау-болашаққа көзқарас КАЗГУ хабаршысы №5.
4. Теория инновации: аналитический обзор современных концепции и категории «Инновациялық экономиканы құрудағы университеттердің рөлі»

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан Республикасының білім берудегі инновациялық іс әрекет қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается инновационная деятельность в образовании Республики Казахстан.

УДК 389.6

А 34

ИНВЕСТИЦИИ И МОДЕРНИЗАЦИЯ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА – ОСНОВА ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ РЕГИОНОВ

Акимбаева К.Т. - старший преподаватель (г. Алматы, КазгосженПУ)

В рамках мировой глобализации для Казахстана главным является одновременное соблюдение трех требований: интегрирование в мировую экономику, конкурентоспособность на международной арене и обеспечение того, чтобы этот процесс привел к значимым и соразмерным изменениям внутри страны. Достижение этой цели становится проблематичным без участия в этом процессе каждого региона республики, поскольку экономика страны в целом зависит от экономики административно-территориальных единиц, ее составляющих. В регулировании регионального развития участвуют все государственные институты. Но решение региональных проблем не всегда может быть их основной функцией. Поэтому в соответствии с Посланием Президента страны народу Казахстана в системе государственного регулирования регионального развития выделяется

специализированная регионально-ориентированная деятельность - региональная политика.

Целью государственной политики в области развития инновационной системы является перевод Казахстана на инновационный путь развития, т.е. построение экономики, основанной на знаниях, способной обеспечить устойчивую динамику экономического роста в стране за счет расширения выпуска конкурентоспособной на внутреннем и мировом рынках наукоемкой продукции.

В основе управления инновационной деятельностью региона лежит инновационная политика, которая должна быть направлена на повышение вклада научно-инновационной сферы в НТП страны, улучшение социально-экономического положения населения.

По оценке журнала Euromoney по уровню инвестиционной привлекательности Казахстан занимал 81-е место в мире (сразу вслед за Болгарией). Россия оказалась на 95-м, уступив даже Гондурасу - он на 91-м месте. Другие страны СНГ расположились в таком порядке: Киргизия (106-е место), Узбекистан (110-е), Украина (115-е), Туркменистан (125-е), Белоруссия (129-е), Армения (135-е) и т. д.

Относительно высокий международный рейтинг Казахстана заставляет более пристально взглянуть на экономические и социальные процессы, происходящие в этой стране. Оказывается, что за два десятилетия независимого существования Казахстан продвинулся дальше по пути последовательных рыночных преобразований, чем другие страны СНГ. Практически завершена приватизация; принято совершенно новое налоговое законодательство; основана современная банковская система; сформировано отечественное предпринимательство; перестроены экономические отношения на селе; проведена реформа жилищно-коммунального хозяйства.

Благодаря реформам Казахстан смог сохранить стабильность и добиться устойчивых темпов экономического роста. Инвестиции в основной капитал увеличились на 29,4%. Число зарегистрированных безработных уменьшилось на 8%. По оценкам ЕБРР, Казахстан занял первое место среди стран СНГ и третье - среди стран Восточной Европы и Балтии (после Польши и Венгрии) по объемам привлекаемых иностранных инвестиций.

Более быстрый и менее болезненный выход из кризиса во многом predetermined более высокую динамику инвестиций в экономику Казахстана. При этом наибольшую инвестиционную активность стали проявлять внутренние негосударственные инвесторы. В своей инвестиционной политике Казахстан ориентирован на создание благоприятных условий для иностранных инвесторов. Именно поэтому доля иностранных инвестиций в экономику Казахстана более чем в три раза выше, нежели в России.

В России существует закономерность: чем выше потенциал региона, тем, как правило, ниже риск. В Казахстане же увеличение инвестиционного потенциала сопровождается ростом рисков. Разный характер формирования инвестиционного климата можно объяснить, во-первых, различной ролью государства в инвестиционном процессе. В Казахстане государство более целенаправленно проводит политику создания благоприятных условий для инвесторов в экономически менее развитых регионах.

Для Казахстана более характерным является сосредоточение инвестиционного потенциала в регионах с добывающей и тяжелой промышленностью. Общеизвестно, что такая структура экономики, как правило, сопровождается повышенным экологическим, социальным, криминальным и другими видами риска.

Однако формальное сведение риска и потенциала не избавляет инвестора от сложного выбора. Он может либо вкладывать деньги в более прибыльные сферы, находящиеся в регионах с повышенными рисками инвестирования, либо в менее эффективные проекты, но в более "спокойных" для инвестора регионах. Кроме

Алматы, обладающей особо благоприятным инвестиционным климатом, остальные регионы Казахстана распределились по трем основным группам. Каждая из этих групп отличается своеобразием инвестиционного климата.

В первую группу с *высоким потенциалом и высоким риском* вошли два наиболее промышленно развитых региона - Карагандинская и Восточно-Казахстанская области. Несколько более благоприятные условия для инвесторов созданы в Карагандинской области. Улучшения инвестиционного климата в этих регионах возможно достичь прежде всего путем кардинального улучшения состояния окружающей среды. Так, по данным Министерства охраны окружающей среды и природных ресурсов Казахстана, среди промышленно развитых регионов республики на долю этих регионов приходится более половины всех выбросов загрязняющих веществ в атмосферу (Карагандинская область - 47,7%, Восточно-Казахстанская - 10,4%).

Напротив, *ограниченный инвестиционный потенциал, правда в сочетании с наиболее низким риском*, имеет наиболее многочисленная группа казахстанских регионов, объединяющая Астану, Актюбинскую, Жамбылскую, Западно-Казахстанскую, Кызылординскую, Мангистаускую, Северо-Казахстанскую и Южно-Казахстанскую области. Эту группу возглавляет новая казахстанская столица - Астана.

Остальные регионы группы специализируются в основном на сельском хозяйстве и добывающей промышленности. Поэтому улучшение инвестиционного климата в этих регионах должно быть связано с повышением их потенциала на основе развития перерабатывающих отраслей.

Оптимальное для условий Казахстана положение занимает группа, включающая Павлодарскую, Костанайскую, Атыраускую и Алматинскую области. Для них характерно сочетание достаточно высокого потенциала и умеренного риска. Лидером этой группы является Павлодарская область. Сбалансированная структура экономики, представленная как добывающими, так и обрабатывающими отраслями, в сочетании с политикой местных властей по созданию благоприятной среды для развития бизнеса делают этот регион весьма привлекательным для инвесторов.

Инновацияның өмірлік кезеңі өзара байланысты процестердің және жаңалықтарды енгізу сатысының жиынтығын көрсетеді. Инновацияның өмірлік кезеңі уақыт аралығы ретінде идеяның дүниеге келуінен өндірістік өткізуден алып тастағанға дейінге инновациялық өнімнің негізінде анықталады. Кәсіпорынның инновациялық қызметін әзірлеуде, енгізуде, жаңалықтарды пайдалануда қосылатындары:

- жаңалық идеяны әзірлеу, зертханалық ғылыми жұмыстар, өнімнің жаңа зертханалық үлгілерін, техниканың жаңа түрлерін, жаңа конструкцияны және бұйымдарды дайындауда ғылыми – зерттеу және конструкциялық жұмыстарды жүргізу;

- өнімнің жаңа түрлерін дайындау үшін шикізаттар мен материалдың қажетті түрлерін таңдап алу;

- жаңа өнімді дайындауда технологиялық процесті әзірлеу;

- қажетті өнімдерді дайындау үшін жобалау, жасау, сынақтан өткізу және жаңа техникалық үлгілерін енгізу;

- жаңалықтарды іс жүзіне асыруға бағытталған ұйымдастырушылық - басқарушылық шешімдерді әзірлеу және енгізу;

- қажетті ақпараттық ресурстарды және инновацияны ақпаратпен қамтамасыз етуді зерттеу және әзірлеу;

- қажетті ғылыми – зерттеу және конструкторлық жұмыстарды жүргізу үшін дайындау, оқыту, жаңа мамандық беру және қызметкерлерді арнайы әдіспен іріктеу;

- инновацияны жетілдіруді ұйымдастыру және маркетингтік зерттеулерді жүргізу.

Жаңалықтардың енуін, талдануын, құрылуын қамтамасыз ететін басқарушылық, технологиялық және экономикалық әдістердің бірігуі кәсіпорынның инновациялық қызметін құрайды. Оның мақсаты – басқа фирмалармен бәсекелестігін жоғарлату және өндіру мен сату рентабельділігін жоғарлату.

Кәсіпорын инновациялық қызметте үлкен нәтижелілікке жету үшін белгілі бір объектіге негізделінуі керек және де ішкі және сыртқы орта факторларын ескеруі қажет. Ол үшін инновациялардың толық классификациясын, олардың қасиеттерін және де қаражаттану көздерін білу керек. Жаңалықтардың мінездемесінің бірден – бір көрсеткіштері болып олардың абсолютті және қатысты жаңалығы, басымдылығы мен прогрессивтілігі, унификация мен стандартизация деңгейі, бәсекелестігі, шаруашылықтың жаңа талаптарына сай болуы, модернизацияға бейімділігі, экономикалық эффективтілігінің көрсеткіштері, экологиялық қауіпсіздік және бағы басқа сайып келгенде, бұл көрсеткіштердің барлығын жаңалықтардың техникo – ұйымдастырушылық деңгейінің және бәсекелестігінің көрсеткіштері деп атауға болады.

Олардың маңыздылығы осы факторлардың кәсіпорын қызметінің соңғы нәтижелеріне әсер ету дәрижесіне байланысты болып келеді.

Инновациялық қызметтің мотивтері болып сыртқы және ішкі факторлар саналады. Сыртқы мотивтері:

- шаруашылықтың жаңа талаптарына кәсіпорынның бейімделуі;
- салық, несие – ақша және қаржы саясатындағы өзгерістер;
- сату нарығын жетілдіру мен динамикалау;
- бәсекелестерді активизациялау;
- конъютуралық тербелістер;
- құрылымдық салалық өзгерістер;
- жаңа арзан ресурстардың пайда болуы, өндіріс факторлар нарығының кеңеюі

демек, сұраныстың қысымы, және тағы басқа.

Инновациялық қызметтің ішкі мотивтеріне келесілер жатады:

- сатудың көлемін ұлғайтуға ұмтылу;
- нарық бөлігінің кеңеюі, жаңа нарықтарға көшу;
- фирма бәсекелестігін жақсарту;
- кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігі және қаржылық тұрақтылығы;
- ұзақ уақыт кезеңінде пайданы өсіру.

<p>Мазмұны бойынша</p> <ul style="list-style-type: none"> • Тауарлар • Қызметтер • Техникалық • Ұйымдастырушылық • Экономикалық • Экологиялық • Ақпараттық 	<p>Өңдеу мен тарату деңгейі бойынша</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мемлекеттік • Республикалық • Регионалды • Салалық • Корпоративтік • Фирмалық
<p>Жаңалық дәрежесі бойынша</p> <ul style="list-style-type: none"> • Абсолютті • Салыстырмалы • Шартты • Жеке 	<p>Өңдеу мен тарату сфераларына байланысты</p> <ul style="list-style-type: none"> • Өндірістік • Қаржылық • Қызмет көрсету • Сату делдалдық • Білімдік – педагогикалық • Құқықтық
<p>Инновациялық потенциалы бойынша</p> <ul style="list-style-type: none"> • Радикалды • Шоғырланған • Модификациялық 	<p>Қаражаттандыру көздеріне байланысты</p> <ul style="list-style-type: none"> • Өз қаржылары • Тікелей бюджеттік • Қаржыландыру • Тартылған қаражат • Заемдық қаражаттар
<p>Инновациялық потенциалы ерекшеліктеріне байланысты</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ұйым ішіндегі • Ұйым аралық 	
<p>Инновациялық процестің этаптарының ұзақтылығына байланысты</p>	

1 – кесте. Инновациялар мен инновациялық процестердің классификациялық белгілері.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.А. Назарбаев «Қазақстан -2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы.
2. Мейірбеков «Кәсіпкерлік экономикасы» 151-157 бет. Кәсіпорынның инновациялық қызметі.
3. Волков С.И «Экономика предприятия» М: Инфра-М,1997 г.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада инновациялық қызметтің нарықтағы орны қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются особенности инновационной деятельности рыночной экономике.

ӘОК. 338.981

О - 18

ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИАЛЫҚ САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Оспанбек Т.Қ.- аға оқытушы, Құлмағанбетова А.Б.- оқытушы
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазіргі әлемдік экономикада инновацияның алатын орны орасан зор. Инновациялық тәжірибені өндіріске қолданбастан бәсекеге қабілетті өнім алу мүмкін емес екенін дамыған елдер ертерек түсініп, бар күшті осы салаға жұмсаған, жұмсап келеді де.

Біз экономиканы диверсификациялауға бағытталған индустриалдық-инновациялық стратегияны іске асырып жатырмыз. Бұл болашақтың бағдарламасы.

Біздің стратегиялық міндетіміз-бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан лайықты орын алу. Сондықтан да біз индустриялық-инновациялық бағдарламаға әлі де болса көп жұмыс арнауымыз керек.

Қазақстан үшін инновациялық саясаттың басты мақсаты шикізаттық бағыттан бас тартуға ықпал ететін экономика саласының әртараптандыру жолымен қол жеткізу. Индустрия-инновациялық саясаттың басымдықтары басымдығы тек шикізат орталығымен ғана шектеліп қана қоймай «өндірістен-өндіріске» принципін ұстану керек. Бұл дегеніміз- шикізат шығара отырып, одан дайын өнім шығаруға ұмтылу.

Сонымен қатар елдің халықаралық бәсекеге қабілеттілігі елдің ұзақ мерзімді дамуындағы тұрақты экономикалық өсу қарқынымен анықталады. Елдің бұл экономикалық өсуіне макроэкономикалық жағдайдың тұрақтылығы, қызмет көрсету саласы мен өндіріс құрылымының технологиялық деңгейі, мемлекеттік институттардың сапасы сияқты факторлар әсер етеді.

Ғылым мен технология да елдің экономикалық өсуіне әсер ететін маңызды факторларының бірі болып келеді. Оны қолданыста жүрген ресурстарымыздың басым бағыттарының өзгеруінен, яғни шикізаттық бағытта ғана жүруден бас тартып, интеллектуалдыққа немесе білімге қарай ауысқанымыздан көруге болады. Әлемді шарқыған білімнің бәсекеге қабілеттілігі идеясы елдің даму стратегиясының негізі ретінде қалыптасты.

Қазақстанның ғылыми-технологиялық саясаты инновациялық үдерістерді жандандыруға, жаңа технологиялық құрылымдарды енгізуге, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті жандандыруға, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жоюға, индустриялық қызметті ынталандыруға, озық шетел технологиясының нақты

трансферті мен халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Сонымен қатар инновациялық қызметті нарықтық реттеу міндетті түрде мемлекеттік қолдауға сүйену тиіс, оның басты мәні осы процестерді ынталандыруда (стимулдауда) және оларды, әсіресе бастапқы кезеңдерінде, дамытуға ыңғайлы құқықтық және қаржылық жағдайлар жасауда жатыр.

Аса маңызды мәселе – қоғамда инновациялық мәдениет қалыптасуы қажет. Инновациялық өндіріс үшін мамандар дайындайтын институттар осындай мәдениетті құру жолында маңызды қадам болып табылады. Ғылымға жастарды тарту қажет, олар шығармашылық жағынан да, материалдық жағынан да мүделлі болуы тиіс. Тіпті нарықтық құрылымы дамыған және қаражат- қаржылары мол Батыс Еуропа елдері де инновациялық кідіріске ұшырай отырып, оны жеңудің жолдарын іздестіруде.

Сондай-ақ Қазақстан дамуының стратегиялық мақсаты - ғылым мен технологияны дамыту, яғни олардың нәтижелерін жаңа бағытта дамытуы мен коммерциялық пайда әкелуі арқылы, және де, экономикалық өсуді қолдайтын қолайлы инновациялық ортаны құру арқылы «білім экономикасын» қалыптастыру болып табылады. Ұлттық инновациялық жүйенің қалыптасуы және экономиканың барлық секторының ақпараттық-коммуникациялық технологияларының дамуы да, осы аталған мақсатта жетуге жағдай туғызады.

Өз алдында стратегия ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін басымды әрекеттің қабылданған бағыттары мен ресурстарын орналастыруды болжайды. Ұзақ мерзімді мақсатты анықтау – ол стратегиялық мақсаттың логикалық тұрғыда қол жетерліктей бір жүйеге келуін білдіреді. Әрекеттің қабылданған бағыттары – бұл алға қойылған мақсаттың басты бағыттын және жүзеге асыру әдістерін таңдау болып табылады. Ресурстарды тиімді орналастыру стратегияның жүзеге асыру үрдісін қолдаудың басты тетігі болып келеді.

«Білім экономикасында» жоғары білім деңгейі, жаңа білімдерді қолдану көлемі, өндірістің ұйымдастырылуының және технологиясының, инновациясының сапасы, экономиканың барлық салаларының: мемлекеттік басқару, білім, өндіріс, қызмет көрсету және т.б. салаларының ақпараттандырылуы қажет етілетін болады. Ең басты роль елдің жаһандық және аймақтық нарықта ұстанған жолын анықтайтын үкіметтің қолында болып келеді. Сондықтан да, үкіметтің «білім экономикасын» құруда бизнес және мемлекет құрылымдарын қатыстыру шешімі стратегиялық бағытта болуы тиіс.

Әлемдік тәжірибеге сай, ұзақ мерзімді және тұрақты экономикалық өсу қарқынына әлемдік және отандық технологиялық жетістіктерге сәйкес келетін индустриалды-инновациялық даму стратегиясын таңдау арқылы қол жеткізуге болады. Сонымен бірге, дамыған елдерде ЖІӨ-нің көп бөлігі қызмет көрсету, жоғары технологиялар, білім, байланыс және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласынан құралған.

"Қазақстан-2030" стратегиясы экономикамызды реформалаудың мақсаты мен бағытын анықтайтын негізгі құжат болып келеді. Онда кен өндірудің басым бағыттарын белгілеумен қатар, басты міндеттерінің бірі – экономикалық өсуді ЖІӨ-нің құрамындағы шикізат үлесін кемітіп, біртіндеп ғылыми сыйымды және жоғары технологиялық тауарлардың үлесін арттыру арқылы қамтамасыз ету болып табылды.

Қазақстанның нарықтық экономикасы бар ел ретінде танылуы – экономиканы диверсификациялау мен оның шикізат тәуелділігін азайтуға және сервистік-технологиялық экономикаға өтуге жағдай туғызуға бағытталған ҚР-ның 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму Стратегиясының құрылуын анықтап берді. Оның басым бағыттары мұнай-химия, отын-энергетикалық кешені, тау-кен өндіру және металлургиялық өнеркәсібі саласындағы, ауылшаруашылық және ғылыми бағыттағы тауарларды өндіру және сақтау салаларындағы инновациялық жобаларды игерумен байланысты болып табылады.

Ал үдемелі экономикалық өсу Стратегияның 2011-2015 жылдарға арналған ғылыми сыйымды тауарлардың үлесі жоғары және бәсекеқабілетті тауарлар түрлерінің өндірісіне бағытталған «инновациялық-технологиялық» құрылымдық қайта құрылуының шараларын тездетіп шешуге мүмкіндік береді. Экономика салаларының құрылымында жоғары үлесті сәйкессіздіктің сақталуына байланысты «Технологиялық алға басу» Стратегиясын қабылдау қажеттілігі туындайды. Бұл стратегия шеңберінде басым бағытты жобаларды игеруге байланысты шараларды жүзеге асыруға және жаңа жобаларды жасап шығаруға мүмкіндік беріледі. Басым бағытты инновациялық жобаларды жасап шығарудың және игерудің негізі жоғары технологиялар саласындағы негізгі және қолданбалы ғылымның нәтижелері болып табылады.

Қазіргі әлемдік технологиялық даму тенденциясы биотехнология, ақпараттық қауіпсіздік технологиясы, бағдарламалық қамтамасыз ету, телекоммуникация, силандық технологиялар жасау, жоғары сапалы кремний өндірісін ұйымдастыру, жаңа материалдар және нанотехнология сияқты басты бағыттарды дамытуға қолайлы жағдайлар туғызуы қажеттігін көрсетуде. Бұл жағдай ұлттық экономикамыздың жаңа артықшылықтар саласына кіруіне және бәсекеқабілеттілігінің артуына мүмкіндік береді. Халықаралық технологиялар трансферттеріне және отандық басым бағытты жобаларға негізделген «Технологиялық алға басу» стратегиясын жүзеге асыру еліміздің алдыңғы қатарлы бәсекеқабілетті елдер қатарына қосылуына негіз бола алады.

Стратегияның жетістіктерге жетуі оның жүзеге асуының басым және негізгі бағыттарын дұрыс таңдауына байланысты болып келеді. Ал сол бағыттары көрсеткен нәтижелерімен Қызмет етудің Бағдарламасына ықпалын тигізеді. Мониторинг ішкі және сыртқы ортаның өзгеруіне байланысты толықтулар мен түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Өз кезегінде ішкі және сыртқы ортаның өзгеруі кері байланыстың әсерінен болады.

Даму стратегиясын жүзеге асыру үрдісінде өнеркәсіп кәсіпорындарының, венчурлық бизнестің, мемлекеттік және жеке даму институттарының қатысумен ғылымды, инновацияны және технологияны жүйелі түрде басқаруды жүзеге асыру Қазақстанның ұлттық инновациялық жүйесін қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Өнеркәсіп құрылымдарын диверсификациялау және өндірісті дамыту үрдісінде «Қазақстанның технологиялық алға басу» Стратегиясын жасау және жүзеге асыру қажеттілігі туындайды. Бәсекеге қабілеттіліктің жоғары жағдайындағы тез өзгеріске ұшырайтын жаңа технологиялар әлемінде басым бағытты технологиялар мен бағыттарды жасау және жүзеге асыру маңызды болып отыр. Бұл жағдай Қазақстан үшін осындай басымдылыққа ие етуге негіз бола алатын ғылыми зерттеулердің перспективтісін іздеуге бағыттайды. Сондықтан да, стратегияны жасау мен ғылыми-технологиялық даму саясаты әлемдік ағымдардың шындыққа негізделген болжамдарына сүйенуі қажет.

Қазақстанның «Технологиялық алға басу» Стратегиясына өтуі ғылымның және бизнестің дамуының перспективті бағыттарына қаржылық ресурстардың және ғылыми-технологиялық әлеуеттің жұмылдырылуы, экономиканың «интеллектуалдануы» негізінде экономикалық қызметтің жаңа саласына шығуға мүмкіндік береді. Осы Стратегияның жүзеге асуы нәтижесінде жаңа өндірістер құруға арналған басым бағытты жобалар арқылы құрылатын ғылыми сыйымды және жоғары технологиялы салалар қалыптасуы мүмкін. Жаңа өндірістерді құру жобалары өз кезегінде отандық ғалымдардың зерттеулерінің нәтижелеріне негізделген био- және нанотехнология, фармацевтика индустриясы саласындағы, жоғары технологиялар трансферті негізінде құралған әртүрлі бағдарламалық тауарлы инновациялар саласындағы отандық ғылыми зерттеулер мен тәжірибе конструкторлық жұмыстар нәтижелерін жүзеге асырумен айналысады. Бізге белгілі, ұлттық экономиканың ғылыми саладағы бәсекелік артықшылығы компанияның инновациялық стратегиясымен анықталады. Сондықтан, Үкіметтің инновациялық саясатында жоғары технологиялар саласындағы корпоративті сектор мен шағын инновациялық бизнестің технологиялық дамуының басым бағыттарына, қазақстандық ғалымдар мен компаниялардың халықаралық жобаларда бірлесіп жұмыс жасауына аса назар аударылуы тиіс.

Сондықтан әрбір қазақстан азаматы, мына ақпарат заманында ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері қолданылатын өндіріс, сауда, қызмет көрсету саласы ролінің артуына байланысты еліміздің бәсеке қабілеттілігін арттыру туралы көп айтылып қана қоймай өз үлестерін қосса, бұл бір үлкен іс болар еді. оғамдық өндіріс салалары да, еліміздің өзі де білім беру жүйесі де бәсекелестік қатынастарға төтеп бере алатын жағдайда ғана бәсекеге қабілетті болмақ. Бүгінгі таңда кез келген елдің бәсекеге қабілеттілігі білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігіне келіп тіреледі. Сондықтан барлық дамыған елдерде білім беруге жіті назар аударылып отыр. Осыдан келіп білім беру үрдісіндегі түрлі көзқарастар бәсекелестік жүріп жатыр.

Қазақстан үшін білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі әлемдік білім беру кеңістігінде болып жатақан өзгерістер әсерінен ғана туындап отырған жоқ. Бұл мәселе Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» Стратегиялық бағдарламасындағы ұлттық идеядан туған болатын. Бұл идея Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында бүгінгі күн талабына сай нақтыланды және оларды іске асыру жолдарын іздестіруге міндеттеді. Бұл істің барлығы жаңа буын кадрларын даярлауды талап етеді. ХХІ-ші ғасырда білімді адам ғана табысты болмақ. Көрнекі ғалым, жазушы, әрі педагог Ыбырай Алтынсарин сөзімен айтсақ «Адамды құстай ұшырып, отынсыз тамақ пісіріп, сусыздан сусын ішірген» адамзаттың интеллектуалдық мүмкіндігінің шексіздігі осы ғасырда одан сайын айқындала түсуде. Сондықтан да ХХІ жүз жылдық ғаламдық инновацияның өркендеу ғасырына айналатыны айдан анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы. www.government.kz
2. Н.Ә.Назарбаев «Ұлы мақсаттарды өзінің алдына ұлы халық қана қоя алады» /Дала мен қала 20 желтоқсан 2010.
3. Муканов Д. М. Индустриально-инновационные развития Казахстана: потенциал и механизмы реализации. Алматы: М-Дайкер, 2004г. – 274с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Қазақстанның ғылыми-технологиялық саясаты инновациялық үдерістерді жандандыруға, жаңа технологиялық құрылымдарды енгізуге, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті жандандыруға, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жоюға, индустриялық қызметті ынталандыруға, озық шетел технологиясының нақты трансферті мен халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

РЕЗЮМЕ

Научно-технологическая политика Казахстана должна быть направлена на развития инновационных процессов, введение новых технологий, усовершенствование позиций национально научной-техники, на устранение пространство между наукой и производством, на стимуляцию индустриальной функций, на внедрение международного стандарта и трансфертноси модеренизированной импортной технологии.

ҚР ТУРИЗІМДІ ДАМУДАҒЫ КЛАСТЕРЛІК САЯСАТЫН ЖҮРГІЗУ ЖОЛДАРЫ

Сатыбалдиева А.У.- магистр, оқытушы (Алматы қ., ҚазМемҚызПУ)

Қазақстанның дүние жүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі қарсаңында еліміздің бәсекелестік басымдылығын зерттеу және қалыптастыру өте өзекті мәселе болып отыр. Н.Ә.Назарбаевтың айтуынша «Қазақстан халқына Президенттің жолдауында», еліміз бәсекеге қабілетті экономиканың приоритетті салаларынан таңдап, жоғары бәсекеге қабілетті экономикалық потенциалы бар, қазақстандық кластерлік жүйеде даму бастамасын алды. Майкл Портердің теориясы бойынша, кластер – бұл географиялық көршілес орналасқан бір-бірімен тығыз байланыстағы компаниялар тобы (жабдықтаушы, өндіруші және т.б.) және белгілі бір салада қызмет атқарып, бірін-бірі толықтырып отыратын, бір-бірімен байланысты ұйымдар (білім беру орындары, мемлекеттік басқарма орындары, инфроқұрылымды компаниялар).

«Президенттің Қазақстан халқына жолдауында» ел басшысы елдің тұрақты салаларында экономикалық ұзақ уақыт мамандануын анықтайтын приоритетті кластерлердің бір қатарын белгіледі, туризмде осындай салалардың бірі бола алады. Туризм әлемдік экономикада өте маңызды роль атқарады. Дүниежүзілік туристік ұйымның (ДТҰ) мәліметтерінде туризм әлемдік жалпы ұлттық өнімнің оныншы бөлігін қамтамасыз етеді, 11%-тен жоғары халықаралық инвестицияны әлемдік өндірістегі әр 9-шы жұмыс орын қамтиды. Бір шет елдік турист беретін эквивалентті өнімнің кірісін анықтау үшін 9 тоннаға жуық көмір, немесе 15 тонна мұнай, немесе 2 тонна жоғары сортты бидайды әлемдік нарыққа шығаруымыз керек. Осылайша, шикізатты сату бұл өзіндік ерекшелігі бар экономикалық тоқырау, ал туризмді дамыту- ұзақ уақытқа созылатын, экономикалық тиімді перспектива. Туризмнің дамуы баратын жаңа көрнекті жерлердің ашылып тұруын қажет етеді, өйткені әлемдік туристік нарықтың дәстүрлі рекреациялық аудандар сыйымдылығы шарықтау шегіне жеткен. Осыған байланысты Қазақстан әлемдік туристік нарықта өз орнын табуына өте үлкен мүмкіндігі бар.

Туристік кластердің ядросы- қызмет жабдықтаушылары, шетелдік туристерді Қазақстанға тартумен айналысатын, туристік агенттіктер, қонақ үйлер, демалыс үйлері, көліктік компаниялар. Туристік қызметпен қосымша жабдықтаушылар-мейрамханалар мен туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұйымдар. Туристік кластерді дамыту үшін білім беру мекемелері-салалық ассоциациялар және мемлекеттік ұйымдар қызмет етуде. Аталмыш сала бойынша мамандарды дайындаумен «Спорт және Туризм академиясы», «Тұран», «ҚазМемҚызПУ», «Т. Рысқұлов атандағы ҚазЭУ университеті» т.б. мемлекеттік жоғарғы оқу орындары айналысады.

Кластердің болашағы қолдағы және бәсекелестік артықшылықтың тартымдылығымен, ел экономикасына әсер етумен бағаланады. Осындай ерекшеліктерімен компаниялар өз ішінде бәсекеге түседі.

2006-2010 жылдарға арналған республикалық туризмнің даму бағдарламасы жасалды, онда туризмді кластерлік саясаты қаралды. Кластер негізінде барлық туристік индустрияны бір жүйеге біріктірсек, онда елдің мықты экономикалық катализаторы бола алатын туристік өнімді құруға болады.

Елде алғашқы туристік кластер құрылды - Алматы және Алматы облысында туризмді дамыту жобасы, кейінірек республиканың басқа аймақтарына осы жобаны енгізу қарастырылған. Бұл үшін туризмнің инфрақұрылымын жақсы деңгейге көтеру үшін ұсыныстар жасайтын және туристік кластердің әрі қарай дамуына жағдай туғызатын жұмысшы тобы құрылды. Жұмысшы тобының құрамында шетелдік маркетингтік компаниялардың, жеке меншік секторларының, туристік қоғам мен Сауда

және туристік қызметті реттеу комитеті ҚР индустрия және саудаминистрлігінің өкілдері кіреді.

Алматы және Алматы облысының бәсекеге қабілеттілік артықшылығы бұл, керемет мәдени мұраларының (мәдени-танымдық), табиғат кешендерінің (экологиялық туризм) және іскерлік қатынастардың болуы, сонымен қатар спорттық және экстрималды туризм сияқты демалыстың белсенді түрімен айналысуға мүмкіндіктің болуы саналады. Туризм кластерінің құрылуындағы алғашқы жобалық шара заңдылықтардың жетілдірілуін қарастырылады, инвестицияны тарту, туризм саласы үшін мамандар даярлау. Заңға өзгертулер енгізу, мысалы, шетелдіктер келгенде әр қандай әкімшілік кедергілерді алып тастауға байланысты.

Қазақстанның туристік ассоциациясы мен спорт және туризм Агенттігі бірігіп отырып, визалық процедураларды қысқарту шараларын қолданған. 57 мемлекеттің азаматтарына келу тәртібі қысқартылған, олар Астана мен Алматының халықаралық әуе жайларында виза ала алатын болды. 28 экономикалық тұрақты және саяси табанды елдер қазақстандық визаны арнайы шақырусыз, дипломатиялық өкілеттілікке өтініш жазу арқылы да ала алады, рәсімдеудің уақытша процедураларын қысқарту мәселесі өз шешімін тапты. Қалған құжаттарды рәсімдеуді арнайы құралдармен жабдықталған қонақ үйлерде аяқтауға болады, 2006 жылдан бастап, есептеудің компьютерлік жүйесін енгізу қолға алынды. Әрі қарай да визалық процедураларды қысқарту, аталған туристер категориясы түгелдей дерлік өзгертулер қажет, өйткені бұл қауіпсіз және туризм мақсаттарына ашық мемлекет ретінде еліміздің деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Туристердің тұруына байланысты тұтас орындар жүйесін құру белгіленген, олар 3-4 жұлдызды қонақ үйлер, кемпингтер, мейрамханалар мен этнографиялық ауылдар. Бұл шараларға болжам бойынша төрт млрд, 711 млн теңге көлемінде шығын кетеді екен, соның ішінде республикалық бюджеттен 2 млрд, 737 млн теңге бөлінбек. Сонда да ең алдымен саланың инвестицияны тартуына жетуіміз керек. Инвесторлар үшін арнайы преференцияларды алдын-ала ескеру қажет. Салаға қаржыны тартуға, үкіметпен бекітілген. Тағы бір осы туристік маусымның жаңалығы-Индустрия және сауда министрлігі бекіткен чартэрлі рейстерді ұйымдастыру ережелері. Қазір чартэрлі рейстерге екі жаққа да мідетті төлем ақы беру арқылы рұқсат етіледі.

Өткізілген талдаулардың нәтижесі бойынша, Алматы және Алматы облысының қазақстандық туристік өнімнің үш базалық сегменті анықталды: мәдени-танымдық туризм, экологиялық туризм және іскерлік туризм.

Берілген сегменттердің географиялық топталуы келесідей:

1. Алматы қаласында-көрмелер, іскерлік кездесулер өткізілетін конгресс-орталық құру;

2. Мәдени-танымдық және экологиялық туризм.

Компаниялар туризмнің көптеген түрлерін ұсынады: мәдени, қажылық, этникалық, экологиялық, ориентологиялық, сауықтыру, спорттық (альпенизм), экстрималды (сафари, рафтинг), аңшылық және бизнес туризм. Қазақстанда 700-ге жуық саяхат маршруты, 25 ерекше қорғауға алынған табиғи территориялар, олардың 9-ы қорық және 10-ы ұлттық парк.

Алматы қаласы және оның төңірегі (Медеу, Шымбұлақ, Түрген, Шарын) мәдени-танымдық туризмнің орталығы болып табылады, барлық туристер қаладағы шолу экскурсиясына қатысады, оған мәдени-тарихи және архитектуралық көрнекті жерлерге бару жатады, олардың саны 115-тен астам. Сонымен қатар 13 мұражай, 20 көркем сурет галереясы, 12 театр, 7 концерттік зал, 45 ойын-сауық, 12 санаторлы-курорттық мекемелер және тағы басқа жұмыс істеуде. Оған қоса Жібек жолына байланысты барлық маршруттар Алматы қаласынан басталады. Кейінгі жылдары инфрокұрылымның жаңа объектілері пайда болды: «Шымбұлақ» тау-шаңғы базасындағы 4 орындық арқан оюмен жүретін жол, страус фермасы, фарель шаруашылығы, Бутаковқада спорттық-туристік база салынды, тау-шаңғы трассасы бар,

«Күмбел» тау қонақ үйі, «Тау Дастархан» туристік көңіл көтеру кешені және тағы басқа.

Алматы облысында туризмді дамытудың потенциалды мүмкіндіктері:

- 150 астам туристік және санаторлы-шипалы орындары;
- 227 объектіде орналасқан туристерді орналастыру орындары;
- Туристік қызмет нарығында 500 турфирма қызмет атқаруда;
- Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ, Жаркент аудандары мен Қапшағай қаласында саланың материалды-техникалық базасы дамығандығы;
- Ежелгі тарихи –археологиялық ескерткіштердің бар болуы, сонымен қатар Ұлы Жібек жолымен байланысты объектілер, мысалы, Таухиз қалашығы;
- Алтын Адам табылған, ежелгі сақ мәдениетінің тарихи-этнографиялық және археологиялық ескерткіші.(Талғар).
- Экотуризмді дамытуға қолайлы керемет табиғи ландшафтылардың болуы (мемлекеттік ұлттық табиғи парктер: « Іле Алатауы», « Алтын-Емел», сондай-ақ мемлекеттік табиғи қорықтар: « Алматы», « Медеу»).

Алматы және Алматы облысының туристік объектілері мен инфо-құрылым жағдайына жүргізілген тексерулер бойынша бірнеше туристік тартымды бағыттар ерекшеленеді.

1. Шымбұлақ-Кіші Алматы шатқалы;
2. Үлкен алматы көлі;
3. Мынандай бағыттардағы Көлсай көлдері;

а) « Шарын» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі;

б) Көлсай.

4. « Алтын Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі;
5. Хан-Тәңірі шыңы;
6. « Іле Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі;
7. Алакөл;
8. Іле өзенінің атырабы;
9. Жаркент;
10. Тамғалы Тас (Қапшағай)

Осылайша, туризм индустриясы басқа экономикалық секторларға өте мықты нәтиже көрсете алады. Туризм кластерін дамыту, өз қатарында қонақ үй бизнесі, мейрамхана бизнесі, көлік, сақтандыру, құрылыс жүйесін дамыта алады.Қазақстанда осыған байланысты туризм дамуында бір қатар мәселелер бар. Инфрокұрылым: туризм индустриясындағы материалдық базаның өте төмен мүмкіндігі.Халықаралық әуе байланыстары авиабилеттердің қымбат және төмен деңгейдегі қызмет көрсету салдарынан бәсекеге қабілетті емес.

Автомобиль көлігіне келер болсақ, бізде халықаралық стандартқа сай автобұтардың саны өте аз. Автотрассалардың көп бөлігі күрделі жөндеуден өтпеген.

Мамандарды даярлау мәселесі де өте өзекті мәселенің бірі. Мамандар дайындау, ұстаздардың Қазақстан туризмінің потенциялы жайында білімінің жетіспеушілігінен және туризм саласында тәжірибесінің аздығынан жоғары деңгейдегі мамандар даярлай алмайды. Сонымен қатар, Қазақстан туризмнің индустриясы, даму деңгейі жайында оқулықтардың аздығы және көбі тек орыс тілінде шығатындығы әсерін тигізуде.

Туристік кластерлік сала және ұйымдар мәселелерін шешу жолдары мынадай:

Туризм инфрокұрылымы мен материалды-техникалық базаны дамыту; туристік объектілер салу үшін және әрқандай реконструкциялар жасау үшін жергілікті және шет ел инвестроларын тарту; әуе тасымалдау қарқында қызмет көрсетудің бәсекеге қабілеттілігін жоғарлату, автомобиль және темір жол көлігінің жолаушы тасымалдауларын жоғары деңгейде дамыту; жоғарғы класқа жататын қонақ үй қызметтерін құру.

Маркетинг стратегиясын өңдеу:

Қазақстанды туристік орталық, сапалы туристік қызмет ұсынушы ретінде таныстыруды қалыптастыру; ішкі және сыртқы нарықта туристік өнім жайында хабарламалар мен жарнаманың жүруін дамыту; Қазақстан Республикасында туризмнің арнайы түрін дамытудың жобаларын жасау.

Қазақстанның туристік имиджін қалыптастыру: Қазақстан турфирмалары мен агенттіктерінің халықаралық туристік көрмелерге, жәрменкелерге және конференцияларға, соның ішінде ДТҰ-ның өткізетін осындай жиындарына қатысуы; ЮНЕСКО мен ДТҰ-ның «Ұлы Жібек жолы» жобасын өңдеу және шығару, Қазақстан жайлы полиграфиялық және аудиовизуалды жарнамаларды белсенді түрде шығарып, шет елдерге жіберу.

Маман және ғылыми қамтамасыз етуді дайындау: «Туризм» мамандығы бойынша жаңа буынға арнап, профессионалды білімінің мемлекеттік стандартын өңдеу, мамандықтың түрлі туристік қызмет бағытында сұраныс пен даму деңгейін анықтау.

Туризмнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету: туризмдегі сақтандыру нарығын дамыту: арнайы туристік мамандар дайындау және туроператорлар мен турагенттіктердің туристерге қызмет көрсету саласында қауіпсіздік техникасының ережелері мен нормаларын қадағалауын іске асыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Г.М.Дүйсен. Рекреационное освоение регионов Казахстана в условиях вхождения в мировой туризм: теория, стратегия и практика. Алматы 2010.
2. Н.Жанпейісов. Еліңді тану өз өлкеңнен басталады// Герграфия және табиғат №1(25)2007
3. www.stat.kz

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада туристік кластердің даму тарихы мен қазіргі ел экономикасына әсер етуі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается история развития кластеров туризма, а также его влияние на современную экономику страны.

ӘОК ОК 386. 2 С-86

ИННОВАЦИЯ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ НЕГІЗІ

Сихимбаева Б.Н.- аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақстан Республикасы өзінің дамуы барысында ХХІ ғасырға күрделі өзгерістермен аяқ басты. Глобализация мен халықаралық бәсекелестіктің күшеюі соңғы кездері ұлттық экономикалардың бәсекелестікке қабілеттілігі мәселесін өршітіп жіберді. Ел экономикасының бәсекелестікке қабілеттілігі экономиканы басқарудың түрлі деңгейлерінде қалыптасатын көптеген факторлар мен шарттарға тәуелді болады. Дегенмен, елдің бәсеке қабілеттілігінің негізі оның тауар өндірушілері болып табылады. Олардың қаншалықты бәсеке қабілеттілігінен өнімнің сапасы және сәйкесінше шығарылатын өнім көлемі белгіленеді. Сондықтан, қазіргі уақытта өнімнің сапасы мен бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру мәселесі кәсіпорын үшін және де бүкіл ел үшін аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасында бүгінгі таңда экономикалық дамуында ғылымды көп қажет ететін отандық өндірісті дамыту, бәсекеге қабілетті өнімдерді алуға бағдарланған жаңа ақпараттық технологияларды әзірлеу мен игеру және республиканың өнеркәсіп

пен ғылыми-техникадағы әлеуетін сақтау мен дамыту есебінен ұлттық экономикалық қауіпсіздің мүдделерін қамтамасыз ету Қазақстан экономикасының өзекті стратегиялық міндеттері болып табылады.

Қазақстанның ғылыми-техникалық саясаты инновациялық процестерді жандандыруға, жаңа технологиялық құрылымдарды енгізуге, өңдеуші өнеркәсіптегі жаңа қайта бөлістерді игеру, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті жандандыруға, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты азайтуға, индустриялық қызметті ынталандыруға, озық шетел технологиясының нақты трансферті мен халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Ғылыми-техникалық салада кәсіпкерлік секторды қалыптастырмай инновациялық қызметті дамыту мүмкін емес. Соңғы жылдар ішінде өнеркәсіп өндірісі көлемінде және жұмыспен қамтылу санында шағын бизнес секторының үлесі өзгерісі шамалы болып отыр және тиісінше өнеркәсіпте 2,8-3,2%-ды, ал жұмыспен қамтуда 12,4-14,0% -ды қамтып отыр. Бұл көрсетілген шамалар индустриясы дамыған елдердегіден бірнеше есе аз.

Сонымен қатар, Қазақстандық өндірушілерге ғылыми әзірлемелерді рыноктық тауар деңгейіне жеткізу тәжірибесі жетпейді, менеджмент, маркетинг және талдау саласындағы жоғары білікті мамандар жеткіліксіз. Осыған байланысты қазақстандық мамандарды жетекші шетелдік ғылыми-зерттеу институттары мен компанияларына дайындық курстарына жіберу және білікті шетел мамандарын тарту тәжірибеге енгізілетін болады. Осы мәселені шешу жолдарының бірі экономикалық дамудың бүгінгі таңдағы шикізаттық бағытынан қол үзіп, тиімді экономикалық өсуді қамтамасыз ететін дамудың “индустриялық-инновациялық” сатысына өтуіміз керек. Бұл мәселенің өзектілігі әлемдік экономикалық қауымдастықта еліміздің нарықтық бағытта дамушы ел деп танылуымен арта түсті. Себебі Елбасымыз атап көрсеткеніндей “мемлекетіміз әлем таныған, алдыңғы қатарлы елдер қатарына қосылуы керек” деп атап көрсетті.

Елдің негізгі экономикалық дамуына, яғни өндіріс пен ғылыми-техникалық ресурстарды жоспарлау және экономиканың сервистік-технологиялық дамуы үшін инновациялық қызмет ең қажетті болуынан.

XXI ғасырда әлемде мемлекеттік экономика жүйесінің дамуының үш түрі айқын көрінді. Оларға:

- Шикізаттық бағыттағы экономика;
- Дамушы экономика;
- Индустриядан кейінгі қоғам экономикасы.

Мұнда *шикізаттық елдерге* жер қойнауында қазба байлықтары көп елдер жатады және олардың экономикасы экономика дамуында тұрақсыз шикізаттық бағытқа негізделген. *Дамушы экономика* елдерге жаңа технологияларды қолданушы елдерді жатқызамыз және олардың дамуына тікелей шетел инвестициялары әсер етеді. Ал экономика дамуында ең тиімді жол болып табылатын *индустриядан кейінгі қоғам экономикасы* ғылыми-техникалық потенциалы жоғары дамыған елдерде орын алуда. Бұл экономиканы білімге негізделген экономика деп атауға да болады. Біздің еліміз әлі де болса индустрияға дейінгі және индустриялы қоғамды бірге басынан өткеруде. Ал біздің мақсатымыз *алдыңғы қатарлы, индустриядан кейінгі* елдер қатарына қосылу болып отыр.

Ол үшін мемлекет бел шешіп араласуы керек, сондықтан инновация мен инвестиция мемлекеттің реттеудің объектісі болып табылады.

Осы дамудың тиімді жолы болып табылатын инновациялық дамуды талқыламас бұрын инновация ұғымының өзіне тоқталу қажеттігі туындап отыр.

Экономикада “инновация” термині XV ғ. 1-ші жартысында пайда бола бастады. Бұл ағылшын сөзі “innovation” яғни “жандану” немесе “заттар өндірудегі жаңа технологиялар” деген мағынаны білдіреді.

Инновация дегеніміз - бұрын рынокта болмаған жаңа сапалық қасиеттерге ие бұрыннан белгілі өнім немесе тіпті жаңа түрде жақсартылған технологиялық процестер түрінде көрінетін өзгерістер мен жаңалықтар.

Австрия ғалымы Й. Шумпетер XX ғ. 30-жылдары экономика ғылымына инновация ұғымын енгізді. Оның түсінігінше инновация тұтынушылар тауарларының жаңа түрлерін қолдану, жаңа өнеркәсіптік және рынок пен өнеркәсіптің жаңа ұйымдарының пайда болуымен түсіндіреді. Шумпетер бойынша инновация – тек жаңашылдық емес, ол жаңа өндірістік функция болып табылады. Инновация категориясының экономикалық анализде басты төрт аспектісін көрсетуге болады:

1. Инновация – интеллектуалды еңбек нәтижесі, яғни инновация арқылы бәсекелестікке төтеп береді;

2. Инновация – бәсекелестік күш, яғни нарықтың тепе-теңдігін бұзады;

3. Жаңа өнім және жаңа процесс қоғамға оң нәтижесін тгізеді;

4. Инновация – экономикалық өсу факторы ретінде.

XX ғ. 50 жылдары американдық оқымыстысы Роберт Солоу экономикалық өсудің басты факторы ғылыми-техникалық прогресс екендігін айтқан. Мұны Саймон Кузнецта қолдады. Оның пікірінше ұлттық өнімнің тұрақты өсуін, қоғамның тұтынуын қамтамасыз етуде технологиялық прогрестің маңызы ерекше екенін айтты.

Техникалық прогресс теориясының дамуынан инновацияға берілген ақшалай ресурстар көлемінде өнім бірлігінде кететін орташа шығындарды азайтып, өндірістің техникалық күшінің жетілуі деген анықтама береді.

Қазіргі заманғы көз қарастар бойынша инновация техникалық жаңалықпен қатар, экономикалық және әлеуметтік құбылыс болып табылады. Сондықтан бұл түсінікке Сэйдің кәсіпкерлікке берген анықтамасы жақын. “Кәсіпкер экономикалық ресурстарын төмен өндірісті және төмен табысты саладан жоғары өндірісті және табысты салаға ауыстыруға ынталы болады. Кейін бұл анықтаманы Шумпетер: “кәсіпкерлік міндет болып, сананы қирату болып табылады” деп атап көрсетеді. Яғни, инновация кәсіпкерліктің ерекше құралы.

Экономикалық эволюцияда көптеген ғалымдар тұжырымы бойынша олар техника – экономикалық зерттеуінде инновациялық процесс туралы келесі әдістемелік негіздерін ұсынды:

- экономикалық динамика мен экономикалық өсуді қозғаушы фактор *инновациялық негіздегі бәсеке* болып табылады;
- экономикалық дамуда *білім мен интелект* басты рольде болуы керек;
- интеллектуалдық қызметті *институционализациялау* оның құрылымы мен негізі болып табылады.

Инновациялық дамуда негізгі ұғым бұл инновациялық процес болып табылады. Осы инновациялық процестің негізгі іске асу кезеңерін келесідей топтауға болады:

1. *Алынған ойларды жүйелеу:*

• Рынок өзгерісі туралы ақпарат жинау, жаңалықтар, ҒЗТҚЖ ұйымдарынан алынған және маркетингтік зерттеулер, фирма аппараттарының сауда делдалдарынан жинаған ақпараттары және т.б;

- Фирманың жаңа өнім өндіру мүмкіншілігін және тәуекелдер деңгейін анықтау;
- Мақсаттық рынок және оның дамуы туралы ақпараттар жинау;

2. *Жекелеген ойларды талдау және жаңа өнім идеясын зерттеу:*

- Мүмкіншіліктерді және ойды практикалық іске асыруды анықтау;
- Фирма дамуы стратегиясына жаңа өнім өндіру жоспарының сәйкес келуі;
- Болашақ өнімнің патенттік айқындығын анықтау;

3. *Жаңа өнімнің экономикалық тиімділігіне анализ жасау және маркетингтік бағдарлама құру:*

- Өнім өндіру идеясының нақты жобаға айналу талдауын жасау;

- Өнімнің техникалық-экономикалық сипатын анықтау, оның сапасына және тұтынушылық қасиетіне баға беру;
 - Потенциалды рынок сұранысына және сату көлеміне талдау жасау;
 - Жаңа өнімді өндіруге кететін шығындарды анықтап, өнімнің өз құнын өтеу мерзімін белгілеу;
 - Жаңа өнім өндіруге қажетті негізгі ресурстардың көздерін табу. Оларға: техникалық машиналар, құралдар, шикізаттар, материалдар, кадрлық персоналдар және қаржылық ресурстар көздері жатады;
 - Жаңа өнімді игеру және оның рынокқа шығу мерзімі;
 - Өнімнің пайдалылығын талдап, оған маркетингтік бағдарлама жасау;
4. *Жаңа өнімді дайындау:*
- Жаңа өнім дамуының нақты бағдарламасын жасап дайындау;
 - Өнімнің техникалық жағдайын тексеру (экономикалық және әлеуметтік қауіпсіздігі, оны өндірудің қоршаған орта жағдайына әсері);
 - Тауардың атын белгілеп, оның тауарлық белгісін, оралуын, маркировкасын жасау;
5. *Рынокта жаңа өнімді тестілеу:*
- Өнімді 3 айда шектелген рынокта тестілеу жүргізу;
 - Сатылудың оптималды шараларын талдау;
 - Жарнама әдісі мен құралдарын талдау;
 - Техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;
6. *Жаңа өнімді өндіріске енгізу туралы шешім қабылдау:*
- Жаңа өнімнің коммерциялық негіздемесі: сату көлемі, өнімнің пайдалылығы, сұранысты қанағаттандыру дәрежесі, өткізудің негізгі каналдары мен әдістері, фирманың рыноктағы имиджі, тұтынушылармен байланыстың тұрақтылығы;
 - Фирманың өндірістік мүмкіншіліктері бар ресурстарды тиімді пайдалануы және маманданған қызметкерлермен толық қамтамасыз етілуі;
 - Қаржылық мүмкіншіліктер: инвестициялар, несиелер және гранттар;
 - Жаңа өнімде патенттік қорғаныстың болуы.

Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасына сәйкес біз экономиканың шикізаттық бағытынан арылып, Қазақстанның индустрияландыруының тездетуге, машина жасау мен өнеркәсіп жабдықтарын шығаруды жолға қоюға тиіспіз. Яғни инновация – экономикалық өсуде негізгі қозғаушы күш болмақ. Әрине дамыған елдер қатарына қосылу үшін сол елдердің даму жолын зерттеп, олардың ұлттық экономикамызға тиімді жақтарын ала білуіміз қажет. Біздің елімізге әсіресе Оңтүстік Азияның бірнеше жаңа индустриялы елдерінің ұстанған саясаты ыңғайлы болып отыр. Яғни “Азия айдаһары мен жолбарысы” атанған елдер қысқа мерзімді аралықта индустриялы-инновациялы саясатты тиімді жүргізу арқылы үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Яғни, инновация – экономикалық өсуде *негізгі қозғаушы күш* болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Муканов Д. Индустриально-инновационное развитие Казахстана: потенциал и механизм реализации. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009.
2. Кокурин Д.И. Инновационная деятельность. – М.: Экзамен, 2009.
3. Исахметов Т. Механизмы совершенствования инновационной политики в современных условиях //Қаржы-Қаражат-Финансы Казахстана. – 2011.
4. Кажмухаметова А. Состав и структура инновационных затрат //Қаржы-Қаражат-Финансы Казахстана. 2011, №4.
5. Куатбаева Г., Раисов Д., Нургалиев К., Нуркянба Т. Бюджетная поддержка инновационного развития //Промышленность Казахстана. 2010, №2.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада инновацияның Қазақстан Республикасының экономикалық өсуіндегі рөлі мен маңызы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются роль и значение инновации развитие экономики Республики Казахстан.

УДК.331.0

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шотанова Г.Б. – аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Адамзат тарихының тәжірибесі, адамның еңбекке деген ең жақсы ынтасы, яғни, талаптануы, тек нарық, оның ішінде еңбек нарығы жағдайында ғана іске асатындығын көрсетті. Еңбек нарығы дегеніміз бұл ең алдымен жұмыс күшіне сұраным мен ұсыным. Әрине, бұл тым ерекше, өзгеше нарық. Жұмыс күшін реттеуде оны әкімшілік-өміршілдік әдіске қарама-қарсы әдіс деп қарауға болады. Еркін еңбек - бұл тиімді экономиканың негізі.

Еңбек нарығына барынша қабілетті және іскер жұмыскерлерді қатал, аяусыз түрде іріктеу тән. Ол жалқауларды, әлсіздерді және еңбек етуге қабілетсіздерді аямайды. Еңбек нарығы жұмыс күшін толық бағалауды қамтамасыз етеді, оның жоғары жылжымалы-лығына, қозғалысына, ширақтығына себепші болады, іскерлік пен белсенділікке ынталандырады. Нарықта жұмыс күшіне сұраным мен ұсыным заңы әрекет етеді, ол еңбекке төленетін ақының шамасын белгілейді. Бұл жерде жұмыс күшін сатушылар мен сатып алушылар кездеседі. Өзінің жұмыс күшін, яғни еңбек ету қабілетін ұсынушы жұмыскерлер сатушылар болып табылады. Еңбек ұжымдары мен кәсіпкерлер жұмыс күшінің сатып алушылары болады. Бір сөзбен айтқанда, еңбек нарығын мойындау жұмыс күшінің әлеуметтік экономикалық табиғаты және оның өндіріс құрал-жабдықтарымен қосылу тәсілін түбегейлі өзгертеді. Қазірде, біздің қоғамымызда жұмыс күшінің тауар табиғаты жөніндегі ғылыми дау негізінен аяқталды деуге болады. Еңбек нарығының әрекет ету жағдайында жұмыс күші тауарға айналады, ал оны өндіріс құрал-жабдықтарымен қосу нарықтық тәсілмен - сату-сатып алу арқылы жүзеге асады. Адамзат тарихының тәжірибесі, адамның еңбекке деген ең жақсы ынтасы, яғни, талаптануы, тек нарық, оның ішінде еңбек нарығы жағдайында ғана іске асатындығын көрсетті. Еңбек нарығы дегеніміз бұл ең алдымен жұмыс күшіне сұраным мен ұсыным. Әрине, бұл тым ерекше, өзгеше нарық. Жұмыс күшін реттеуде оны әкімшілік-өміршілдік әдіске қарама-қарсы әдіс деп қарауға болады. Еркін еңбек - бұл тиімді экономиканың негізі. Еңбек нарығы бұл тауар болып табылатын еңбек ресурстарының нарығы, бұлардың тепе-теңдік бағасы мен саны, оларға сұраныс пен ұсыныстың бір-біріне әсер етуімен белгіленеді. Кәсіпкерлер мен еңбекке қабілетті адамдар нарықтың агенттері – еңбек нарығында өзара қатынаста болады. Сондықтан еңбек нарығы сұраныс пен ұсыныстың механизмі арқылы экономикалық агенттердің арасындағы бәсекелестіктің нәтижесінде жұмыспен қамтудың белгілі көлемі және еңбек төлемі дәрежесі орнайтын экономикалық орта немесе болмыс болып табылады. Еңбек нарығы өндірістің тиімділігін өсіруге, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге осы негізде еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін елеулі көтеруге көмектеседі. Еңбек нарығы жұмыс орны мен кәсіпті таңдауға, өмір салтын қалыптастыруға, адамның экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге жол ашады. Еңбек нарығы асқан жауапкершілікті, жинақылықты қажет етеді. Мемлекет әр адамға нақтылы жұмыс

орнын дайындау міндетінен арылады, сонымен әр адам өзіне лайықты еңбек орнын таңдап алуға ерікті. Мемлекеттің міндеті еңбекшілерге тиімді еңбек етуіне қолайлы жағдай жасаумен бірге уақытша жұмыссыз қалғандарға әлеуметтік жәрдем жасау, оларды барынша қолдау және қорғау. Қазақстан Республикасында 1992 жылға дейін еңбек нарығы болған жоқ. Нарықтық экономикаға көшу осындай нарықтың болуын қарастырады. Еңбек нарығы-бұл жұмыс күшін тауар ретінде сату-сатып алу туралы экономикалық қатынастардың жүйесі.

Қазақстан Республикасындағы қалыптасып отырған еңбек нарығы нақты еңбек нарығынан өзгешелеу. Мұнда әзірше жұмыс күшін еркін сату жүзеге аспай тұр және оның болуы әкімшілік құқықтық және экономикалық факторлармен шектелуде: әлі де болса паспорттық құжаттық режим сақталуда, жұмыс күшінің еркін аумақтық құйылуын тоқтататын нақты тұрған жай нарығы болмай тұр. Мысалы, көмір және тау-кен өндіру, мұнай өңдеу аудандарында ерлер еңбегі басымдау. Себебі мұнда әйелдер еңбегін қолданатын кәсіпорында нашар дамыған, осыдан байқалатын елдегі жұмыссыздардың үштен екісін әйелдер құрайды. Еңбек нарығының қызметтері қоғам өміріндегі еңбектің рөлімен белгіленеді, еңбек табыстың және жақсы хал-жағдайдың өте маңызды көзі. Экономикалық бағыттан еңбек дегеніміз өте маңызды өндірістік ресурс болып табылады. Осыған сәйкес еңбек нарығы басты екі қызмет атқарады. Әлеуметтік функцияға адамдардың табыстары мен жақсы тұрмыс халының әдеттегідей дәрежесінің қамтамасыз етілуі және жұмыскерлердің өндірістік қабілетінің тиісті дәрежеде ұдайы өндіруінің қамтамасыз етілуі жатады. Еңбек нарығының экономикалық функциясына еңбекке рационалды тарту, оны бөлу, реттеу және пайдалану жатады. Еңбек нарығы бірсыпыра ынталандыру функцияларын атқарады, олар бәсекелестік қабілеттің күшеюіне, тиімділігі жоғары еңбекке ынтаның өсуіне, квалификацияның жоғарлауына, мамандықты ауыстыруға т.б. мүмкіндік тудырады. Еңбек нарығы-бұл өте икемді құрылымдық-функционалдық құрамы бар динамикалық нарық. Сондықтан еңбек нарығында белгілі ағымдар қалыптасады: жұмысшы күші құрамынан шығушылар, жұмысшы күші құрамына кірушілер; жұмыс іздеуден бас тартқандар; жұмыс іздеуді бітіргендер; жұмыс тапқандар және т.б. Осы адамдардың бейімділігі қоғамдағы жұмысшы күшінің нарықтық динамикасын сипаттайды. Нарық қатынастары дамыған көп елдерде еңбек нарығы әр түрлі топтағы адамдарды, әсіресе жастарды жұмыспен қамтудың жеке шараларын жүзеге асырады. Ол үшін арнайы бағдарламалар қабылданып іске асырылады. Осы мақсатта кәсіпкерлердің қатысуымен жастар үшін жалақы шығындары бөлінеді, және оларды кәсіптік мамандыққа дайындайтын шығындарды мемлекет толық өз мойнына алады. Барлық экономика үшін біртұтас еңбек нарығы болмайды. Нақты өмірде, біз көптеген, жеткілікті дәрежеде оқшауланған сегменттермен кездесеміз. Еңбек нарығы мамандықтар, салалар және территориялао бойынша бөлінеді. Бір сегменттен басқа сегментке өту үлкен шығынмен байланысты. Еңбек нарығындағы тепе-теңдік жағдайы көбінесе мемлекеттің арласуымен анықталады. Жұмыссыздыққа байланысты берілетін жәрдем ақша еңбекті ұсыну жағдайына әсер етеді. Жалақының ең төменгі мөлшері нарықтың сұраным мен ұсыным қозғалысына автоматты түрде бейімделу әрекетіне шек қояды. Еңбектің тікелей әсер етуінің арқасында жоғарғы біліктілікті еңбектің дәрежесі көтеріледі, әрбір жұмыс орнының бағасы өседі, жұмыскерге және оның еңбегіне талап күшейеді. Еңбек нарығында өте қабілетті және іскер жұмыскерлерге қатаң әрі қатал таңдау жүргізіледі. Нарық еңбекке қабілетсіздерді, жалқау әлсіздерді ешқашан аямайды. Ол еңбектің жоғары шапшандығын қамтамасыз етіп, іскерлік пен бастамшылдықты ынталандырады. Еңбек нарығы - бұл жұмыс күшін (адамның еңбек ету қабілеті) тауар түрінде сату-сатып алуға байланысты болатын экономикалық қатынастар жүйесі. Еңбек нарығы жоғары квалификациялы еңбектің беделінің сөзсіз көтерілуіне әсер етеді, осының арқасында әрбір жұмыс орнының бағасы артады, жұмыскерлерге және олардың еңбегінің сапасына деген талап күшейеді. Еңбек нарығында бірнеше

ерекшеліктер болады. Осыны құратын элементтерге жұмысшы күшін иемденетін адамдар жатады. Бұларға психофизиологиялық, әлеуметтік, мәдени, діни, саяси және т.б. адамдық қасиеттер тән болады. Осы ерекшеліктер адамдардың мүдделеріне, мотивацияларына, еңбекке белсенділік дәрежесіне елеулі әсер етеді және еңбек нарығына, оның болмысына ықпал етеді. Өндірістік ресурстардың басқа барлық түрлерінен еңбектің басты айырмашылығы-еңбек адамның тіршілік әрекеттерінің формасы, оның өмірлік мақсаттары мен мүдделерін жүзеге асыру формасы. Еңбектің бағасы-ресурс бағасының жабайы бір түрі ғана емес, ол тіршілік дәрежесінің, әлеуметтік мәртебенің, жұмыскердің және оның отбасының аман-есендігінің бағасы, құны болып табылады. Бәсекелік еңбек нарығының классикалық үлгісінің негізін мынадай принциптер құрайды: фирмалардың ынталарын бейнелейтін және еңбекке сұраныс жасайтын жұмыс берушілердің көп болуы; жұмысшы күшіне иелік ететін және оның ұсынысын жасайтын жұмыскерлердің көп болуы. Еңбек нарығындағы субъектілердің тәртібі рационалды болады, олардың мүдделеріне жетуді және пайда табуы көздегендігімен белгіленеді. Олар үшін еңбек нарығында еркін әрекет жасауына елеулі кедергілер болмайды. Жұмыс берушілер ұсынатын жұмыс орындары және жұмыскерлер ұсынатын жұмысшы күші біркелкі болады. Жұмыспен қамтудың саны мен көлемі жұмыскерлер санымен өлшенеді. Икемді нарық механизмі баға арқылы жүзеге асырылатын еңбек нарығы, жетілген бәсекелік нарығы болып сипатталады. Осындай нарықта жекелеген жұмыс берушілер, жекелеген жұмыскерлер жалпы нарықтық ситуацияға әсер ете алмайды: жалақының тепе-теңдік ставкалары жекелеген фирмалардың немесе жұмыскерлер топтарының әрекеттеріне тәуелді болмайды, олар жалпы конъюнктурамен, яғни нарықтық процестің барлық мүшелерінің жалпы өзара әсерлерімен белгіленеді. Елдің экономикалық-әлеуметтік дамуында халықтың саны ғана емес, құрамы мен құрылымының да маңызы зор. «Құрам» мен «құрылым» түсініктері бір-біріне жақын, оларды көбінесе синоним ретінде қарастырады. Дегенмен, олардың арасында айырмашылықтар да бар. Көп жағдайда құрам - құрамдас бөліктердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Құрылым - цифрлармен берілетін салыстырмалы шамалар. Халықтар географиясы қоғамдық ұдайы өндіріс және қоршаған ортамен өзара әрекеттесу процесінде қарастырылатын халықтардың санын, құрамын және орналасуын оқып зерттейді. География халықтың жыныстық және жас ерекшелігін, әлеуметтік жағдайын, кәсіби деңгейін, этникалық құрамын және діни көзқарастарын зерттейді. Бұл құрылымдар халықтың табиғи қозғалысына, еңбек әлуетіне, жұмыс күшінің саны мен сапасына жұмыспен қамтылуына әсер етеді. Өз кезегінде бұл көрсеткіштер экономиканың дамуына ықпал етеді. Еңбек ресурсын есептеуде ең бірінші жас ерекшелігіне көңіл бөлінеді. Еңбек ресурсы дегеніміз - мемлекет экономикасында жұмыс істеуге қабілеті бар адамдар. Олар үш компоненттен тұрады.

- Бірінші компонент- жасы 15-ке жеткен жасөспірімдер. (Еңбек кодексі бойынша ата-анасы рұқсат берген жағдайда) олардың жұмыс істеуіне рұқсат етіледі. Сонымен бірге олар еңбекке қабілетті жас кезеңінің алдында тұр.

- Екінші компонент - еңбекке жарамды жас кезеңіндегі еңбекке қабілетті адамдар. Еңбек ресурсының ең саны көбі де осы Қазақстандағы еңбекке жарамды жас, оның төменгі шекарасы 16 жас, ал жоғарғы деңгейі, жасына қарай зейнетке шығу (ерлер үшін 63 жас, әйелдер үшін 58 жас) жасы. Олай болса еңбекке жарамды жас ерлер арасында 16-63, әйелдер арасында 16-57. Бұл жастағы кейбір адамдар жұмысқа жарамсыз (ауруына байланысты және мүгедектер). Олар еңбек ресурсы қатарына жатқызылмайды.

- Үшінші компонент - жұмыс істеп жүрген зейнеткерлер. Еңбек ресурсы - ұдайы қозғалыста болғандықтан оның мөлшері халықтың жас ерекшелігіне және жұмыс істейтін зейнеткерлерге байланысты. Еңбек ресурсының көптеген бөлігі

мемлекетіміздің экономикасына жұмыс істесе (жұмысшылар), біраз бөлігі жұмыс іздеуде (жұмыссыздар).

Жұмысшылар мен жұмыссыздар бірігіп экономикалық белсенді халық деп аталады (ЭБХ). Экономикалық еңбекке қабілетсіз халық саны салыстырмалы түрде өте аз.

Экономикалық белсенді халық өзінің жұмыс күшін жұмысқа арнайды. Жұмыс күшіне деген сұранысты - жұмыс берушілер - кәсіпкерлер мен мемлекет анықтайды. Жұмыс күшіне деген сұранысты қалыптастыру мен ұсынысты еңбек нарығы деп атайды. Егерде жұмыс орны мен (сұраныс) жұмысшылар саны (ұсыныс) бірдей болса жұмыс нарығында тепе-теңдік қалыптасады, яғни экономикалық белсенді халық толығымен жұмыспен қамтамасыз етіледі. Егерде сұраныс ұсыныстан артық болса жұмыс күші жетіспейтін жағдай туындайды. Керісінше жағдайда, сұраныс ұсыныстан кем болса, жұмыссыздық, пайда болады. Қазақстанның еңбек нарығындағы ұсыныс - 8, 5 млн экономикалық белсенді халық. Бұл дегеніміз қомақты және сапалы жұмыс күші. Оның 2/3 бөлігі нағыз жұмысқа жарамды жаста (25-49 жас аралығы), жартысынан астамы жоғары білімді және арнайы мамандығы бар адамдар. Жартысынан астамы ер адамдар. Жұмыс күшіне деген сұранысты Қазақстан экономикасының тірегі, ірі және орташа кәсіпорындар орындайды. Оларда *3,5 млн жұмыс орны бар*. Қалған *5 млн* экономикалық белсенді халық жұмыссыз қалған сияқты. Бірақ нарықтық экономика - экономикалық, еңбек етуге бостандық берілген (заңға қайшы келмесе кез келген жұмыс түрімен шұғылдануға болады). Нәтижесінде адамдарда алға ұмтылыс, кәсіпкерлік нышандары қалыптасады. Бұрынғы кеңестік өкіметтегі жоспарлы экономикадағыдай емес жұмыстың басқа түрлері, әсіресе орта және кіші кәсіпкерліктер қалыптасады. Бұл салада 2 млн адам жұмыс істейді (жеке кәсіпкерлер, фермерлер, кіші кәсіпорын жұмысшылары).

Мемлекетіміз қоғамның дамуына, оның баюына мүмкіншілік беру үшін кіші және орта бизнес өкілдеріне қолдау көрсетуде. Еңбекші халықтың көп бөлігі - өзіне жұмыс істейтін жеке жұмысшылар. Мұндай жұмыс ұдайы пайда әкелмейді. Бірақ тұрмыс тіршілігіне байланысты әр түрлі іспен шұғылдануына тура келеді. Қазақстан нарығындағы жұмыс күшіне деген бәсекелестік (конкуренция) шетелден келетін жұмысшылар тарапынан да болуда. Экономиканың қарқынды даму жолдарында гастарбайтерлер (шетелден келген жұмысшылар) саны глобализациялау деген ұғымның нәтижесінде күрт көбейіп кетті. Жұмыс орындарының және түрлерінің көбейгеніне қарамастан жұмыс орнына деген сұраныс көбеюде. Экономикалық белсенді халықтың 7%-ға жуығы (0,5 млн адамнан астам) әлі күнге дейін жұмыссыздар. Қазақстандық жұмыссыздардың бүгінгі күнгі көрінісі мынадай: жасы 16-29 аралығындағы, жалпы орта білімі бар, бір жылдан артық уақыттан бері жұмыссыз отырған қала тұрғыны. Жұмыс нарығына елеулі әсер етуші мемлекет, оған жұмыс орнының 1/4 бөлігі тиесілі. Мемлекет жаңа кәсіпорындардың; пайда болуын қолдай отырып жұмыссыздарды қайта дайындау курстарына жіберуде. Жұмысқа орналасу жұмысшының бәсекелестікке қабілеттілігіне де байланысты. Бұл жерде негізгі рөл жұмысшының кәсіби білімділігіне, жаңа мамандықты игеріп кету қабілетіне байланысты. Мамандықтың түрлерін көбірек меңгерсең, соншалықты жұмысқа орналасу мүмкіншілігің жоғарылайды. Сондықтанда, міндетті түрде Қазақстандағы еңбек нарығының ерекшеліктерін ескерген жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. "Жалпы экономикалық теория" Шеденов.Ө.Қ. Астана 2004ж. 88-100 бет.
2. Байболова Н.Қ. «Қазақстандағы жұмыспен қамту мәселелері», Саясат-2005 №4-
3. Еңбек және халықты элеуметтік қорғау министрлігінің статистикалық мәліметтері, «www.enbek.kz».

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстандағы қалыптасып отырған еңбек нарығының өзгешеліктері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются формирующиеся особенности рынка труда в Казахстане.

К Ә С І П Т І К Б І Л І М

ҰЛТТЫҚ ЕРЛЕР ШАПАНЫНЫҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОНСТРУКЦИЯСЫН ЖАСАУ

Алашабаева У. Н. - ғылым магистрі, оқытушы
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазіргі таңда ұлттық киім үлгілерінің бірі – шапан ең көп тараған, аса қастерлі, кәделі сырт киімдерінің бір түрі. Зерттеулерге сүйенсек, кіші жүздің шапандары шалғайлы, жеңдері кең, жүн тартқан, бидайланған қалың, қайырма жағалық болып келеді. Орта жүздің шапандары көбінесе бір беткей матадан, сырусыз, етектері шалғайлы, жеңдері кең, жағалары түймелі болып келсе. Ал ұлы жүздің шапандары көбінесе жолақты, сырмалы, жеңдері ұзын, ашық жағалы келеді. Ертеде үш жүздің қайсысында болса да шапанға үлкен мән берген және оны барлық жерде жабу деп атайды. Демек, осы аймақтық айырмашылықтарына қарай, олардың бәріне бірдей ортақ, ұлттық мәнер мен қазақша атаулары барын білеміз.

Шапанның басты ерекшелігі жағасы, өңірі, жең ұштары әдемі ұлттық ою-өрнектелуінде. Шапанның негізгі, дәстүрлі пішімі: ұзындығы тізеден сәл төмен болып, жеңінің ұзындығы саусақ ұшын жабуы керек. Қазақ шапандарының алдыңғы екі өңірі, артқы бойы, екі жеңі және жағасы ойылып пішіледі. Бел жағы тарлау келеді. Шапан жеңінің екі беті бір-ақ қиылады. Жең түптері кең келеді де, оны жең түп, ойынды, қолтырмаш деп атайды /1, б.138/.

Шапандар жаға қондыру мәнеріне қарай тік жағалы, қайырма жағалы және мойынды айналдыра қаусыра келген орама жағалы болып бөлінеді. Шапанның пішілуіне қарай сырмалы шапан, қаптал шапан, қималы шапан, кең қолтық ұзын жең шапан, зер шапан, оқалы төре шапан деген қымбат түрлері бар. Ондай шапанның екі өңірі мен жеңіне, қайырма жағасына зер ұсталады немесе өрнекпен әшекейленеді.

Ал күнделікті тұрмыс барысында киілетін сырттық шапандардың тыстары берік, аса қымбат емес маталардан жасалады. Оның жағасын кеспе үшкір орама жағалы етіп, қалтасыз және әшекей ою-өрнек салмай тігіледі.

Киімнің ішінен киетін ерлерге арналған іштік шапан делінетін жұқа, қысқа шапан түрлері бар. Ұзындығы тізеден жоғары, басқаларына қарағанда шолақтау келген, көбіне тік жаға салынған, денеге қонымды тар етіп тігілген ішкілік шапан. Бұл шапан түрін ішік, тон, күпі сияқты сырттық киімдердің ішінен киеді. Сондықтан оған белбеу буынбайды, бар болғаны екі-үш түйме қадайды. Ауыл арасына қыдырғанда сырттық шапан орнына жүрсе, суық кезде ішке киетін шапан орнына жүреді. Қаптал шапан - бір етегінің ұзындығы тізеге дейін, кейде одан да төменірек түсіп тұратын, жазда киетін жағасыз, жұқа шапан түрі.

Қазіргі заманда шапанды тұтынуға ыңғайластырып жеңін қысқа етіп тігеді. Жеңі шынтаққа дейін жететін қысқа жеңді шапанды тірсек жең шапан деп атайды. Іштік шапанның бұл түрін орта жастан жоғары әйел, еркек азаматтар киеді, екі жамбасында қалтасы, кейбіреулерінде омырау қалта да болады. Ерлерге арналғанының жағасы тік, қайырма жаға салынады да ою, өрнек, кестелеу, әр түрлі су түрлерімен өңірін, етегін сырып та тігеді.

Қоғамның дамуына байланысты, кәзір әшекейлену мәнеріне қарай шапандар ерекше дараланады. Еркектердің шапандары өте асыл құнды матадан орама жағалы етіп, кең, ұзын бүтіндей ен бойымен немесе жағасы, етегі, өңірі айналдыра кестеленеді. Кейде жиегіне әдемі болу үшін бағалы аң терілерінен, бұлық (түрлі матамен көмкеру) немесе жұрын салынады.

Конструкциялық ерекшеліктері: ерлер шапаны жеңінің пішімі жейде жеңінің пішіміне ұқсас пішіледі. Жейде жеңінің пішімі иығының ұзартылуымен, жеңнің қолтық асты енін үлкейтуге мүмкіндік беру үшін жең түбі мөлшерінің сәл ғана үлкейтілуімен сипатталады. Осының бәрі адамның қимыл-қозғалысына барынша қолайлылық тудыру мақсатында жасалады. Артқы бойдың иық тігісі бойынша бұйымның денебітімге қонымдылығын қамтамасыз ететін бүкпе жобаланады. Шапан қаусырылады (қапсырма мөлшері бсм) және жібекпен жасалатын құшақ белбеумен белбеуленеді /2, б.25/.

Жиектеуге ыңғайлы болу үшін өңірі және тіліктері бойынша шапанның төменгі қиықтары дөңгелектеп қиылады.

Конструкцияны құру барысында оны есептеу үшін типтік денебітімнің 176-100-88 өлшемдік белгілері алынады (1-кесте), силуэтіне және модельдік ерекшеліктеріне бірқатар өзгертулер енгізіле отырып, бөлшек сызбаларын құру үшін есептеулер (2-кесте) орындалады.

Шапанның басты конструкциясын алу үшін конструкция сызбасына мынадай модельдік ерекшеліктер енгізіледі(1-сурет).

- өңір шеті сызықтары белгіленеді;
- мойын ойындысының алдыңғы сызықтары реттеледі;
- қиылған тіктеме-жаға құрылады;
- тұтас пішілген қаттама құрылып аяқталады.

Конструкция (176-100-88) құру үшін қажетті өлшемдер (см)

1-кесте

№ к/с	Өлшемдік белгілері	Шартты белгілер	Мөлшері
6	Емшек нүктелерінің биіктігі	Бе.н.	128,7
7	Бел сызығының биіктігі	Бб.с.	109,9
13	Мойын айналымы	Ам	41,0
14	Кеуденің бірінші айналымы	А _{к1}	102,3
15	Кеуденің екінші айналымы	А _{к2}	104,0
16	Кеуденің үшінші айналымы	А _{к3}	100,0
18	Бел айналымы	А _{бел}	88,0
19	Қарын шығынқысы есебіндегі мықын айналымы	А _{мык}	103,8


28	Иық айналымы	A_u	32,2
31	Иық ылдиы ені	E_u	15,5
35	Кеуде биіктігі	Бк	35,3
36	Белдің алдыңғы ұзындығы	Ұал.б	55,6
40	Арқаның белге дейінгі ұзындығы	Ұар.б	45,5
41	Иықтың қиғаш биіктігі	$B_{u.k.}$	48,9
60	Иықтың қиғаш алдыңғы биіктігі	$B_{u.k.al}$	45,5
43	Бел сызығынан мойын түбіне дейінгі ара қашықтық	Ұар.б.б.	50,1
61	Мойын түбі нүктесінен белдің алдыңғы сызығына дейінгі ара қашықтық	Ұал.б.б.	
45	Кеуде ені	Ек	38,3
46	Емшек нүктелері арасындағы ара қашықтық	Ок	22,7
47	Арқа ені	Еар	40,7
62	Шынтаққа дейінгі қол ұзындығы	Ұшын к.	33,8
69	Қолдың вертикалдық диаметрі	Дк.в	13,0
58	Кеуденің екінші айналымының алдыңғы – артқы диаметрі	Дкаа	26,0
111	Бел айналымының алдыңғы –артқы диаметрі	Дбаа	23,5
112	Мықын айналымының алдыңғы –артқы диаметрі	Дмық.аа	28,1

Шапан бөлшектерін құруға арналған есептеулер

2-кесте

Әріптік көрсеткіш	Есептеу формуласы	Нәтежесі, см
T A _o	$Ұар.б + Құар.б. + A_3$	47,0
T Б	$0,5Құар.б - 22,5$	19,7
A _o A	Қар.мо.ж	1,0
A _o У	$0,3 Ұар.б$	13,4
A Н	$Ұбүй + A_3$	12,0
A A ₁	$ЖАМ/3 + Қар.мо.е.$	8,8
A ₁ A ₂	$0,15ЖАМ + Қар.м.б.$	3,2
	$Eи + K_{Eи}$	17,0

	$(Бк.и-1,5)+Қарж+0,5*Қи.үз.+A_3$	50,5
A Гс	Барт.ко+Қкоер	28,4
Гс Г	Еар+Еко+Еал	67,0
T ₄ T ₆	Ок+Қко	12,4
Г Г ₁	Ок+Қко	
Г Г ₁	A A ₁	8,8
T ₆ Г ₁ A ₃	Ұал.б.1+/Ұар.б./-/ (Ұал.б.1факт-Құар.б- A _{3р.}) /+Қар.б.ұ+A _{3ал.}	49,3
A ₃ A ₁	A A ₁ +0,5	9,3
A ₁ A ₅	A ₃ A ₄	9,3
	A ₂ П	17,0
	$(Бал.и.к.+1,5)+Қал.и.+0,5* A_3$	51,8
Г ₅ Г ₈ = Г ₈ Г ₆	0,5* Г ₅ Г ₆	8,3
Г ₅	0,15*E _u +1	3,4
Г ₆ 2	0,15*E _u	2,4
	Жең құрылымы	
O ₁ O ₂	0,15ЖАк+Қарко	11,0
O ₁ Н	Ұжең +1+A ₃	65,0
H ₁ H ₂ = H ₁ H ₃	0,5(Абіл+Қбіл)	19,0
P ₁ P ₂	Ам =Қ ар	53,0
1-11		1,3
3-31		0,7
1-11		1,2
6-61		1,7



1-сурет. Шапан конструкциясының модельдік ерекшеліктері

Қазақ халқының этно-белгісін білдіретін ұлттық киімнің бірі ерлер шапанын қортындылай келе, көне заманнан бері шапан өзінің пішілу конструкциясын, тігілу

технологиясын өзгермегенін байқауға болады. Бүгінгі күні кейбір сәнгерлер шапанның стилизациясын өзгертсе де, олар ұлттық нақышты сақтап қалуға тырысады. Ежелден келе жатқан ұлттық киімді ұрпақтан-ұрпаққа сақтап қалу үшін оның жаңа модельдерін қазіргі заманға сай тігіп, дәстүрді жалғастыруымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.С. Ахметжанов. Қазақы шапан // Ана тілі. 1994 ж.№31. 5-б.
2. С. Асанова Ұлттық киімдерді жобалау.-Астана,2008.-120 бет.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада қазақ халқының этно-белгісін білдіретін ұлттық киімнің бірі шапанның пішілуі, конструкциясы жайлы жазылған. Сонымен қатар шапанды тігуге қолданылатын маталар және олардың ерекшеліктері де көрсетілген.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются конструкция, раскрой чапана, как символ этноисторической одежды казахского народа. И вместе с тем, показаны какие материи используются для шитья чапана.

МАГИСТРАТУРА

ЮВЕНАЛЬДЫ ӘДІЛЕТ ЖҮЙЕСІ – КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҒЫН АЛДЫН АЛУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Абдешова А.А. – 1 курс магистранты (Алматы қ., АГТУ)

Әлемдік саясат жағдайындағы халықаралық құқық: адам құқықтарының қорғалуындағы өзекті мәселелерінің бірі ретінде Ювенальды әділет жүйесінің жұмыс жасау механизмдерін, осы саладағы әлемдік тәжірибені қаперге ала отырып: Қазақстан Республикасында ювенальды әділет институтының дамуының жеделдету жолдарын, мемлекеттік механизм жүйесіндегі қызметінің тиімді нысандарын ұсыну;

Қазіргі таңдағы Әлем бойынша Адам құқықтарының, әсіресе кәметке толмаған жасөспірімдерге қатысты құқықтарының қорғалуы, сонымен қатар өз елімізде кәметке толмағандар құқығын қорғау саласындағы халықаралық құқық ережелерінің орындалуын, толықтай қамтылуының өзекті болуы.

Соңғы жылдары Қазақстанның экономикалық, мемлекеттік қоғамдық саяси сферасы күрделі өзгерістерге ұшырады. Бұл өзгерістер еліміздің әр түрлі әлеуметтік құрылымына әр қалай әсерін тигізді, сонымен қатар жастарға да. Жастар қоғамымыздың ең маңызды бөлігі. Кәметке толмағандардың құқығын қорғау, арнайы мамандандырылған соттық органдары қалыптастыру, балалардың құқығын қорғау, әлеуметтендіру жүйесі мен жас өспірімдер мен балаларды қайта тәрбиелеу, оңалтуда Мемлекет басшысы Жарлығымен Қазақстан Республикасында ювенальды әділет жүйесін дамытудың 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасын мақұлданды. Алғашқы болып балалар соты АҚШ да 1899 жылы Чикагода құрылды. Кейінірек Ұлыбританияда 1908 жылы жастар мен балалардың құқығын қорғау жөнінде заңдар

қабылданып, ювенальды әділет жүйесі өз жалғасын тапты. 1914 жылы АҚШ тәжірибиесіне сүйене отырып, Францияда алғашқы ювенальды сот өз жұмысына кірісті. Қазіргі таңда бұл жүйе әлемнің 60 елінде жұмыс істейді және осы уақыт аралығында бірнеше моделі қалыптасты: американдық, континенталдық және скандинавиялық.




Ювенальды әділет жүйесін дамыту мемлекеттің әлеуметтік - құқықтық саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады;- қылмыстық сот төрелігі жүйесінде жасөспірімдермен жұмыстың әдістерін өзгертудің, қылмыстық және азаматтық процесс шеңберінде тәжірибеде кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін көптеп сақтаудың қажеттігінен туындап отыр.

Құқық бұзушылық субъектісі ретінде заңда белгіленген жасқа жеткенге дейін кәмелетке толмаған келтірген әлеуметтік зиянға сәйкес теріс сипаттағы мәжбүрлеу шаралары оған қолданылмайды.

Әкімшілік жауапкершілік сияқты қылмыстық жауапкершілік те 16 жастан, тек қорғалатын объектілерге қол сұғудың қауіптілігі мен ол объектінің маңыздылығымен негізделген кей әрекеттер үшін 14 жастан басталады. Қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке қылмыс жасау сәтінде 16 жасқа толған адам тартылады. Көптеген мемлекеттің қылмыстық заңдарында кәмелетке толмағандар мен жастарға қылмыстың жеке түрлері бойынша, қылмыстық жауапкершілік көзделгенімен бұл әлеуметтік топты анықтайтын жас шегі барлық жерде бірдей емес.

Мысалы: Швейцарияда қылмыстық жауапкершіліктің бастапқы шегі - 7 жас, Жапонияда - 14, Ұлыбританияда (кейбір графтықтарда) - 10, Латвияда - 12, Польшада - 15, Ресейде - 14 жас.



- 14 (немесе 15, 16) жастан 18 жасқа дейінгі қылмыстық жауаптылық белгілі жағдайлармен шектеледі, яғни қоғамға үлкен қауіп келтірмейтін қылмыс жасалғанда тәрбиелік әсері бар шаралар қолдануды білдіреді (бұл институт Чехияда, Венгрияда, Румынияда және басқа да елдерде бар). Югославияның 1976 жылғы Қылмыстық Кодексі кәмелетке толмағандарды: төменгі жастағы кәмелетке толмағандар (14 – 16 жас) және үлкен жастағы кәмелетке толмағандар (16-18 жас) деп бөледі.

Қазақстанда кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде оның тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік беретін ювенальды әділет элементтерін кезең-кезеңмен енгізу және дамыту көзделген. Бұл әділет, ішкі істер, білім беру және ғылым органдарында, соттарда, прокуратуралар мен адвокатурада кәмелетке толмағандармен жұмыс бойынша мамандандырылған бөлімшелер құруды қамтиды. Десек те, қазіргі таңда бұл сала бойынша біраз жылдар тәжірибиесі бар елдерге көз жүгірсек:

Жапон елінде: 1947 жылы отбасылық сот жүйесі енгізілген. Отбасылық сот жүйесінің өміршең екеніне дәлел Бұл бірден бір мемлекет. Жапон еліндегі отбасылық соттың іс жүргізуінің негізі болып:

1. отбасылық құқық жөнінде кешенді сұрақтарды талқылау, кәмелетке толмағандардың қызығушылығын және құқығын қорғауға байланысты, сонымен қатар бақылау қадағалау жұмыстарын жүргізу, кәмелетке толмағандарды қорғауға алу, жеткіншек оқушыларды оқыту қайта тәрбиелеу, отбасылық жағдайды жақсарту;

2. кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын алдын алу;

3. ересектер тарапынан жасөспірімдерге, кәмелетке толмағандарға қарсы жасалаған қылмыстары;

Жапониядағы отбасылық сотта көмекші қызметіндегі арнайы мамандардан тұратын жүйе қалыптасқан, олар «кәмелетке толмағандардың әлеуметтік тұлғалығын» зерттейді. Бұл арнайы топтың құрамына: әлеуметтік қызметкерлер, психологтар, психиатрлар, арнайы кеңес берушілер және т.б. кіреді. Бұлардың барлығы құқық бұзушылықтың болу себептері, оларды алдын алу, сонымен қатар ажырасудың себептері мен оларды қайта табыстыру мақсатында жұмыстыр жүргізеді.

Швейцарияның тәжірибиесі:

Швейцариядағы пробацция қызметі соттық жүйеге қатысты емес, бірақ құқық бұзушы кәмелетке толмағандарды қайта тәрбиелеуде өзіндік тиімді дәрежесін жоғалта қоймайды. Швейцарияда құқық бұзушы жасөспірімдерді бас бостандығынан айырғаннан гөрі, оларды қайта тәрбиелеу мен қоғамға толыққанды азамат болып оралуына өзіндік альтернативті жолдары арқылы шешуде: олар құқық бұзушы кәмелетке толмағандарды қоғамдық жұмыстарға тарту, госпитальде, хоспиаста, религиялық шіркеулерге көмекші ретінде, саябақтарды, демалыс орындарын тазалауға жібереді.

Ресей елінде: Жалпы алғанда атап өту керек, Ресей елінде де ювеналды әділет жүйесі қиын кезеңді, яғни жаңадан қалыптасу кезеңінен өтті. Бұл жүйені дамытуда Ресейдің төмендегі тәжірибебиесіне көңіл аудару керек:

1. Негізгі қалаларында Ювенальды әділет жүйесінің орталықтары құрылған, олардың құрамына заңгерлер (сонымен қатар соттың төрағалары, психологтар, студенттер қатарынан құрылған белсенділер) қызмет етеді. Жан жақты ақпаратты зерттеу тәжірибебиесі жинақталуда. Ювенальды әділет жүйесін түсіндіру, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың болу себептері мен алдын алу мәселелері жөнінде арнайы жастарға арналған заң газеті шығарылуда, семинарлар мен тренингтер, медиациондық процес (қайта табыстыру процедуралары) жүргізіледі. Қайта табыстыру процедурасын негізінен шет елдік мемлекеттердің жұмыс тәжірибебиесіне сүйене отырып судьялар жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік қызметкерлердің жұмысын әр тараптандыру; ең бірінші бұл әлеуметтік қызметкерлердің ювенальды әділет жүйесінде қатысуының тәжірибебиесін жинақтау Ростов облысында БҰҰ бақылауында болып, бір жылдан соң жұмыс нәтижесін анықтау мақсатында мониторинг жүргізілді. Содан соң « әлеуметтік қызметкерлерді осы сала бойынша судья көмекшісі» етіп тағайындалды.

3. Құқық бұзушы кәмелетке толмағандарға сот тарапынан белгілі бір шектеулер қойылады. Сот өз кезегінде міндеттейді кітаптар оқуға, кітапханаға жиі барын қадағалау, кей кездері кәмелетке толмағандарды көшелерді тазарту мен көгалдандыру жұмыстарына да тартылған.

« Әлеуметтік қызметкер » жөнінде тұжырымдама мақұлданған.

Барлық жоғарғы оқу орындарында, әсіресе заңгерлерді дайындайтын ЖОО да арнайы «Ювенальды әділет жүйесі» атты пән енгізілген.

1. Жоғарыда келтірілген мемлекеттер тәжірибебиесін негізге ала отырып: ювенальды әділет жүйесінің маңызды буыны құқық қорғау органдарындағы, кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуы мен құқық бұзушылықтарының алдын алу жүйелері мекемелеріндегі, адвокатура және құқық қорғау ұйымдарындағы мамандандырылған құрылымдармен өзара тығыз әрекет ететін мамандандырылған (ювенальды) сот болуы тиіс, бұл әрі жеткіншек сот ісін жүргізу шеңберіне түспес бұрын да, сондай-ақ ұйым шығарылғаннан кейін де жүруі керек.

2. Кәмелетке толмағандар үшін сот төрелігінің мақсаты - баланы қоғамнан айыру емес, оның жеке басының одан әрі қылмыс құрығында болуына жол берместен әлеуметтік оңалуына жәрдемдесу.

Ювенальды әділет жобасын іске асыру қылмыстық сот ісін жүргізу тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Тәжірибенің оң салдары кәмелетке толмағандарға қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шараларын қолданудың елеулі қысқартылып, жасөспірімді ата-аналарының, қамқоршыларының бақылауына беру секілді шараларды қолдануды көбейту бола түседі.

✚ Соттар кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айырумен байланысты емес балама жаза түрлерін қолдану;

✚ Мамандандырылған (ювенальды) соттар қызметінің оң тәжірибесін тарату мақсатында осындай соттарды еліміздің барлық аумағында құру;

✚ Ювенальды әділет жүйесінің маңызды құрамдасы, сонымен қатар кәмелетке толмағандар мүддесіндегі өзіндік міндеттерді шешетін арнайы әлеуметтік қызметтердің іс-әрекеті болмақ, сондықтан әлеуметтік қызметкерлердің функциясын қайта қарау;

✚ Прокуратура органдарында кәмелетке толмағандар туралы қадағалауды ұйымдастыру бойынша мамандандырылған бөлімшелер, кәмелетке толмағандарға мемлекет кепілдік беретін білікті заң көмегін көрсететін мамандандырылған жаңа ювенальды заң консультацияларын құру;

✚ Қылмыстық-атқару инспекцияларында кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі маман-инспектор лауазымын енгізу;

✚ Балалардың құқығын қорғау жөніндегі өңірлік органдардың (балаларға және мүгедек балаларға арналған интернат мекемелерінің, кәмелетке толмағандарды және басқаларды уақытша оқшаулау және оңалту орталықтарының) қызметін жақсарту жөніндегі шараларды

Соттар кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айырумен байланысты емес балама жаза түрлерін жиі қолдана бастайды деген ойдамын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мельникова Э.Б. Ювенальная юстиция: уголовного права, уголовного процесса и криминологии: учеб. Пособие. М.: Дело, 2000. С 272.
2. Вопросы ювенальной юстиции. 2006. № 4(9); Федеральный научно – практический журнал. ИГ «Юрист». 2006. С 9.
3. «Қазақстан Республикасында ювенальды әділет жүйесін дамытудың 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы.» // "Егемен Қазақстан" 2008 ж. 27 тамыз, N 263-266 (25236).

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ювенальды әділет жүйесін кәмелетке толмаған жасөспірімдердің құқық бұзушылығының алдын алудың негізі ретінде қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается ювенальная система юстиции, как основной фактор профилактики несовершеннолетних.

ОСНОВНЫЕ СТРАТЕГИИ ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ

Алдабергенов Т. – магистрант (г. Алматы, Университет «Туран»)

Как это ни парадоксально в современном мире немалое число компаний не применяют стратегии, соответственно у них нет стратегического планирования и стратегического менеджмента, призванного их реализовывать, то есть значительное количество фирм живут одним днем в лучшем случае, планируют свою деятельность на один-два шага вперед. К числу таких компаний кроме малых предприятий, значительного количества средних предприятий, которые «не доросли» до решения стратегических задач, относятся и некоторые крупные компании, и даже крупнейшие корпорации. Такие предприятия удовлетворяются поддержанием и повышением операционной эффективности. Такой подход в условиях повторяющихся кризисов кажется довольно странным.

Одной из причин отсутствия стратегий у фирм, которым они, казалось бы «положены» по статусу, является боязнь топ-менеджментом того, что разработанная им и принятая владельцем (высшим руководством) бизнеса, стратегия окажется ошибочной, а результатом ее реализации окажутся катастрофическими. Причиной может быть также и отсутствие достаточно полной информации о рынке и недостаточность ресурсов, необходимых для разработки качественно, на высоком профессиональном уровне выполненной стратегии.

М.Портет в статье «Что такое стратегия?» отмечает, что даже успешные японские корпорации часто не имеют стратегии, что они копируют действия друг друга.

Трудно оспаривать мнение Портера, но надо учитывать традиционную закрытость, присущую представителям Японии их особенный менталитет и может оказаться на самом деле, что японских компаний, не имеющих стратегии на самом деле меньше, чем считал этот исследователь систем управления. Кроме того, на наш взгляд успешность японских компаний из числа тех, что не имеют стратегий – скорее исключение из правил. А правилом в современной экономике является следующее: чем лучше стратегия и ее выполнения – тем лучше результаты деятельности предприятия.

Указанное правило базируется на следующих вещах. Выработка стратегии предполагает глубокий анализ, т.е. обогащение знаниями. Таким образом, стратегическое мышление – это способ стать лучше. А ведь известно что «кто не стремится стать лучшим, не сможет даже выжить». Далее, стратегия, основанная на точном рыночном позиционировании, на выборе и сочетании внешних и внутренних видов деятельности, на сознательном самоограничении рыночного предложения и использовании аутсорсинга, нередко позволяют фирмам добиваются таких экономических результатов, которые недоступны конкурентам.

Кроме всего прочего, убедительным доводом в пользу обязательности в нынешней экономической действительности использования предприятиями решения проблем своего дальнейшего развития стратегий, является пример многих и многих компаний, истории постепенного превращения незаметных ранее предприятий в корпорации с мировым именем. Это вполне согласуется с определением стратегического менеджмента: стратегический менеджмент есть процесс планирования, определения и осуществления деятельности организации в долгосрочной перспективе.

Возникновение стратегического менеджмента в виде отдельной науки и направления управленческой деятельности было связано с осознанием к 1960-х годам корпорациями (прежде всего в США) того факта, что в мировой экономике сложились совершенно иные условия, что проявлялось во-первых, в технологических скачках, обеспеченных научно-техническим развитием, в необходимости прогнозирования появления и использования прорывных проектов в перспективе; во-вторых, в насыщении рынка товаров и услуг в развитых странах, что привело к усилению конкуренции; в-третьих, началом процесса глобализации рынков, возникновением транснациональных корпорации, что увеличивало неопределенность в бизнес-среде. В связи со всем этим, с указанного времени корпорации не могли довольствоваться лишь оперативным планированием и функциональным менеджментом.

Основным моментом рассматриваемого нами процесса является стратегия, выработка которой является комплексным вопросом, входящим в такое понятие как стратегический выбор. Стратегический выбор включает в себя взаимосвязанные элементы, последовательно вытекающие друг из друга: миссия – (генеральная цель) – основные цели – стратегия – стратегические задачи – программы – ресурсы. Порядок расположения приведенных элементов демонстрирует срединное положение стратегии. Миссия и цели помогают сформулировать стратегию, в свою очередь, из содержания которой вытекают решаемые задачи, реализуемые программы и задействуемые для всего этого ресурсы (обеспечивающие выполнение принятого стратегического выбора).

Разработка стратегий, стратегическое планирование и стратегический менеджмент являются сторонами единого направления долгосрочного существования (развития предприятия) посредством запуска механизма реализации стратегий. Это хорошо видно из схемы процесса стратегического планирования, на приведенном рисунке.




Рис1. Процесс стратегического планирования

В создании и выполнении стратегии, имеющей ярко выраженную плановую направленность («мышление вперед», «движение к будущему»), роль планирования и менеджмента, как частей единой управленческой деятельности, одинаково важна.

Формулирование стратегии компании начинается с формулирования ее миссии. Эта формулировка должна отличаться лаконичностью, яркостью, легкостью восприятия. Она должна быть сфокусирована, прежде всего, на потребителе. Сформулированная миссия должна включать такие моменты, как круг удовлетворяемых потребителей, характеристика продукции или услуг компаний и её конкурентных преимуществ, перспектива роста бизнеса. Все это есть на наш взгляд в миссии компании Хегох: «От копировальной техники – к офису будущего»

Следующим шагом в разработке стратегии является создание и изложение философии компании. Философия должна отражать принципы, призванные обеспечить реализацию миссии. В принципах отражается оценка имеющихся у компании возможностей; соответствие стратегии этим возможностям; индивидуальность и неповторимость стратегии компании, позволяющую надеяться на высокие результаты и открытие новых возможностей; оправданность риска, заключенного в стратегии и адекватность риска возможным результатам; согласованность стратегии с интересами работников.

Детализация миссии и философии компании находит отражение в определяемых для нее целях, например:

1. Рейтинг среди конкурентов по объемам производства, продаж, прибыли, капитализации.
2. Доля участия инноваций и инвестиций в развитии компании, возможность технологического лидерства
3. Повышение качества товаров и услуг
4. Диверсификация деятельности
5. Размер дивидендов
6. Повышение уровня сервисного обслуживания населения

Разработка стратегии компании предполагает проведение серьезной исследовательской работы, проведения анализа на предмет оценки положения компании, шансов и рисков. Это этап, предвещающий создание стратегии. При этом учитываются факторы макросреды, т.е. внешней среды (экономическая политика государства, уровень развития производства по данному направлению в стране, поставщики, потребители, внешнеэкономический фактор) и факторы микросреды.

Указанная аналитическая работа использует такой, ставший уже традиционным инструмент, как SWOT-анализ. Он, как известно, предполагает проведение исследования по следующим направлениям: сильные стороны, слабые стороны, угрозы и возможности. Должна составляться матрица, содержащая данные анализа по указанным пунктам. Вслед за этим определяются стратегические зоны хозяйствования с учетом: размера рынка, платежеспособного спроса, барьеров входа на рынок, наличия и состава конкурентов, существующих каналов сбыта, условий государственного регулирования рынка.

Таков обязательный алгоритм шагов, действий, позволяющих выработать достаточно эффективную стратегию. Однако немало случаев, когда в компаниях анализ

проводится поверхностно, формально, ценность проведенного таким образом, анализа, в частности SWOT-анализа, естественно не велика и он вполне может быть бесполезным, если осуществлено не надлежащим образом, т.е. глубоко и всесторонне.

В последние годы становится все более популярным STEEP – анализ, применяемый наряду с указанным выше видом анализа. STEEP анализ пришел из такой области менеджмента как «управление изменениями», причем там он содержал в своей аббревиатуре четыре буквы, где S – исследование социальной сферы, T – технологической E – экономической, P – политической. Добавочное E появилось сравнительно недавно и обозначает сферу вопросов экологии, связанных с данными бизнесом, с конкретным проектом, с предполагаемой стратегией.

Казахстанский рынок в настоящее время вступил в стадию, когда отсутствие разработанной стратегии мешает предприятиям в их работе. Механизм стратегического управления в современном Казахстане, находится в стадии становления, и быстрые изменения внешней среды отечественных предприятий стимулируют появление все новых методов, систем и подходов к управлению.

Для современной экономике характерна усиливающаяся нестабильность внешней среды: события становятся все более непривычными и неузнаваемыми; повышаются темпы изменений, которые значительно превосходят скорость ответной реакции предприятия; возрастает частота появления неожиданных событий, внезапных изменений, их непредсказуемость. В таких условиях становится невозможным осуществлять управление путем реакции на уже возникшие проблемы на основе предшествующего опыта или его экстраполяции: для современной и эффективной ответной реакции необходимы предвидение, исследования и творчество.

Поскольку большинство казахстанских предприятий работают в быстро изменяющемся и трудно предсказуемом окружении, все более увеличивающейся конкуренцией не только внутри страны, но также и на международных рынках, они нуждаются в методах стратегического планирования, хотя часто и пренебрегают этим. Эти методы требуют использования специфических моделей принятия и реализации стратегических решений. К наиболее известным моделям можно отнести: стратегическое планирование, выбор стратегических позиций в конкуренции, управление на основе ранжирования стратегических задач, управление по слабым сигналам и др.

Таким образом, внутрифирменное планирование является важнейшей составной частью свободной рыночной системы, ее основным саморегулятором. Взаимодействуя на микроуровне с такими экономическими науками, как маркетинг, организация производства, управление предприятием и многими другими, внутрипроизводственное планирование позволяет находить ответы на фундаментальные вопросы рыночной экономики. Эти главные вопросы современного рынка, определяющие, в сущности, основное содержание внутрихозяйственного планирования и всей рыночной экономики в целом, заключается в следующем.

Стратегическое планирование является важнейшим фактором успешного выживания в усложняющихся рыночных условиях, но, тем не менее, многие организации не используют его в своей деятельности, что и приводит их зачастую к поражению в конкурентной борьбе.

В современном планировании выделяют следующие основные направления в области стратегического планирования:

- Техничко-экономическое планирование предусматривает разработку целостной системы показателей развития техники и экономики предприятия в их единстве и взаимозависимости, как по месту, так и по времени действия. В ходе данного этапа планирования обосновываются оптимальные объемы производства на основе учета взаимодействия спроса и предложения на продукцию и услуги, выбираются

необходимые производственные ресурсы и устанавливаются рациональные нормы их использования, определяются конечные финансово-экономические показатели и т.п.

• Оперативно-производственное планирование представляет собой последующее развитие и завершение технико-экономических планов предприятия. На данном этапе планирования устанавливаются текущие производственные задания отдельным цехам, участкам и рабочим местам, осуществляются разнообразные организационно-управленческие воздействия с целью корректировки процесса производства и т.п.

Всякое внутрифирменное планирование предусматривает обеспечение необходимого развития тех или иных производственных объектов, экономических систем или предприятия в целом. В развивающейся рыночной экономике, поэтому значительно возрастает роль внутрихозяйственного планирования на всех отечественных предприятиях. Высокая степень экономической свободы в плановой деятельности предполагает не только практической работы на всех фирмах и предприятиях, но и развитие научных знаний и совершенствование самой теории внутрихозяйственного планирования. В частности, требуется расширение существующей классификации систем, видов, принципов и методов планирования. На наш взгляд, все виды внутрифирменного и корпоративного планирования могут быть систематизированы по таким основным классификационным признакам, как содержание планов, уровень управления, методы обоснования, время действия, сфера применения, стадии разработки, степень точности и др.

1. По содержанию планов следует выделять, кроме рассмотренного технико-экономического и оперативно-производственного, такие виды внутрихозяйственного планирования, как организационно-технологическое, социально-сбытовое, финансово-инвестиционное, бизнес-планирование и др. Каждый из них предусматривает выбор своей системы плановых показателей, характеризующих виды конкретной деятельности, сроки выполнения работ, конечные или промежуточные результаты и т.д.

2. По уровню управления в зависимости от числа линейных звеньев на предприятиях принято различать такие виды внутрихозяйственного планирования, как фирменное, корпоративное, заводское или иные системы планов, относящиеся к высшему управленческому звену или в целом ко всей хозяйственной организации. На среднем уровне управления применяется, как правило, цеховая система планирования, на нижнем – производственная, которая может охватывать отдельные объекты планирования (участок, бригада, рабочее место и т.д.).

3. По методам обоснования в современном производстве находят применение следующие системы внутрифирменного планирования: рыночное, индикативное и административное, или централизованное. На предприятиях с государственной, федеральной, муниципальной и другими формами общественной собственности преобладает централизованная, или административная, система планирования. В хозяйственных товариществах и акционерных обществах и на других предприятиях с частной формой собственности применяются виды рыночного или индикативного планирования. Важнейшими экономическими регуляторами или ориентирами в этих видах планирования служат соответственно механизмы свободных рыночных отношений, система взаимосвязанных индикаторов или показателей, централизованные или директивные решения вышестоящих органов управления. Рыночное самопланирование основано на взаимодействии спроса, предложения и цен на производимые товары и услуги. Если величина спроса на данный товар превышает предложение, то соответствующим образом увеличивается и цена товара и, следовательно, планируется расширение его производства. А при снижении цен и объема продажи товара его выпуск также снижается. Индикативное планирование – это по существу государственное регулирование цен и тарифов, действующих видов и ставок налогов, банковских процентных ставок за кредит, минимального уровня

заработной платы и других макроэкономических показателей. Централизованное, или директивное, планирование предусматривает установление вышестоящим органом управления подчиненному предприятию плановых показателей натуральных объемов производства продукции, номенклатуры выпуска и сроков поставки товаров, а также многих иных экономических нормативов. Эти три системы внутрифирменного планирования не противоречат одна другой, и могут применяться одновременно в той мере, в какой требуется расширение или сужение зоны использования того либо иного вида планирования.

4. По времени действия внутрифирменное планирование бывает: краткосрочным, или текущим; среднесрочным, или годовым; долгосрочным, или перспективным. Долгосрочное планирование обычно осуществляется на период от 3 до 10 лет, среднесрочное – в пределах от 1 до 3 лет, а краткосрочное – в течение одного планового года, квартала, месяца, декады или недели.

5. По сфере применения внутрихозяйственное планирование подразделяется на межцеховые, внутрицеховое, бригадное и индивидуальное, их объектом соответствующая производственная система или подразделение предприятия.

6. По стадиям разработки внутрипроизводственное планирование бывает предварительное и окончательное. На первом этапе обычно разрабатываются проекты планов, которые после их утверждения на втором этапе получают затем силу законов.

7. По степени точности планирование может быть укрупненным и уточненным. Точность планов в основном зависит от применяемых методов, нормативных материалов и сроков планирования, а также, главным образом, от уровня профессиональной подготовки и производственного опыта экономистов-менеджеров или плановиков-исполнителей.

8. По типам целей, учитываемым в планировании, оно может быть определено как оперативное, тактическое, стратегическое или нормативное. В процессе планирования преследуются три основных типа целей: *задачи*, которые необходимо достичь в пределах планируемого периода; *цели*, или вехи к которым предполагается приблизиться в рамках планируемого периода или которые могут быть достигнуты позднее; *идеалы*, которые не считаются достижимыми, но к которым предусматривается приближение в планируемом периоде или за его пределами.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.7 нот менеджмента. М.: ЗАО «Журнал Эксперт». 2001.
2. Артамонов Б. В. Стратегический менеджмент. - М.: 1997.
3. Астринский Д., Наонян В. Экономический анализ финансового положения предприятия // Экономист. - 2000. № 12.
4. Басовский Л. Е. Теория экономического анализа. М.: ИНФРА-М. - 2001.
5. Бочаров В. В. Финансовое моделирование. С. -П. - 2000.
6. Буров В. Н. и др. Стратегическое управление фирмами. Моделирование. Практикум. Деловые игры. - М.: 1997. • С
7. Ефимова О. Е. Как анализировать финансовое положение предприятия. - М.: Бизнес школа. - 1994.
8. Жилкина А. Н. Финансовый анализ, М. «ГУУ». 2000.

РЕЗЮМЕ

В статье затрагиваются основные моменты для выхода предприятия на международный рынок.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада кәсіпорындардың әлемдік қаржы саласына шығуының басты мәселелері қозғалады.